

КІТАП ПАТШАЛЫҒЫ

ғылыми-танымдық, әдістемелік журнал №1, 2010



Қазіргі заманғы білімнің негізгі көзі кітап болып табылады. Ол адамның рухани дамуына, өзінің өміріне қажетті білімді игеруіне көмектеседі. Кітап патшалығы дегеніміз кітаптың қоғамдағы орнын, оның адам өміріне қалай әсер ететінін білуді білдіреді. Кітап патшалығын құру үшін қоғамдағы кітаптың орнын нығайту, оның таралуын қамтамасыз ету қажет. Бұл үшін мемлекеттің қолдауы, қоғамның қызығушылығы және кітапханалардың дамуы маңызды рөл атқарады. Кітап патшалығын құру үшін кітаптың сапасын арттыру, оның таралуын қамтамасыз ету қажет. Бұл үшін мемлекеттің қолдауы, қоғамның қызығушылығы және кітапханалардың дамуы маңызды рөл атқарады. Кітап патшалығын құру үшін кітаптың сапасын арттыру, оның таралуын қамтамасыз ету қажет. Бұл үшін мемлекеттің қолдауы, қоғамның қызығушылығы және кітапханалардың дамуы маңызды рөл атқарады.

Ғош келдің, аз Наурыз!



Қымбатты оқырмандар!

Сіздердің назарларыңызға барыс жылында баспасөз базарына келіп қосылып жатқан «Кітап патшалығы» журналының тұңғыш нөмірі ұсынылып отыр.

2010 жылды жаңа журналымызбен бастадық.

Сыыр жылы сүйінші данасын дүниеге әкеліп, көпшілікке тараттық. Бұл жөнінде бірқатар баспасөз беттерінде мәліметтер берілді. Қазақтың қарашаңырақ басылымдары ақ батасын беріп, ғибратты сөздерімен ғұмырлы болуын тіледі. Жалпы ойы орман, көкірегінің көзі ояу оқырман қауым жылы қабыл алды деген үміттеміз.

Журналымыздың алғашқы нөмірінде қазіргі қазақ мәдениеті тарихының төріне жарқырай түскен жұлдызды сәттерді, көп қырлы кітапхана ісінің көркем келбетін, еліміздің рухани ажарын айқын бейнелейтін материалдар берілді. Соның бірі – ұлттық мәдениетіміздің мақтанышына айналған «Мәдени мұра» Ұлттық стратегиялық жобасы жайлы мақала.

Осы «Мәдени мұра» айдары арқылы арғы бабамыздың асқақ үніндей болып ұрпаққа жалғасқан, ұлан-ғайыр даламыздың әсем дауыс, сүмбіл сазын домбыра пернесінде сөйлеткен құдіретті күй шежіресі туралы сыр шертетін жаңа кітап – «Қазақтың дәстүрлі 1000 күйі» антологиясы жайлы мәліметтермен таныса аласыздар.

«Мәдени мұра», «Кітап&оқырман», «Терезе», «Бір кітаптың тарихы», «Ақыл адырнасы», «Ақтаңдақтар» секілді айдарлармен топтастырылған тақырыптар сан алуан саланы қамтиды. Мәселен, ісі Ислам әлеміндегі ең қасиетті илаһи кітап – Құран Кәрімнің тұңғыш түпнұсқасы туралы зерттеу мақала басқамен теңестіруге келмейді.

Жүректі мұздатқан сұрапыл жылдардың сызы көңіл көгінен қайғы бұлтын сөйілтпейді. Қазақ деген ұлтының азаттығы үшін ақтық демі біткенше ақ сөйлеп, кешегі келмеске кеткен кеңестік қызыл империяның қанды құрсауынан құтыла алмай қапыда қалған Алаш арыстарының елі үшін еңіреп өткені ешқашан естен кетпек емес. Олар жайлы жазылған мұрағаттық деректер негізіндегі естеліктер мен ғылыми мазмұнды мақалалар да діттеген мақсаттан тыс қалмады.

Сондай-ақ кітапхана саласында өткір тұрған кадр саясаты мәселесі, жарыққа шығып жатқан жаңа кітаптар жайлы ақпарат та аласыздар.

Қымбатты оқырман, осының бәрі өздеріңізге арналады!

«Кітап патшалығының» ақыл тағы Сіздерді де таңдамалы танымдық тақырыптар тізімінен күтеді!



Құрметпен, *Фалия БӨКЕЙҚЫЗЫ*

КІТАП ПАТШАЛЫҒЫ

ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ, ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА ТӨРАҒАСЫ
Рахымжан ОТАРБАЕВ

Әлібек АСҚАРОВ
Әкім ТАРАЗИ
Баалан МАЙЛЫБАЕВ
Бүркітбай АЯҒАН
Дархан ҚЫДЫРӘЛІ
Жанна ҚҰРМАНҒАЛИЕВА
Жанна ШАЙМҰХАНБЕТОВА
Иманғали ТАСМАҒАНБЕТОВ
Мая ЖИЕНБАЕВА
Мұрат ӘУЕЗОВ
Сауытбек АБДРАХМАНОВ
Сейіт КЕНЖЕАХМЕТОВ
Тұрсын ЖҰРТБАЙ
Ілияс ҚОЗЫБАЕВ
Хабиба АҚЖІГТОВА

БАС РЕДАКТОРЫ
Ғалия БӨКЕИҚЫЗЫ

БАС РЕДАКТОРДЫҢ ОРЫНБАСАРЫ
Бауыржан ҚАРАҒЫЗҰЛЫ

РЕДАКТОРЛАРЫ
Айсұлу СЕЙІЛОВА
Гүлжанат ЖҰБАНИЯЗОВА

БЕТТЕГЕН
БАСПА-РЕДАКЦИЯ ОРТАЛЫҒЫ

ДИЗАЙНЕР
Санель АМАНОВА


ФОТОТІЛШІЛЕР
Мәулет ШАХМАНОВ
Ұлан СЕРІК
Шүкір ШАХАЙ

Меншік иесі:
Қазақстан Республикасы Мәдениет және
ақпарат министрлігі Мәдениет комитетіне
қарасты «Астана қаласындағы Қазақстан
Республикасының Ұлттық академиялық
кітапханасы» мемлекеттік мекемесі

Журнал Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігінде
тіркеліп, 2009 жылғы 12 қарашадағы
№10493-Ж куәлігі берілген

Редакцияның мекен-жайы:
Астана қаласы, Достық көшесі, 11
тел./факс: 8 (717 2) 285266, 8 (717 2) 242632
e-mail: kp_2009@mail.ru

МАЗМҰНЫ



3 БЕТ
БАС РЕДАКТОР
БАҒАНЫ

6 БЕТ
КҮРЕТАМЫР
Мемлекет мәдениетімен
мәртебелі

8 БЕТ
МӘДЕНИ МҰРА
Бауыржан ҚАРАҒЫЗҰЛЫ
Мәдениет мәйегін
мәпелеген маңызды
отырыс


12 БЕТ
«Қазақтың дәстүрлі 1000 күйі»
жарық көрді

16 БЕТ
ҚАЗАҚСТАН және ЕҚЫҰ - 2010

18 БЕТ
МӘДЕНИЕТ АЙНАСЫ
Қазақстандағы
Германия жылы

20 БЕТ
ҚҰСЖОЛЫ
Айсұлу СЕЙІЛОВА
Кітапхана күзиретіндегі
көпшілік шаралардан
көрініс

22 БЕТ
КІТАП&ОҚЫРМАН
Айнұр БАЙҒАБЫЛОВА
Кітапханадағы кештер,
кездесулер



СОДЕРЖАНИЕ

26 БЕТ

ДОСТОЯНИЕ

Гулжанат ЖУБАНИЯЗОВА

Литература призвана защищать

30 БЕТ

ТЕРЕЗЕ

Ерсін НӘСІП

Қытай Ұлттық кітапханасы

32 БЕТ

СОТРУДНИЧЕСТВО

Тендик ЕРМЕКПАЕВА

Открыто «Окно в Корею»

34 БЕТ

Зухра БАЯНОВА

Несколько страниц о Литве

36 БЕТ

КІТАПХАНА ТАРИХЫ

Сара КЕНЖЕБАЕВА

Жәңгір хан негізін қалаған
кітапхана

40 БЕТ

БІР КІТАПТЫҢ ТАРИХЫ

Өмір ТҰЯҚБАЙ

Құран — Алланың мәңгі кітабы

44 БЕТ

ҚҰТТЫ ҚАЗЫНА

Шырынбек ҚОЙЛЫБАЕВ

М. Жолдасбековтың
жеке кітапханасы

50 БЕТ

ЖАҢА КІТАП

Заңғар КӨРІМХАН

Елдіктің ескерткіші

52 БЕТ

МОДЕРНИЗАЦИЯ

Жанна ШАЙМУХАНБЕТОВА



Статус определяет качество

60 БЕТ

БИБЛИОТЕЧНОЕ ДЕЛО

Светлана ЦВЕТКОВА

С дипломом — в библиотеку



63 БЕТ

МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН!

Айнагүл МЕКТЕПОВА

Мамандығымның
мақтанышына айналғым келеді

68 БЕТ

АҚЫЛ АДЫРНАСЫ

Қазтуған жырау

70 БЕТ

ПӘЛСАПА ТАМШЫЛАРЫ

Айгүл КЕМЕЛБАЕВА

Мадақ жырының мәртебесі

74 БЕТ

АЛАШ РУХЫ

Ербол ІРГЕБАЙ

Алаш мұрасының көзі

80 БЕТ

АҚТАҢДАҚТАР

Ахмет ТОҚТАБАЙ

Ішінде көп жұлдыздың
ШОЛПАНЫМЫЗ

84 БЕТ

ЗЕРДЕ

Данагүл МАХАТ

Ұлттың рухани әлеміне
жасалған шабуыл

90 БЕТ

ЯРКИЙ МИР КНИГИ

“Зримая поэзия” Евгения
Сидоркина

94 БЕТ

2010 жылы қазақстандық
көпшілік кітапханаларда
атқарылатын іс-шаралардың
жиынтық жоспары

98 БЕТ

«Мәдени мұра» бағдарламасы
бойынша 2009 жылы жарық
көрген кітаптар

МЕМЛЕКЕТ МӘДЕНИЕТІМЕН МӘРТЕБЕЛІ

Қаңтар айының аяғында Астанада ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің кеңейтілген отырысы өтті. Алқалы жиынға ҚР Премьер-министрі Кәрім Мәсімов, ҚР Парламенті депутаттары, мемлекеттік орталық ұйымдар мен осы ведомствоға қарасты мекеме жетекшілері қатысты. Басқосуда өткен жылғы мәдениет саласында атқарылған жұмыстардың нәтижелері және алдағы міндеттері қарастырылды.

ҚР Мәдениет және ақпарат министрі Мұхтар Құл-Мұхаммед өткен жыл еліміздегі мәдени-ақпараттық сала үшін нәтижелі болғанын әрі дүниежүзілік қаржы дағдарысына қарамастан, мәдениет және ақпарат салаларына мемлекет тарапынан барынша қолдау көрсетілгенін атап өтті.

Министр баяндаған негізгі нәтижелер:

1. Жыл басында қабылданған аса маңызды деген үш заң жобасы – «Саяси партиялар туралы», «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» және Құжаттамалық қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі Заңдарға өзгертулер мен толықтырулар енгізілді. Ал «Мәдениет туралы» Заңға өзгертулер мен толықтырулар енгізіліп Парламентке ұсынылды.

Сонымен халық игілігінде – жоғары деңгейлі заң. Саланың нормативтік-құқықтық базасы жетілдіріліп келеді.

2. Министрліктегі басым бағыттардың бірі – «Мәдени мұра» Ұлттық стратегиялық жобасы. 2009 жылы жобаны іске асырудың екінші кезеңі басталды. Ұлттық киноөндірісті дамыту бойынша «Қазақфильм» киностудиясын жаңғырту жұмыстары жүзеге асырылуда, 11 картинаның, 1 телехикаяның, 5 анимациялық фильмнің өндірісі аяқталды. «Алтын жауынгер», «Қара майор», «Махаббат тәлкегі» атты отандық және әлемдік киноның жаңа жобалары өндіріске енгізілді.

Озық технологияның арқасында қазақ киноиндустриясы жаңартылуда.

3. Өткен жылы мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыруға министрлік ерекше көңіл бөлді. Біріншіден,



мемлекеттік тілді оқыту орталықтарының жоспарлы өсуі қамтамасыз етілді. 2008 жылғымен салыстырғанда 2009 жылы олардың саны 2 есе көбейіп, 93-ке жетті. Мемлекеттік тілді оқытудың бірыңғай әдістемесі жасалды. Бар әдістемелік базаға қосымша 2009 жылы 260 мың дана таралыммен 8 түрлі сөздік және қоғамдық қатынастың түрлі салалары бойынша 10 орысша-қазақша тілашар шығарылды. Сонымен қатар 19 атаулы электронды аудио-бейне оқулық, грамматикалық анықтамалықтар, оқыту сөздігі кіретін «ҚР Мемлекеттік қызметшісінің тілдік портфелі» көп таралыммен шығарылды. Екіншіден, мемлекеттік органдарда

мемлекеттік тілде іс жүргізуді кезең-кезеңмен көшіру жүзеге асырылды. 2009 жылы мемлекеттік органдарда мемлекеттік тілдегі құжат айналымы 60,5-ға жетті. Үшіншіден, толеранттық тілдік ортаның қалыптасу шеңберінде ұлттық-мәдени орталықтардағы 200-ге жуық жексенбілік мектепте 7 мыңнан астам бала мен ересек Қазақстанда тұратын 30 этностың ана тілін үйренеді.



4. Ақпараттық саланың стратегиялық міндеттері қатарында қазақстандық БАҚ-ның бәсекеге қабілеттілігін арттыру, контенттің сапасын жақсарту және технологиялық құрамын дамыту бар. Бүгінде республикада 2946 бұқаралық ақпарат құралы жұмыс істейді. Олардың 80 %-ы – жеке меншік БАҚ. 2009 жылы мемлекеттік ақпараттық тапсырыс 135 БАҚ-та орналастырылды. Мемлекеттік тапсырыс аясында эфирде 77 868 сағаттық хабар таратылып, ел тұрғындарының 98%-ы ақпаратпен қамтамасыз еткен. Мемлекеттік тапсырысты орындайтын мерзімді басылымдарда жарияланған мақалалар газеттерде – А2 форматындағы 11 306 жолды, журналдарда – 1358 есептік-баспа бетті, ақпараттық агенттіктерде – 1313 жолды құрады. Өткен жылы алғаш рет БАҚ мемлекеттік ақпараттық тапсырысты танымалдық, қамту және таралым рейтингі негізінде алды. Мемлекеттік саясаттың ақпараттық қолдауы 182 тақырыптық бағыт бойынша

жүзеге асты. 2009 жылы мемлекеттік телеарналар эфиріндегі өзіндік контенттің үлесінің өсуі байқалды, яғни бағдарламалар мен хабарлардың 75%-дан астамы – меншікті өнім.

Баспа қызметі саласында министр 474 атаулы кітап әзірленіп, 1 113 500 дана таралыммен шығарылғанын атап өтті. «Қазақтың 100 романы», «Ежелгі дәуірден осы күнге дейінгі қазақ әдебиетінің» 100 томдығы, «Мемлекет және тарих», «Табиғат», «Балаларға арналған қиял-ғажайып» тәрізді жаңа жобалар бар. Сондай-ақ «Балалар әдебиеті», «Қазақ ертегілері», «Батырлар жыры» секілді бірқатар кітаптардың электронды нұсқасы жарық көрді.

5. Мемлекет пен азаматтық сектор арасындағы қарым-қатынас шеңберінде 2009 жылы министрліктің қолдауымен 206 үкіметтік емес ұйым қоғамдық-саяси және әлеуметтік өмірдің түрлі бағыттары бойынша 226 жобаны жүзеге асырды. Сондай-ақ Елбасының тапсырмасымен өткен жылы барлық республикалық этно-мәдени бірлестіктермен шығармашылық одақтарға қаржылай қолдау

көрсетілді. Қоғамдық-саяси саладағы жұмыстың өткен жылғы маңызды іс-шараларының арасында министр Азаматтық форум, АӨСШК елдерінің этномәдени бірлестіктерінің форумы, Ассамблеяның XV сессиясы және «Менің Қазақстаным!» атты республикалық патриоттар форумын атап өтті.

Жалпы министрлік жұмысы Мәдениет және ақпарат министрлігінің 2010-2014 жылдарға арналған Стратегиялық жоспарының нысаналы нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталады.

Мәдениет – мемлекеттің тірегі. Мәдениет бар болғанда ғана мемлекет бар. Сондықтан қазақ қоғамы мультимәдениеттің моделін қабыл алмауы қажет. Ұлттық мәдениетіміз интермәдениеттен басым тұруы үшін жан-жақтан қолдау табуға тиіс.

МӘДЕНИЕТ МӘЙЕГІН МӘПЕЛЕГЕН МАҢЫЗДЫ ОТЫРЫС



2009-2011 жылдарға арналған «Мәдени мұра» Ұлттық стратегиялық жобасын жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 2009 жылғы атқарылған жұмыс қорытындылары мен ұлттық тарихи-мәдени мұраны насихаттау барысы туралы Мәдениет және ақпарат министрі Мұхтар Құл-Мұхаммед, бағдарлама аясында жүргізілген ғылыми зерттеулердің нәтижелері негізінде жүйеленген ғылымды жоғары және орта мектеп оқулықтары мен оқу бағдарламаларына енгізу мәселелері жөнінде Білім және ғылым министрі Жансейіт Түймебаев баяндама жасады.

Кеңес отырысына төрағалық еткен ҚР Президенті Әкімшілігі басшысының орынбасары Мәулен Әшімбаев: «Мәдени мұра» бағдарламасы шеңберінде жинақталған кітаптардың электронды нұсқасын интернет арқылы тарату жұмысын жолға қоюды жеделдету қажет. Бағдарлама аясында шығарылып жатқан кітаптардың сапасына баса назар аудару керек. Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығы жақындап келе жатыр. Сондықтан осы айтулы мерекеге дейін атқарылып жатқан жұмыстардың барлығын қорытындылап, үлкен сыйлық жасауымыз қажет. Көрмелер, кітаптар тартуды ұйымдастыру туралы ойлану керек.

ҚР Президенті Әкімшілігі басшысының орынбасары Мәулен Әшімбаев, ҚР Мәдениет және ақпарат министрі Мұхтар Құл-Мұхаммед пен ҚР Білім және ғылым министрі Жансейіт Түймебаевтың қатысуымен «Мәдени мұра» Ұлттық стратегиялық жобасының 2009-2011 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын жүзеге асыру жөніндегі Қоғамдық кеңестің кезекті отырысы өтті. Мәдениет мәйегін мәпелеген маңызды отырыста «Мәдени мұра» бағдарламасының 2009 жылғы қорытындысы және биылғы жылға арналған негізгі міндеттері, ұлттық тарихи мұраны насихаттау барысы, бағдарлама аясында жинақталған жәдігерлерді оқулықтар мен оқу бағдарламасына енгізу мәселелері қарастырылды. Отырыс аясында шараға арнайы әзірленген көрме қойылымдары тамашаланды. Көрмеге 2009 жылы жасалған жұмыстардың нәтижелері бойынша археологиялық экспонаттар, мұрағат құжаттары, кітаптар, сондай-ақ еліміздегі және шетелдердегі тарихи ескерткіштерге жасалған қайта жаңғырту жұмыстары ұсынылды.

Бұл тақырып – үлкен әңгіме. Осы мәселе бойынша алдағы уақытта жиналыс өткізетін боламыз», – деді.

Кеңес барысында кітап шығару ісіндегі проблемалар да көтерілді. Министрліктің тапсырысы бойынша баспа-лар тендерге қатысып, жеңіп алғаннан кейін шетелдегі көзі тірі авторлардың орыс тілінде шыққан туындыларының нұсқасын қазақшаға аударып, басып шығарып жатқан көрінеді. Осыған байланысты шетелдік авторлардан министрлікке шағым келіп түскен. Олар авторлық құқықтарының сақталмағандығына, қаламақысы төленбегендігіне наразылық білдірген. Осындай оқиқықтардың орнын толтыру үшін министр М. Құл-Мұхаммед: «Шетелдік авторлар мұндайға селқос қарай алмайды. Баспагерлер қаламақы төлеуді, автормен байланыс дегенді ұмытқан. Біз — Берн конвенциясына мүшеміз. Сондықтан халықаралық авторлық құқықты сақтауымыз керек. Егер автордың көзі тірі болса, одан рұқсат алу керек. Ал егер автор дүниеден озған болса, 50 жылға дейін оның авторлық құқығы ұрпақтарының біріне беріледі. Сондықтан биылдан бастап аударылатын кітаптарды қатты қадағалау қажет. Бұл жұмысты мәдениет, ақпарат комитеттерінің басшыларына тапсырамын», – деді.

Аталаған іс-шаралар жоспарына сәйкес 2009 жылға республикалық



бюджеттен барлығына 2079,415 млн. теңге бөлініп, толық игерілген. Оның ішінде:

1. Ұлттық рәміздерді қалыптастыруға 66,00 млн. теңге жұмсалған. Ұлттық рәміздерді қалыптастыру жұмыстарына Берел обасы (археологиялық алтын бұйымдарды қалпына келтіру және консервациялау), Көне Сауран ескерткіштерін қалпына келтіру және консервациялауға жоспар құрылып, өлшем жұмыстары мен медресе еденінің, қабырғаларының сақталған жерлері ортағасырлық Шахристан (Ескі, Түркістан-Дарбаза-қақпа, Мусәллә-қақпа, Жеті Ата-қақпа, Ишан-қақпа). Қақпа қабырғалары өлшеніп, олардың орнына археологиялық зерттеу жұмыстары жүргізілді. Қақпалардың іргетастары мен қабырғаларын көтеру бойынша жұмыстар орындалған.

2. Мәдени туризмді дамытуға 89,615 млн. теңге жұмсалған. Бұл саланың міндеті қорық-мұражайларды қалпына келтіру



жолдарын айқындайтын бас жоспар әзірлеу болатын. Аталған бас жоспарды әзірлеудің мақсаты – Ұлы Жібек Жолы бойындағы ескерткіштерді жаңа жүйемен қорғау, сақтау және дамыту. Бүгінгі таңда жобаға қатысатын мекемелерден, мұражайлардан қажетті құжаттар жинақталып, жиналған материалдар сұрыпталып, объектілердің жағдайын зерттеу жұмыстары атқарылған.

3. Ұлттық тарихи мұраны халықаралық деңгейде насихаттауға 957,5 млн. теңге қарастырылған-ды. Ұлттық мәдениеттің айрықша маңызды тарихи орындары мен мұралары туралы деректі фильмдер жасау жобасы бойынша Ш. Айманов атындағы «Қазақфильмде» ұлттық тарихта айрықша мәні бар тарихи мекендер мен мұралар жайлы «Мәдени мұра» циклмен шығатын деректі фильмдер түсірілуде. Сондай-ақ «Көшпенділердің музыкалық мұрасы». Қазіргі таңда фильм режиссерлік өңдеу сатысында. Аяқталу мерзімі 2010 жылдың қараша айына жоспарланған.

Ал «Каир қаласындағы Бейбарыс Сұлтаннның мешітін қалпына келтіру», «Дамаск қаласындағы әл-Фараби тарихи-мәдени орталығы мен кесенесін салу» жобасы жұмыс кестесіне сәйкес іске асырылуда. «Дамаск қаласындағы Бейбарыс Сұлтан кесенесін қалпына келтіру» жобасы бойынша Кесене ішіндегі негізгі қайта жаңғырту жұмыстары жалғасуда. «Монғолия аумағынан табылған көне түркі руникалық жазбалары бар тастардың көшірмелерін қалпына келтіру» жобасы бойынша 2009 жылы Монғолия аумағынан табылған көне түркі руникалық жазбалары бар Түй-ұқық және Теркін тастарының көшірмелері қалпына келтіріліп, елімізге жеткізілді. «Құрманғазы атындағы республикалық дәстүрлі орындаушылар конкурсы» және «Әміре Қашаубаев атындағы республикалық дәстүрлі орындаушылар конкурсы» өтті.

4. Тарихи-мәдени мұраны кешенді зерделеу, жаңа ғылыми жобаларды әзірлеу болатын. Оған 77,5 млн. теңге бөлінген. «Ақмола, Ақтөбе және Павлодар облыстарының тарих және мәдениет ескерткіштерінің жинағын баспаға дайындау» жобасы бойынша жұмыстар бір жүйеге келтіріліп баспаға дайындалуда. Ал «ЮНЕСКО-ның алдын ала тізіміне енгізілген мәдени және аралас мұра объектілері аумақтарының шекарасы мен күзету аймақтарын айқындау» жобасын әзірлеу ісі жұмыс кестесіне сәйкес жүзеге асырылып, объектілермен және олардың құжаттарымен алдын ала танысып, зерттеу аумағы анықталған. Сонымен бірге, объектілерді ЮНЕСКО-ның алдын ала тізіміне енгізу бойынша ЮНЕСКО мен ICOMOS талаптарына сай жұмыстар жүргізілген. «ЮНЕСКО-ның алдын ала тізімінде тұрған Бүкіләлемдік мұра өлеуетті жобаларының дерекқорын құру» жобасын әзірлеу ісі бойынша объектілердің құжаттарымен, ЮНЕСКО мен ICOMOS-тың материалдарымен танысу жұмыстары іске асырылуда. «Археологиялық ортағасырлық Сауран және ескі Түркістан қалашықтарын сақтау және басқару жөнінде менеджмент-жоспар әзірлеу» бойынша

дайындық, ғылыми-ізденіс жұмыстары жүргізілді. ЮНЕСКО мен ICOMOS және халықаралық менеджмент жоспармен танысу, 2006-2008 жылдары Алматыда, Самарқанда (Өзбекстан), Душанбеде (Тәжікстан), Бішкекте (Қырғызстан), Сианда (Қытай), Улан-Баторда (Монғолия) ЮНЕСКО-ның дүниежүзілік мұрағат бойынша дайындалған алдын ала жасалатын тізімдер бойынша өткен семинарлардың құжаттарын жинақтау және сұрыптау (ағылшын және орыс тілдерінде) жұмыстары жасалды. Далалық жұмыстар барысында Сауран кешеніндегі ескерткіштер зерттелді. «Ұлттық мұраларды ірі ғылыми орталықтармен бірлесіп отырып кешенді зерттеу» жобасы аясында 2009 жылғы 28-29 сәуірде Алматы қаласында «Өркениеттер диалогындағы Түркі өлемінің рөлі» атты халықаралық ғылыми симпозиум өтті. Монғолия аумағынан жаңадан табылған көне түркі заманының зираттарына экспедиция ұйымдастыру жобасын жүзеге асыру мақсатында экспедицияға материалдық-техникалық дайындық жұмыстары жүргізілді. Жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижесінде жиналған материалдардың негізінде «Қазақ-монғол тарихи-мәдени экспедициясының еңбектері» атты жинақ әзірленді.

5. Қолданбалы ғылыми зерттеулерге 88,9 млн. теңге бөлінген. «Қазақ домбырасы: тарихы, музыкалық құрылысы, акустикалық ерекшелігі тақырыбында қолданбалы ғылыми зерттеу» бойынша қазақ домбырасының музыкалық акустикалық ерекшеліктеріне байланысты зерттеулер жүргізілді. Сондай-ақ «Алтай аймағында тұратын қазақтардың халықтық өнерін кешенді зерттеу (Қытай, Ресей, Монғолиядағы шетелдік диаспоралар)» жобасына қатысты жұмыстар Баян-Өлгий аймағында және Өлгей қаласында жалғасын тапты. 2007 жылы басталған Баян-Өлгий аймағының тарихи-өлкетану мұражайындағы жұмыстар жалғастырылды (фотофиксация, сызба, ғылыми сипаттау). Халықтық қолөнерге байланысты мағлұмат жинау мен зерттеу қазақ халқы арасында жүзеге асырылды. 2009 жылы

Қаржаубай САРТҚОЖАҰЛЫ,
филология ғылымдарының докторы,
Халықаралық Шыңғыс хан академиясының
академигі, түркітанушы ғалым

«Мәдени мұра» бағдарламасы аясында көптеген игі істер жасалып жатыр. Айта берсек, мақтайтын дүние өте көп. «Жаман айтпай жақсы жоқ» дегендей, кейбір кемшін тұстарды айта кетуді жөн көріп отырмын. Осы бағдарлама аясында көптеген кітаптар шығып жатыр. Ол республиканың түкпір-түкпіріне жетіп жатыр ма?! Ауылға жетіп жатыр ма?! Әлде, 200-500 дана шығарылып министрліктің айналасында ғана қалып қойған жоқ па?! Осы мәселені тиісті мекемелер қатты қадағалау керек деп ойлаймын. Бұл – бір. Екіншіден, археологиялық жұмыстардың нәтижесі қалай?! Жақында қырық жыл

бойы қазылған Отырарға бардым. Кеңес дәуірінде қырық жыл қазылып, Қазақ елі тәуелсіздік алғаннан кейін 18 жылда жүргізген қазба жұмыстарына, шын айтайын, қарным ашты. Қарап отырсаң, бөлінген қаржы ұшан-теңіз. Нәтиже жоқтың қасы. Қаржы қайда кеткен?! Осыған таң қалдым. Тағы да басқа көптеген қазба жұмыстары жүріп жатыр. Жүргізіліп жатқан жұмыстарға көңілім толмайды. Оған қаншама қаржы бөлінді? Жұмыс барысы қалай? Міне, осыған да бақылау жоқ! Тиісті мекемелер, министрліктер мұны қадағалау керек қой! Қаз-ба жұмысын жүргізіп жатқандар ұсақ-түйек

дүниелерді ғана көрсетеді. Мысалы, қазақ жүген, т.б.. Мұндай дүниелерді кез келген қорымды қазсаң тауып аласың. Жарайды, бірақ тапқан заттардың ғылыми сипаттамасын, оның қай дәуірге жататындығын, біздің мәдениетімізге қосқан үлесін, дәлелдеп айтып берген бірде бір дүние жоқ. Қазіргі археологтар тапқан дүниесінің суретін түсіріп, оны кітап қылып шығарумен шұғылданып жүр. Оның ғылыми сипаттамасы болмаса, жай ғана суретті альбом емес пе? Жасыратын ештеңесі жоқ, археологтар жарнама жасаумен ғана айналысып қалды. Оның соңы неге соғатыны белгілі.

«Археологтар жарнама жасаумен ғана айналысып қалды»

осы жоба аясында Ақтөбе облыстық тарихи-мәдени мұра қорларын, Әйтеке би ауданындағы "Хан моласы" атты қорымда Әбілхайыр хан жерленген орынды анықтау мақсатында кешенді этно-археологиялық ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілді. «Көшпенділердің тарихын, археологиясын, этнографиясын, мәдениеті мен өнерін зерделеу жөнінде ғылыми зерттеулер жүргізу» жобасы бойынша 2009 жылы республикамыздың алты облысында кешенді археологиялық-геоморфологиялық және тарихи-этнографиялық зерттеулер жүргізілді. «С.М. Дудин – фотосуретші, суретші, этнограф. Гамбург мұражайы мен ресейлік этнографиялық мұражайларға жасалған Орта Азиялық экспедицияның фотоматериалдары» жобасын жүзеге асыру барысында ҚР Мемлекеттік Орталық музейі мен Ұлы Петр атындағы антропология және этнография музейі (Кунсткамера) жетекшілерінің өзара келісіміне қол жеткізді. Келіссөздер нәтижесінде қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде орындалатын «Заттай және фотосуретті музейлік жинақтар – қазақ дәстүрлі мәдениетінің дереккөздері» деп аталатын көлемді ғылыми жобаны жүзеге асыру үшін екі жақты келісімшартқа қол қойылды. Жүйелі түрде іске асып жатқан осындай жобалар ел мәдениетіне қомақты үлес болып жатыр. Сондай-ақ «Орталық Мемлекеттік музей жинағындағы мемориалдық кешендер, кино және фотоқұжаттар тарихи дереккөздер ретінде зерттеу» жобасы, «Қазақтардың декоративті-қолданбалы өнерін сақтау және одан әрі дамыту проблемалары» жобасы, «ХІХ-ХХ ғасырдың басындағы қазақтардың рухани мәдениеті жөніндегі мұражай дереккөздері: кітап ісі, дін, білім беру» жобасы, «Оңтүстік Қазақстандағы археологиялық және жазба ескерткіштер (б.з.д.ІІ-б.з.ІVғ.ғ.)» жобасы, «ҚР Орталық мемлекеттік мұражайының қорындағы жазба ескерткіштер (қазақ қолжазбалары, сфрагистика, геральдика және эпиграфика)» жобасы (осы жоба бойынша Дәркембай Шоқпарұлының «Қазақтың рухани-материалдық мәдениеті туралы этнографиялық

этнодтер» атты кітабы әзірленді), «Қазақтың дәстүрлі музыкалық мұрасы» жобасы, «Былғары, күдері, киіз, жүн материалдары мен ежелгі көшпелілердің (сақтардың, скифтердің, ғұндардың, түріктердің) киімдерін қайта қалпына келтіру» жобасы, «Қазақ халқының паремиологиялық қоры – дәстүрлі этномәдени санаттар мен ұғымдардың ерекше жүйесі: мақал-мәтелдер, нақыл сөздер» сияқты жобалар белгіленген жоспар бойынша іске асты.

6. Археологиялық зерттеулер жүргізуге 119,7 млн. теңге қарастырылған. Осы сала бойынша 2009 жылы 49 қорғанды, мазарлар мен қалашықтарды алдыңғы жылдарда басталған Ақмола облысындағы Бозоқ, Алматы облысындағы Есік, Қойлық, Талғар, Атыраудағы Сарайшық, Оңтүстік Қазақстандағы Жуантөбе, Қараспан төбе, Шымкент, Сауран, Сидак, Отырар, Шығыс Қазақстандағы Берел, Шілікті, Жамбыл облысындағы Ақыртас, Батыс Қазақстандағы Қырық оба, Қарағанды облысындағы Тоқтауыл, Айбаскент, Талдысай, т.б. қоныстар мен қалашықтардағы ғылыми зерттеулер жалғасын тапты.

7. Тарих пен мәдениет ескерткіштерін қалпына келтіруге 443,4 млн. теңге бөлінген болатын. Бағдарламаның іс-шаралар жоспарына сәйкес Ақыртас, Бөкей ордасындағы хан сарайы, Айғанымның үй-жайы, (ХІХ ғ.), Қожа Ахмет Иассауи кесенесі, (ХІV ғ.), Шаян ауылындағы мешіт-медресе, Көне Сауран ескерткіштері, (ХІІІ-ХVІІІ ғ.ғ., ХІІ-ХVІІ ғ.ғ.), Қожа Назар мешіті (ХІХ ғ.), Сығанақ қалашығының орталық мешіт-медресесі, (ХІІІ-ХVІІ ғ.ғ.), Қарағұл кесенесі, Талғар (Талхиз) қалашығының тарихи және археологиялық объектілерінің кешенінде және т. б. көптеген объектілерде қалпына келтіру жұмыстары жалғасуда.

8. Қазақстанның тарих, археология, этнография және мәдениет мәселелері бойынша басылымдар сериясын шығаруды жалғастыруға 236,8 млн. теңге бөлінді. Бұл салаға ерекше көңіл бөлінген. Жалпы көлемі – 1 мың 605 баспа табақ, таралымы – 168 мың дана. 9 аталым бойынша 450 баспа табақ өңделіп, аударылған.

Бауыржан ЖАҚЫП, филология ғылымдарының докторы, профессор, «Қазақ энциклопедиясы» баспасының бас директоры

«Қазақстан ұлттық энциклопедиясының» 10 томдығы жарық көрді»

«Мәдени мұра» бағдарламасы аясында көптеген істер атқарылып жатыр. Тарихи-мәдени дәстүрлерді қайта жаңғырту мен дамыту, еліміздің мәдени мұрасын насихаттау, қолдану, сақтау, соның ішінде осы заманғы ұлттық мәдениет, фольклор, салт-дәстүрлер, жазба және ұлттық әдебиеттің ғасырлар бойғы тәжірибесін жинақтау, ғылыми және көркем сериялар құру, ғылыми-зерттеулерді дамыту мен нығайту жолында біраз дүниелер қолға алынды. Мен езім «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша қоғамдық кеңестің «Энциклопедиялық және

анықтамалық әдебиет» секциясының жетекшісі болғандықтан, атқарған шаруаларға тоқталып кетуді жөн көріп отырмын. Біз «Қазақстан ұлттық энциклопедиясының» 10 томдығын жарыққа шығардық. Оның орыс тілінде 5 томдығы өз оқырмандарына жол тартса, ағылшын тілінде 1 томдық анықтамалық энциклопедия оқырмандар назарына ұсынылды. Бұдан басқа да көптеген маңызды жобалар іске асты. Мысалы, «Аруна» баспасынан қазақ әдебиеті мен мәдениеті туралы орыс тілді оқырмандарға арналған энциклопедиялық

анықтамалардың тұсауы кесілді. Біздің баспаның биылғы жоспарында «Қазақстан ғылымы» энциклопедиясын шығару жолға қойылған болатын. Соның алғашқы томы жарыққа шығып отыр. Энциклопедияда Қазақстандағы аса көрнекті ғалымдар, ғылыми орталықтар, қазіргі қазақстандық ғылым, археологиялық қорымдар секілді деректер берілген. Ал екінші томы осы жылы жарық көреді. Сонымен қатар «Ислам» энциклопедиясын шығару қолға алынып жатыр. Оны 3 том етіп шығарсақ деген ойымыз бар.

“ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ 1000 КҮЙІ” ЖАРЫҚ КӨРДІ



Кітаптың тұсаукесері ҚР Президенттік Мәдениет орталығында өтті. «Қазақстан халқының рухани даму қоры» акционерлік қоғамы және «Ел» продюсерлік орталығының ұйымдастыруымен екі мың дана таралыммен жарық көрген антология екі кітаптан тұрады. Бірінші кітапқа күйшілердің өмірбаяны,




Күй – Қазақтың жан әлеміндегі ең іңкәр күбір. Сүйінші! Ұлы даланың төсінде Періштедей қалықтаған мыңжылдық мұра қайта жаңғырды. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың тікелей тапсырмасымен, Мәдениет және ақпарат министрлігінің ұйытқы болуымен «Қазақтың музыкалық антологиясы «Мәңгілік сарын: қазақтың 1000 күйі мен 1000 әні» жобасының аясында «Қазақтың дәстүрлі 1000 күйі» атты жаңа антология жарыққа шықты.

туындылардың шығу тарихы туралы мағлұматтар қазақ, орыс және ағылшын тілінде берілсе, келесі кітапшаның ішінде күй жазылған 41 диск орналасқан. Олар Шығыс Қазақстан, Жетісу, Арқа, Қаратау, Сыр өңірі, Батыс Қазақстан, Маңғыстау күйшілік дәстүрі, қазіргі заман күйлері, сыбызғы, қобыз күйлері деген тақырыптарға бөлініп берілген. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында бабаларымыздың байырғы құндылығын халыққа таныту мақсатында



жарық көрген жинаққа Ұлттық ғылым академиясы, Мұхтар Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Қазақстан Республикасы мемлекеттік мұражайы, Құрманғазы атындағы Ұлттық консерваториясы дәстүрлі музыка кафедрасы фонотекаларындағы, Қазақ радиосы «Алтын қорының» дыбыс жазбаларынан табылған жауһарлар енді.

«Бүгін шын мәніндегі қазақ мәдениетінің тарихындағы ең айтулы күн деп айтсам, бұған ешкім қарсы бола қоймас деп ойлаймын. Өйткені, Елбасының тапсырмасы бойынша мемлекеттік “Мәдени мұра” бағдарламасы шеңберінде, ел Президенті Нұрсұлтан



Әбішұлының алғысөзімен халқымыздың мыңжылдық мәдени мұрасы — домбыраға, қобызға, сыбызғыға арналған 1000 үздік күйдің антологиясы шығып отыр.

Елден елдің несі артық десек, біздің сақ дәуірінде өмір сүрген бабаларымызға қазіргі Орталық Азиядағы, оның ар жақ, бер жағындағы жүзге жуық ұлт иелік етеді екен. Біздің бабаларымыз да содан тараған. Ал оның бер жағындағы ғұндар дәуіріне келетін болсақ, одан да елуден астам ұлт, мына жағында монғолдан Еуропадағы мажарларға дейінгі аралықтағы көшпелі халықтардың қай-қайсысы болсын біздің ата-бабаларымыз сол ғұндардан тараған деп айтуға толық қақысы бар. Ал мына көктүріктерге келсек, бұрнағы жылы Монғолияға барғанымызда, Күлтегіннің тасына басын қойып, көзінен жас парлаған түріктерді көріп, «япырмай, мыналардың қандай қатысы бар еді» деп іштей ойланып қалғанымыз рас. Байқасақ, олардың ата-бабалары да сол жерден Анадолыға кеткен, демек, түркі тектес, түркі тілдес отыз халық болатын болса, олар түгелдей түркі мәдениетіне мұрагерлік етеді деген сөз”, – деп түркі мәдениетінің ортақ тұстарына ой жүгірткен Мәдениет және ақпарат министрі Мұхтар Құл-Мұхаммед түркілерден, ғұндардан, жаңағы айтқан сақ дәуіріндегі өзге ағайындардан қазақтың айырмашылықтарын атап өтті. Әйтсе де қазақтың олардан өзгешелігі неде десек, ең алдымен, тілімізбен, содан кейін тілге үн бітірген музыкалық мәдениетімізбен ерекшеленетінімізді еске салған



министр антологияның тұсаукесерінде, – «Қазақтың 1000 күйі – мыңжылдық мұрамыз. Егер қобыздан жаралған күйлерді, Сырдың бойында сүйегі жатқан, IX ғасырда өмір сүрген Қорқыт бабамыздан бастайтын болсақ, я болмаса одан бергі XII ғасырдағы Кетбұғадан бастайтын болсақ, сол мың жыл деген тұтас бір дәуір осы антологияда түгел қамтылған болып шығады. Әрине, қазақтың күйлері туралы зерттеушілер түрлі пайымдар айтады. Біреулер екі мың, біреулер үш мың, ал енді тағы біреулері бес мыңға дейін күй бар дейді. Мұнымен толық келісуге болады. Өйткені осы заманғы композиторлардың күйлерін топтастыратын болсақ, бүгінде күйлеріміз бес мыңның үстіне шығып кетуі де әбден мүмкін. Мысалы, бір ғана “Қоңыр” деген күйді тартпаған, шығармаған қазақ композиторы жоқ десе де болғандай. Бір күйдің он шақты варианты қосарланып келетін жағдайлар кездеседі. Бірақ қазақтың мың күйіне дәстүрлі деген сөз әдейі қосылып отырғаны анық. Өйткені оркестрмен орындалатын күйлерді антологияға қоспай, автордың өзі шығарған әу бастағы үлгісі, автордың өзінің орындауында бүгінгі күнге шәкірттері арқылы жеткен домбырамен не болмаса қобызбен, сыбызғымен сүйемелденетін күйлер алынған. Ал оны симфониялық оркестрге, ұлт аспаптар оркестріне, я болмаса камералық оркестрге бейімдеу, тағы да оған дыбыс қосу, тоқсан тоғыз түрлі аспаптармен

құбылту – бұл басқа әңгіменің тақырыбы. Ал мына жобаға күйлердің өзгертілмеген байырғы үлгілері таңдалған. Әрине, қазақтың күйлері осы уақытқа дейін жүйеленіп, бір ізге түспеді, зерттелмеді демейміз. Бұл ретте қазақ музыка мәдениетіне Затаевичтің сіңірген еңбегі ұшан-теңіз екені сөзсіз. Шындығында Затаевичтің қазақтың бес жүз әні, мың әні деген жобалары өте ғажап жобалар. Мұндай ұлы есімнің алдында басымызды иеміз. Бірақ бүгінгі күні қазақтың өзінің жеткен, толысқан тұсында барлық жетістіктерін ел игілігіне айналдыру, қайта жаңғырту — бүгінгі буынның міндеті. Сол парыздардың бүгін орындалған күні», – деп толымды тұжырым жасады.

Құрманғазы, Тәттімбет, Түркеш сынды шынайы өнер иелерінің әрбір мұрасын қазақ халқының баға жетпес мұрасы деп бағалауымыз керектігін баса айтқан Мұхтар Құл-Мұхаммед бұл жобаның одан әрі де жалғасы болатындығын мәлім етті. «Келесі жылы мен осы күйлердің ішіндегі оркестрге арналғандарын іріктеп алып, оркестрдің орындауында 5 дискіменен 100 күйді шығармақ ойымда бар», – деді.

Антологияны жарыққа шығарған «Қазақстан халқының рухани даму қоры» АҚ-ның президенті Алмаз Нұразханның айтуынша, қазақ халқының дәстүрлі күйлерін шығару туралы тапсырма Мәдениет және ақпарат министрлігі тарапынан

түскеннен кейін, 2008 жылдан бастап қолға алынған. «Қазақтың Д. Нұрпейісова, Қ. Жантілеуов, Ж. Қаламбаев, Д. Мықтыбаев, Т. Момбеков, Г. Асқаров, У. Бекенов, Қ. Ахмедияров, Ә. Есқалиев, А. Үлкенбаева сынды дәулескер домбырашылардың орындауымен жарық көріп отырған антология жұмыстары барысында елімізбен қатар Ресей, Монғолия, Қытай елдеріне де іссапарларға шығып, қазақтың төл өнері – күйдің бірқатарын жинастырып қайттық. Жалпы келер ұрпақ үшін игілікті істер атқарып, халқымыздың жадына қаларлықтай өнегелі еңбек қалдырып отырмыз», – деді.

Қазақтың сұңғыла күйшілері Құрманғазы,



Дәулеткерей, Байжігіт, Тәттімбет, Қазанғап, Сүгір, Тоқа, Абыл сияқты қасиетті қара домбыраны құс тілінде сөйлеткен хас шеберлермен қатар қойнауында адамзаттың асыл мұрасы құндақталған көне заманның шерін толқытқан күй атасы Қорқыттан бастап, Ықыласқа дейінгі қылқобызға арналған күйлер мен Сармалай бастаған сыбызғы күйлерінің де сараланып осы жинаққа енгізілуі – антологияның құнын арттыра түсетіні хақ.



Дайындаған Бауыржан ҚАРАҒЫЗҰЛЫ
e-mail:87017098882@mail.ru

«ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ 1000 КҮЙІ» антологиясының құндылығы неде?!

Жинақта төкпе күй бойынша Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Сырдария, Арал өңірі, ал шертпе күй бойынша Шығыс Қазақстан, Арқа, Жетісу, Қаратау күйшілік мектептері толық қамтылған.

Жетісу күйшілік дәстүрі бойынша

«1000 күй» жинағына 84 күй енді.

Арқа күйшілік дәстүрі бойынша 81 күй,

Сыр өңірі күйшілік дәстүрі бойынша 96 күй еніп отыр.

Батыс Қазақстан күйшілік дәстүрі бойынша аталмыш жинаққа 277 күй кіргізілген.

Маңғыстау күйшілік дәстүрі бойынша 94 күй, Қаратау күйшілік дәстүрі бойынша 75 күй енген.

Шығыс Қазақстан күйшілік дәстүрі бойынша аталмыш жинаққа 128 күй енген.

Қазіргі заман күйлері бойынша 51 күй, Қобыз күйлері бойынша 44 күй енгізіліп отыр.

Қазақстан кешегі Кеңестер Одағы бойынша бірінші болып ЕҚЫҰ-на басшы болды. Бұл — бұрынғы он бес одақтас елдер беделінің өсе түсуіне де ықпал ететін зор мүмкіндік. Аталған ұйымды басқарушы ретінде халықаралық қақтығыстарды шешудің жаңа жолын тауып, еуразиялық кеңістікте «еуразиялық келбетке» ие болады деп пайымдайды сарапшылар. Бүгінде Қазақстан еуропалық және мұсылмандар қауымдастығының медиаторы ролін атқаруға да қабілетті. Мұнымен қоса өркениет, мәдениет және дінаралық диалогты дамытуға мүдделі. Осындай қоғамдық-саяси маңызы бар оқиғалардың қазақ мәдениетіне ықпалы қандай, ұлттық мәдениетіміздің ажарын қалай елестетер едіңіз?

Қали СӘРСЕНБАЙ,
«Алматы ақшамы» газетінің
бас редакторы



Егер тарихты сипай қамшылап өтсек, ата-бабамыздың Еуропа кеңістігінде талай мәрте атой салғаны, Сенадан ант суарғаны да еріксіз еске түседі. Әйгілі Еділ (Аттила) бабамыздың Эжен Делакруа секілді қайта өрлеу (ренессанс) дәуірі суретшісінің туындысына арқау болғаны, Еділдің образын сомдаған ағылшынның бір атақты актері менің қабіріме Аттила рөліндегі бейнемді қойыңдар деуі де тегін бе? Демек, Еуропа біздің бабаларымыз үшін әуелден аяқ баспаған, таңсық жер емес. Оның апайтөс даласын бабаларымыздың ат тұяғының дүбірі әлденеше мәрте дүр сілкіндіргенін түрлі тарихи қисың, деректермен айта беруге болады. Енді жылдар, ғасырлар өткен соң барып бабаларымыз салған сара жолдың қайта жаңғырып, Еуропаның төріне шығып төрағалық етуін де сол ер түрік баласының қанында бар қаһарман үрдістің заңды жалғасы деп қарау керек.

Бірде Рейганның Горбачевқа «Достық жақсы, бірақ оны тексеру керек» дегені бар. Демек, бұл дау-дамайы, ұрыс-керісі көп, жалпы өз ішінде, төңірегінде берекесі жоқ елдермен ешқандай мемлекет қарым-қатынас, барыс-келіс орната алмайды деген сөз. Сондықтан әлемдік қауымдастық алдында әбден сүзгіден өткен, сенімге ие болған Қазақстанның бұл мәселеде жүзі жарқын, біреудің аяғын басып кетіп отырған жайы жоқ. Елдегі саяси тұрақтылықтың берік орнауы өзге елдермен қарым-қатынасты дұрыс жолға қоюдың ең басты кепілі. Бұл ретте сөз жоқ мемлекет және оның басшысына көп нәрсе байланысты. Қанша тәуелсіз мемлекет болғанымен, басқа елдің мүдделерімен санауға тура ке-



Қазақстан және ЕҚЫҰ – 2010

Биыл еліміз Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымға төрағалық ету міндетіне кірісті. 1992 жылдан Қазақстан аталған ұйымның тұрақты мүшесі болып саналады. Қазақстан 2007 жылы ЕҚЫҰ-н басқаруға кандидат елдер қатарына қосылып, 2009 жылы осы беделді ұйымның «болашақ – қазіргі – бұрынғы» басқарушы деген үштігіне енген еді. 2011 жылы да бұрынғы көшбасшысы ретінде үштік құрамында қалады.

Құрамына 56 мемлекет кіретін жалпыеуропалық ұйымның негізгі принциптері: қауіпсіздік, экономика және экология, заңның ұлықтығы мен адам құқықтары. Осы үш өлшем балансымен қамтуға қазақ билігі де міндетті.

«Осыған байланысты біз ЕҚЫҰ-ға мүше елдерді 2010 жылы жоғары деңгейдегі кездесуді шақыру туралы Қазақстанның бастамасын қолдауға шақырамыз.

Төрағалық ұраны - төрт «Т». Төрт «Т» - Trust (сенім), ▶

леді, белгілі бір деңгейде тәуелділік те үстемдік жасамай тұрмайды. Ұмытпасам, Черчилль ме екен, «Мемлекеттер арасында мәңгілік достық емес, мәңгілік мүдделер болады» дегені шындыққа саяды. Алайда бүгінде Қазақстанның әлемдік қауымдастық алдында осындай зор беделге ие болуы – бүгінгі күннің ғана емес, ұзақ жылдар бойы жүргізілген сара саясаттың жемісі. Енді, міне, Қазақстан жыл бойына халықаралық ұйымдарға белгілі бір деңгейде төрелік айтуға да батыл қадамдар жасайды. Оның үстіне түрлі тақырыптағы диалогтар да қазақ елінің өрісін кеңейтіп, Еуропа кеңістігінде кең танылуына да зор мүмкіндік туады.

Әрине, қоғамдық процесстер бірінсіз-бірі дами алмайды. Бұл ретте мәдениет пен өнердің атқаратын ролі орасан. Қазірдің өзінде Алманияда өткен Қазақстан жылында, ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуді қолға алған салтанатта қазақтың мәдениеті мен өнерінің құдіреті, дүмпуі Еуропаңызды елең еткізгенін әлемдік баспасөз бұрқыратып жазып жатыр.

Меніңше, бұл оқиғалардың қазақ мәдениетіне ықпалы қандай болады дегеннен гөрі бес мыңнан астам күйі мен әні бар қазақтың бүгінде дәстүршілдігінен қол үзе бастаған Еуропаны ойландырып, слардың өзінің алтын бастауына, қайнарына қайтып оралуына ықпал-әсері аз болмайды ғой деп ойлаймын.

Tradition (дәстүр), Transparency (ашықтық) және Tolerance (төзімділік). Төрт «Т» мағынасы: Бір-бірімізге деген сенім, ЕҚЫҰ-ның дәстүрлі қағидаттары мен құндылықтарын сақтау, халықаралық қарым-қатынастарда «қосарланған стандарт» пен «жіктеу шектерінен» азат, барынша ашықтық пен транспаренттік. Қауіпсіздікке төнетін қауіп-қатерлерді еңсеруде сындарлы ынтымақтастыққа ұмтылу. Сондай-ақ бүгінгі маңызы зор мәдениеттер мен өркениеттер арасындағы диалогты нығайту жөніндегі жаһандық трендтің көрінісі.

ЕҚЫҰ-ның 2010 жылғы төрағасы ретіндегі Қазақстанның қызметін баяндау үшін интернет сайт ашылды <http://www.osce2010.kz/>. Мұнда «ЕҚЫҰ үштігі» құрамындағы қазақстандық тараптың іс-қимылын мәлімдейтін медиа-кітапхана қарастырылған. Пайдаланушылар RSS-арнасы арқылы жаңалықтармен жете танысып, баспасөз релиздері мен басқа да материалдарды кез келген нұсқада жазып ала алады.

Осыған орай, ҚР Ұлттық академиялық кітапханасында «Қазақстан жасампаз жетістіктер жолында» көрмесі жыл бойы жұмыс істейді. Көрме 15 жылғы Ата Заңы бар азат еліміздің жетістіктері, тұрақты дамуы мен ішкі-сыртқы саясат сахнасындағы көріністерін бейнелейтін материалдардан басталады. Сондай-ақ сөре арқылы ару Астананың бүгінгі келбеті, мемлекеттік тіл саясаты, «Болашақ» бағдарламасы, білім-ғылым, денсаулық, спорт саласы тақырыптарымен де танысуға мүмкіндік бар. Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жарық көрген кітаптарды оқуға да есік ашық.

Зейнолла АЛШЫМБАЕВ,
ҚР Парламенті Мәжілісінің
депутаты



Парламенттің жаңа сессиясының ашылуында Президентіміз Н. Назарбаев биыл еліміз үшін ерекше жыл болатынын, ол Қазақстанның ЕҚЫҰ-на төрағалық етуімен байланысты екенін атап айтқан еді. Осы мәртебелі миссияны атқару үлкен жауапкершілік жүктейді.

Бұл ұйымға, 1975 жылы «Хельсинки қорытынды актісіне» қол қойған Еуропа және Азия елдерімен қатар АҚШ пен Канада да кіреді. Қазіргі құрамы – 56 елден құралған. Алғашында «Еуропа Қауіпсіздік және Ынтымақ конференциясы» болып қызметін бастаған болатын. 1995 жылдан Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымы (ЕҚЫҰ) атанды әрі халықаралық ықпалды, беделді ұйымға айналды. Варшава Шарты Ұйымына кіретін мемлекеттер

мен Батыс елдері арасындағы ұзаққа созылған текетірестің бейбіт аяқталуына, адам құқығы мен бостандық негіздерінің, демократия мен заңдылықтардың сақталуына, қоршаған ортаға жаңаша көзқарас қалыптастыруға елеулі қызметтер атқарғанын айтсақ та жеткілікті.

ЕҚЫҰ-ның басты бағдарламалары негізінен үш бағытты қамтиды. Олар – біріншіден, Еуропа құрылығындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Бұл шаралардың ішінде мемлекеттер арасындағы шекаралардың мызғымастығы, бір-бірінің ішкі істеріне қол сұқпауы, адам құқығы мен бостандығының сақталуы, теңдік және халықтардың өз тағдырын өзі айқындау принциптері.

Екіншіден, Ұйым мемлекеттері арасында экономика, ғылым, техника және қоршаған ортаны қорғау бағытындағы қауымдық шаралар кіреді. Бірлесе қабылдаған құжаттар негізінде сауда саласын, өндірістік кооперация, ғылым мен жаңа технологияларды дамыту және қоршаған ортаны сақтау бағытындағы істерді қамтиды.

Гуманитарлық дамуды қамтитын үлкен бөлігі үшінші бағытты айқындайды. Оған мәдениет, ақпарат және білім беру, яғни «Адам факторы» төңірегіндегі мәселелер кіреді. Адамдардың жеке құқықтарының сақталуымен бірге еминеркін қарым-қатынас жасау құқықтары, көші-қон тәртізді мәселелер жатады. ЕҚЫҰ-ның бағдарларының бірі ретінде Батыс пен Шығыстың арасындағы өркениетаралық үн қатысуды әрі қарай дамыту қала беретіні сөзсіз. Кейбір батыс саясаткерлері мен ғалымдары өркениеттер арасында келісім болуына сенімсіздікпен қарап, «өркениеттер қақтығысын» да болжап қойған.

Президентіміз Н. Назарбаевтың сарабал саясатының, халықаралық беделінің арқасында еліміз Еуропаның төрінде отырып, терезесі тең дүниежүзі қауымдастығы мойындаған ел болғанын дәлелдеп отыр.

Біздер, депутаттар, шетелдік әріптестерімізбен бірге жұмыс істеп, ұйымға қатысушы елдер Парламенттерінің жұмыс тәжірибесімен танысамыз. Біздегі заң шығару сапасының деңгейін Еуропалық стандарттарға сәйкестендіру міндеті алдымызда тұр.

Қорыта айтқанда, Қазақстанның беделді әлемдік қоғамдастыққа төрағалық етуі – еліміз үшін биік мәртебе, соған сай зор жауапкершілік. Қазақстан төрағалығы ЕҚЫҰ-ның беделін бұрынғыдан да жоғары көтеретініне толықтай сенімдіміз. Бұл – біздің еліміздің жаңа сатыға көтерілуіне мол мүмкіндік.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ГЕРМАНИЯ ЖЫЛЫ



«Қазақ кітапханасы» жобасы қазақ әдебиетін әлемге танытуда



Нұрлан ОНЖАНОВ,
Қазақстанның Германиядағы
Төтенше және өкілетті елшісі

Өткен жылы Германия Федеративтік Республикасы «Германиядағы Қазақстан жылын» кең ауқымда атап өтті. Ынтымақтастықты нығайтатын мәртебелі шараға ТМД аумағынан тыс елде бірінші болып Қазақстан таңдалғанын ерекше атап өтуге болады. Екі ел арасындағы достық пен түрлі саладағы ынтымақтастықты нығайтуды көздейтін кешенді шара биыл да өз жалғасын тауып, «2010 жыл — Қазақстандағы Германия жылы» шарасы салтанатты түрде ашылған болатын. Осыған байланысты екі ел достығының айрықша белгісі ретінде Германия-дәнемістілінде жарық көрген қазақ авторларының кітаптарын ҚР Ұлттық академиялық кітапханасына ресми табыстау акциясы өтті. Акцияға Қазақстан Халық жазушысы Әкім Тарази, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Наталья Геллерт, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің Аймақтық даму және кітапханалар басқармасының бастығы Серғазы Тәуекелов, ҚР Германиядағы елшісі Нұрлан Онжанов және Неміс тілі орталығы мен «Видергебурт» неміс мәдени орталығының өкілдері қатысты.

– Қазақстан мен Германия арасындағы мәдени байланыстарға тоқтала кетсеңіз?

– Екі ел арасындағы қатынастар туралы сөз қозғағанда, алдымен, саяси-экономикалық қарым-қатынастар туралы айтылатыны сөзсіз. Дегенмен, өзара сенім мен түсіністік қарым-қатынастардың орнауында әлбетте мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықтың алатын орны ерекше. Қазақстан мен Германия арасындағы жан-жақты байланыстардың екпіні жылдан-жылға артуда. Екі ел мәдениеті мен салт-дәстүрін терең таныту жолында Қазақстанда тұратын неміс ұлтының өкілдері мен Германиядағы қазақ диаспорасы әр түрлі мәдени шараларды ұйымдастыруға атсалысып жатыр. Жыл сайын Германияның көптеген федералдық өңірлерінде Қазақстан өнер қайраткерлерінің қатысуымен концерттер, көрмелер, әдеби кештер және форумдар өткізіліп тұрады. Осы орайда, ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев пен ГФР-ның Федералды президенті Хорст Келердің бастамаларымен «Қазақстанның Германиядағы жылы» болып жарияланған 2009 жылдың қорытындыларына қысқаша тоқтала кетуді жөн көріп отырмын.

Қазақстан жылының ашылу салтанаты 2009 жылы 3 ақпанда екі ел басшыларының қатысуымен Берлиннің «Концертхауз» атты сарайының Үлкен залында өтті. Қазақстанның Германиядағы жылы қос мемлекет арасындағы мәдени-гуманитарлық ынтымақтастыққа ерекше серпіліс беріп, біздің

елімізді Германияның тек үлкен қалаларында ғана емес, сонымен қатар бүкіл федерация аумағында таныстырды. 54-ке жуық мәдени-гуманитарлық іс-шараны қамтыған жыл неміс аудиториясының қазақ мәдениеті, салт-дәстүрі мен тарихына деген шынайы қызығушылығын оятты.

Жыл шеңберінде ұйымдастырылған Құрманғазы атындағы мемлекеттік академиялық халық аспаптары оркестрінің 17-21 сәуір аралығында Берлин мен Штутгарт қалаларындағы гастрольдері табысты өтті. Көрермендер назарына Ә. Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер мұражайы қорындағы қазақстандық суретшілердің шығармалары және Президенттік мәдениет орталығы қорындағы 18-20 ғасырлардағы зергерлік бұйымдар ұсынылды. «Қазақстан – Еуразия жүрегі» атты фотокөрме бүгінгі күнгі Қазақстанмен таныстырды.

Жыл бойы басқа да бірқатар көрмелер ұйымдастырылды. Соның ішінде: Майндағы Франкфурт қаласындағы «Қазақстанның қазіргі күнгі өнері», Берлиндегі «Art Center Berlin» мен «Қазақ әуендері» АҚ ұйымдастыруымен өткен «Бүгінгі күнгі Қазақстан өнері», т.б.

Сәуір айында Берлин мен Мюнстер қалаларындағы Республикалық неміс драма театрының гастрольдері елеулі оқиғалардың бірі болды. Орталық Азиядағы жалғыз неміс театрына көрермендер зор қызығушылық танытты.

Еуропаның мәртебелі залдарының бірі Берлин филармониясында Алан Бөрібаевтың дирижерлігімен өткен Берлиннің Неміс симфония оркестрінің концерті «DeutschlandRadio Kultur» радиоарнасынан тікелей эфирде берілді.

Шілдеде өткен Алматы қаласының Штутгарттағы мәдени күндері де көрермендерге ұмытылмастай әсер қалдырды. «Сазген-Сазы» фольклорлық-этнографиялық ансамблінің, Қ. Жолдыбаев, Н. Үсенбаева, М. Мұхамедқызы сияқты әйгілі әншілерінің өнері және Э. Йонеску пьесасы бойынша «Тақыр әнші» антибалеті көрермендерін баурап алды. Сондай-ақ қонақтар фотогалерея мен қолданбалы өнерді, соның ішінде «Алтын адам» экспонатын да тамашалауға мүмкіндік алды.

Германияда тұңғыш рет өткен Қазақ киносының күндерін (10-15 қараша) ерекше атап өткен жөн. Неміс киносүйер қауымы қазақ киносының классикасы «Қыз Жібекті» көріп қана қоймай, сонымен қатар бас актерлері М. Өтекешевамен және Қ. Тастанбековпен жүздесіп, тікелей сұрақтар қою мүмкіндігіне ие болды. Э. Оразбаевтың «Афалина секірісі» атты киносы арқылы бүгінгі күнгі кинематография таныстырылды. А. Әмірқұловтың «Қош бол, Гүлсары» атты фильмі ХІХ Халықаралық Котбус кинофестивалінде «көрермендер көзайымы» жүлдесін алды. Сондай-ақ көрермендердің сұранысы бойынша ұйымдастырушылар аталған фильмді кинофестиваль барысында қайталап көрсетті.

10 желтоқсанда Берлиндегі Әлем мәдениеті сарайында Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театры жұлдыздарының және ҚР Еңбек сіңірген әншілерінің қатысуымен Германиядағы Қазақстан жылының салтанатты жабылуына байланысты Гала-концерт өткізілді.

Өнерсүйер қауым назарына «Абай», «Қыз Жібек», «Біржан мен Сара» опералары, шетел классиктерінің шығармалары тарту етілді.

Сол күні Лейпцигтің Үлкен залы «Гевандхауста» өткен Қазақстанның Халық әртісі, проф. Ж. Әубәкірованың жеке концерті неміс жұртшылығының Қазақстан өнерімен танысуына қосылған тағы бір үлес болды.

Бұл — бір жыл ішінде өткізілген шаралардың бірқатары ғана. Бірақ осының өзі-ақ — Қазақстан мен Германия арасындағы мәдени ынтымақтастықтың қаншалықты тығыз әрі қарқынды екендігінің дәлелі.

– «Қазақ кітапханасы» жобасы аясындағы қазақ қаламгерлерінің шығармаларымен неміс оқырмандарының таныстығы жөнінде айтып өтсеңіз?

– Неміс оқырмандарын Қазақстан тарихы, салт-дәстүрі мен әдебиетімен таныстыруда 2006 жылы Қазақстанның Германиядағы сол кездегі елшісі Қайрат Сарыбайдың бастауымен дүниеге келген «Қазақ кітапханасы» атты жобаның орны ерекше екенін атап өткім келеді. Осы жоба шеңберінде J&D Dageyeli Verlag, «Önel Verlag&Druck» және «Schiler Verlag» баспаларының қолдауымен Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Еуразия жүрегінде», «Қазақстан жолы», «Бейбітшілік кіндігі» атты кітаптары неміс тілінде жарық көрді. Сондай-ақ Абайдың таңдамалы поэмалары, М. Әуезовтің «Келіндер көтерілісі», Т. Ахтановтың «Дала сыры», Ә. Нұрпейісовтің «Соңғы парыз», Ә. Кекілбаевтың «Мұнара немесе аңыздың ақыры», О. Сүлейменовтің «Минута молчания на краю света» және Г. Бельгердің «Дом скитальца» кітаптары бар. Соңғы екі шығарма өткен жылы ғана жарық көрді. Әйгілі жазушы, дипломат және қоғам қайраткері О. Сүлейменовтің «Минута молчания на краю света» атты неміс тіліндегі кітабын таныстыру рәсімі қазан айында Халықаралық Франкфурт кітап жәрмеңкесі шеңберінде өткізіліп, аталған шараны тек неміс жұртшылығына ғана танытып қоймай, сонымен қатар бүкіл жәрмеңке қатысушылары мен көрермендерінің назарын аударды. Биыл М. Әуезовтің «Абай жолы» мен І. Есенберлиннің «Көшпенділерін» неміс тіліне тәржімалау жоспарланған. Жазушы, публицист Г. Бельгер «Дом скитальца» атты кітабында Қазақстанға қоныс аударған немістердің тағдырын көрсетумен қатар қазақ халқының қонақжайлығы, жергілікті тұрғындар мен қоныс аударушылардың арасындағы нағыз достық қатынастарды суреттейді. Осыдан бір ай бұрын елшіліктің қолдауымен Ресей немістерінің конвені дайындаған «Мы – немцы Казахстана» атты кітап жарық көрді. Бұл кітап Қазақстанның даму үдерісіне үлес қосқан танымал неміс қайраткерлері туралы баяндайды. Міне, «Қазақ кітапханасы» жобасы қазақ әдебиетін әлемге танытуда. Бұл жоба бұдан әрі қарай да неміс оқырмандарын қазақ жазушыларының шығармаларымен таныстыру арқылы герман және жалпы Еуропа қауымдастығы үшін қазақ әдебиетіне жол ашады деп сенемін.

КІТАПХАНА ҚҰЗІРЕТІНДЕГІ КӨПШІЛІК ШАРАЛАРДАН КӨРІНІС



Өткен жылғы өркениет тарихы көптеген мәдени іс-шараларымен есте қалды. Халықаралық конференциялар, кітап көрмелері, тұсаукесерлер ұйымдастырылып, жаңа орталықтардың, жаңа Е-кітапханалардың ресми ашылуының куәсі болдық.

Мәдени шаралардың бастауы – Астана. ҚР Білім және ғылым министрлігі және Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен жыл басында өткен «XXI ғасыр. Білім және ғылым – 2009» VI Қазақстандық Халықаралық көрмеге Ресей, Болгария, Германия, Түркия және Чехия елдері өкілдерімен бірге елімізден 70-тен аса мекеме қатысты. Соның қатарында ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы да бар. Кітапхана ұжымы осы шара аясында «Нанотехнологиялар – XXI ғасыр инновациялары» көрмесін ұйымдастырды.

2009 жылғы 23 сәуірде ҚР Ұлттық академиялық кітапханасына 5 жыл толды. Осы мерейтойға орай, Ашық есік күні ұйымдастырылды. Бұл күні қонақтар қызықты экскурсияларға, қазақстандық қаламгерлермен кездесулерге, сондай-

ақ «Кітапхананың жаңа форматы – 2009», «Мағжан Жұмабаев», «Мәдени мұра», «Сәнге енген тақырып – нанотехнологиялар», «Қазақстан өнері», «Қазіргі заманғы халықаралық саясат» тақырыптарындағы көрмелерге қатысты.

Бас қалада өткен бірқатар мәдени шаралар Астананың туған күнімен байланыстырылады. Астана күні қарсаңындағы айтулы шаралардың бірі – ҚР Ұлттық академиялық кітапханасында ұйымдастырылған «Астананың мәдени мәтіні» тақырыбындағы екінші халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы. Конференция «Жаңа қала, жаңа Қазақстан» көрмесінің тұсаукесерімен ашылды. Көрмеге Л. Гумилев атындағы ЕҰУ «Дизайн» кафедрасының оқытушылары мен студенттері 50-ден аса жоба ұсынды. Ұсынылған жұмыстардың басым бөлігі

халықаралық және республикалық байқауларда жүлделі орындарға ие болған.

Бүгінде кітап пен оқу ісіне де ерекше көңіл бөлінуде. Қазақстан кітапханаларында «Бір ел – бір кітап» акциясы үшінші жылы да жалғасын тапты. Өткен жылы қазақстандықтар қазақтың көрнекті ақыны Мағжан Жұмабаевтың лирикасымен танысты. Акция аясында 500-ден аса іс-шара өткізілді. Жоба жетекшісі ретінде ҚР Ұлттық академиялық кітапханасында ақын-жазушылардың қатысуымен «Қазақ елі, бір ауыз сөзім саған...» атты поэтикалық марафон, Мағжан Жұмабаевтың жаңа жыр жинақтарының тұсаукесері, мүмкіндігі шектеулі азаматтар арасында дауыстап оқу шаралары өткізілді.

Ұлттық әдебиетіміздің үздік туындыларын ортақтаса оқуға арналған акция аясында «Бір ел – бір кітап» жинағы

жарық көрді. Жинақта үш жылғы акция барысында авторлар тарапынан баяндалған мазмұны бөлек, ғылыми тұрғыдағы мақалалар топтастырылып, көпшілік оқырманға ұсынылды.

Оқырман назарында – жаңа кітаптар

ҚР Ұлттық академиялық кітапханасында өткен тұсаукесердің бірі – «Өнегелі адамдардың өмірі» сериясы бойынша «Абай» кітабының таныстырылымы. Оған ҚР Мәдениет және ақпарат министрі М. Құл-Мұхаммед, ҚР Парламентінің депутаттары, жазушылар және журналистер қатысты.

«Абай» кітабының авторы – белгілі орыс жазушысы, сыншы, әдебиеттанушы, «Культура» баспасының бас редакторы, М. В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Н. А. Анастасьев. Оның кітабында «Абай – өз халқының өсіп-өркендеп, білім алуы үшін күрескен Ұлы дала перзенті ғана емес, ол әлемдік мәдениет қайраткерлері қатарындағы Пушкин мен Гётеңің, Шекспир мен Декарттің сұхбаттасы» ретінде танылған.

Елбасының өмірі мен қызметі жайлы деректер енгізілген «Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев – Тәуелсіз мемлекеттің негізін қалаушы» атты кітаптың да тұсауы кесілді. Кітап ҚР Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті Мемлекет тарихы институтының ғалымдарымен бірге тарих ғылымдарының докторы, профессор Бүркітбай Аяғанның жетекшілік етуімен әзірленген. Жоба кеңесшісі – саяси ғылымдар докторы, профессор Махмұт Қасымбеков. Осы шарада ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының мамандары кітап көрмесін ұйымдастырды.

Ақпарат кеңістігіне «Кітап пат-

шалығы» журналы келіп қосылды. Ұлттық академиялық кітапхана жанынан жарық көре бастаған жаңа басылымның сүйінші данасы өткен жылдың еншісінде.

Электронды кітапхана еншісіндегі ерекшеліктер

Қазақстандық кітапханашылар өміріндегі естен кетпес елеулі оқиғаға ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының Біріккен Ұлттар Ұйымының штаб-пәтерінде білім ғылым және мәдениет мәселелері бойынша ашылған Әлемдік цифрлы кітапхана жобасының тең құқылы қатысушысына айналуы жатады (<http://www.wdl.org/ru/>). Әлемдік цифрлы кітапхана (ӘЦК) – АҚШ-ғы Конгресс кітапханасының, ЮНЕСКО-ның және 30 аса ғаламдық серіктестіктің бірлескен жобасы. АҚШ-ғы Конгресс кітапханасы мен ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы арасында Келісім бекітілді.

2009 жылы еліміздің бірқатар кітапханаларында оқырмандарға арнап жаңа орталықтар ашылды. Ұлттық академиялық кітапхана депозитарлық кітапханаға айналды. Мұндағы арнайы жобалардың бірі – Қазақстан халқы Ассамблеясымен қарым-қатынас жобасы, мұның шеңберінде Ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойылды. Меморандум аясында Қазақстан халқы Ассамблеясының Депозитарлық кітапханасы жұмыс жасауда.

ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы, Корея Ұлттық кітапханасы және Корея елшілігі бірлесіп көріс ақпараттық орталығын ашты. Бұл жоба «Кореяға терезе» деп аталды. Мұнда Корея Ұлттық кітапханасы тарапынан 500-ден аса кітап, CD және DVD дискілер, журналдар, анықтамалық әдебиеттер,

сондай-ақ техникалық құралдар тарту етілді.

Алматыдағы ҚР Ұлттық кітапханасында заманауи ақпараттарға оқырман қолын жеткізетін Ақпараттық даму орталығы ашылды. Орталықта жаңа басылымдар тұсаукесері, семинарлар, дөңгелек үстелдер және экскурсиялар өткізіліп тұрады. Ақпараттық даму орталығы Қазақстанда жұмыс істейтін бес ірі халықаралық ұйымның қатысуымен құрылып отыр. Олар – Азия даму банкі, Дүниежүзілік банк, Еуразия даму банкі, Ислам даму банкі және Біріккен Ұлттар Ұйымы.



Оңтүстік Қазақстан облысында Адам құқығы жөніндегі сандық кітапхананың ашылуы да айтарлықтай оқиғаға айналды. Бұл – ҚР Президенті жанындағы Адам құқығы жөніндегі Комиссия мен БҰҰ Даму бағдарламасының ынтымақтастығының нәтижесі. Кітапханада адам құқығына қатысты заңдар мен нормативтік-құқықтық база ұсынылған.

Бұдан былай еліміздегі жоғары оқу орындарының өзара Е-кітапханасы жұмыс істейтін болады. Өткен жылғы желтоқсанда Алматыдағы Қ. Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық университетінде жоғары оқу орындарының өзара электронды кітапханасы мен университет порталының ашылу салтанаты өтті. Е-кітапхананың мақсаты – оқытушы, студент, магистрант және докторанттардың интерактивті мультимедиялық ресурстарға ашық қолжеткізілуімен қамту, сондай-ақ жоғары оқу орындарының электронды ресурстарын бірегей ақпараттық жүйеге біріктіру.

Қазақстан кітапханалары 2009 жылы да, алдыңғы жылдардағыдай, әр алуан іс-шаралар өткізетін орталық болып қала берді.



Дайындаған Айсұлу СЕЙІЛОВА
e-mail: azse@mail.ru



ӘЛЕМ ӘДЕБИЕТІНІҢ МАРҚАСҚАСЫ

Әлемге әйгілі Айтматовтың әлемі – Түркі халықтары мәдениетіндегі бойтұмарға баланған бар інжу-маржанын бойына тағынған, сол үшін де бар адамзат табынған өлем. Ол тереңдеп енген сайын түбін көрсетпес айдына, ұғынған сайын мақтаныш етер айбынға айналады. Көзі тірісінде-ақ «Адамзаттың Айтматовы» атанған ұлы классик – қырғыз халқының ғана емес, қазақтың да зор мақтанышы. Алып тұлғаның туған күні қарсаңында ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының ұжымы қалың оқырманды ұлы қаламгердің өмірі жайлы естеліктермен және оның өміршең туындыларымен қайта қауыштырды.

Ақбас Алатаудың күнгеі мен көлеңкесіндегі қос халыққа ортақ саналған ұлы жазушы Шыңғыс Айтматовты еске алу кешіне Қазақстандағы Қырғызстан Республикасының Төтенше және өкілетті елшісі Ж. Рүстембеков, сондай-ақ Ж. Әбділдин, А. Айталы, Р. Нұрғали, М. Жолдасбеков, Т. Жұртбай, Д. Досжан, Ә. Тарази, А. Смайыл, Н. Айтұлы, К. Юсупов секілді зиялы қауым өкілдері, Қырғыз Ұлттық мәдени орталығының, «Қырғызстан-Астана» қоғамдық ұйымның, Астанадағы Ресей ғылымы мен мәдениеті орталығының өкілдері және алып тұлғаның тың туындыларын тамсана оқитын оқырман қауым қатысты. Олар айдай әлемді әсерлі туындыларымен тәнті еткен Айтматов жайлы жүрекжарды лебіздерін білдіріп, жиналған қауымды жазушы өмірі мен шығармашылығының қыр-сырына қанықтырды. Академик, философия ғылымдарының докторы Ж. Әбділдин «Шыңғыс Айтматов және тұтас тұлғаны сомдау мәселесі» тақырыбында баяндама жасады. Материал мазмұнды әрі жан-жақтылығымен ерекшеленді.

Шара барысында «Адамзаттың Айтматовы» атты кітап көрмесі ашылып, қаламгердің түбі бір түркіге ортақ

қазынасы қойылды. Көрме «Жұлдызды ғұмыр», «Жәмиладан» – «Мәңгілік қалыңдыққа» дейінгіжол», «Өнермен өзектес ғұмыр», «Айтматов көкжиегіне көзқарас» тәрізді бөлімдерге топталған. «Әлем Арт» қоғамдық қоры мен Айтматов атындағы халықаралық қор 2008 жылы Шыңғыс Айтматовтың 8 томнан тұратын толық шығармалар жинағын тұңғыш рет құрастырған болатын. Қырғыз елшілігі кеш барысында сол томдарды кітапханаға тарту етті.

Қ. Қуанышбаев атындағы қазақ драма театрының артистері аудиториядағыларға арнап Ш. Айтматовтың «Ақ кеме» спектаклінен үзінді көрсетті. Өнер тарландары сомдаған Момын шал мен бала тағдыры, Оразқұлдың өрескел іс-әрекеті көрермен көңілін толқытып, жүрекке ой қондырды.

Айтматов өз шығармаларының жетпіс пайызын қазақ ұлтының, қазақ ауылының, қазақ қоғамының тыныс-тіршілігін суреттеуге арнапты. Әрі бұған жазушының: «Мен шетке шыққанда өзіммен екі киелі нәрсені ала жүремін. Ол «Манас» пен М. Әуезовтің шығармалары», – деген сөзін қосыңыз. Ендеше, Шыңғыс Төрөқұлұлының өзі де, оның қалдырған сөзі де қазақ халқы үшін уақыт өткен сайын құнын жоғалтпас құнды қасиет екендігі ақиқат.

«Шыңғыс – адамзат тарихындағы ұлы тұлғалардың бірі. Оның еңбектерінің мән-мағынасы өте күшті. Қазақ даласын суреттеу арқылы әлемдік әдебиетке қазақтар қоса алмаған үлесті Айтматов қосты. Жалпы, Шыңғысты тек қана қырғыз жазушысы емес, сонымен бірге қазақ жазушысы деп ойлаған жөн. Ол – бір ғана ұлттың емес, әлемдік тұлғаға айналған жан. Айтматовтың кез келген шығармасынан қазақты көріп тұрамын. Оның керемет жазушылығы өз алдына, қазаққа деген зор махаббаты үшін өте қатты қадірлеймін, құрметтеймін. Шыңғыс – әлемдік жазушылардың алдыңғы легінде тұратыны анық».

Тұрсынбек КӘКШҰЛЫ



Балалар әдебиетінің БӘЙТЕРЕГІ

Қазақ балалар әдебиетінің классигі Бердібек Соқпақбаев — «Өлгендер қайтып келмейді» романы және «Менің атым Қожа», «Балалық шаққа саяхат», «Қайдасың, Гауһар», «Ергежейлілер елі» сынды бірқатар әңгіме, хикаялардың авторы. Шырыны мол шығармаларымен оқырманына ораиды ой сала алған жазушының өткен жылы 85 жасқа толған торқалы тойы атап өтілген болатын.

Көңіл домбырасын күмбірлете білген балалар жазушының мерейтойына орай, ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының ұжымы «Балалық шаққа саяхат» атты әдеби кеш өткізді. Кеш шымылдығы жазушының қызы Самал Бердібекқызының хабарламасымен ашылды. Жиналған жамағат жазушының өмірі мен шығармашылығына арналған электронды көрменің тұсаукесері арқылы тың деректермен, фотосуреттермен танысты. «...Сегіз жасымда шешем өліп жетім қалдым. Колхоздастырудың алғашқы жылдары — ең бір қиын кез. Содан соңғы басымнан кешкендерімді ойлай бастасам осы күннің өзінде жүрегім қарс айырыла жаздайды. Япырау, қалай тірі қалдым, осы күнге

қалай жеттім?! Нағыз итжандының өзі екенмін-ау деп таңданам», — деген сөздер жазушы өмірінің қиындыққа толы болғандығын аңғартады. Шығармаларына өмірің, балалық шағын арқау еткен қаламгер «Балалық шаққа саяхат» хикаятындағы бас кейіпкердің өзі екендігін де мойындапты.

Әдеби кештің одан арғы тізгіні жас оқырмандарға тиіп, студенттер мен оқушылар жазушының «Өлгендер қайтып келмейді», «Дала жұлдызы», «Қайдасың, Гауһар?», «Жекпе-жек» шығармаларынан монолог оқыды. Жиылған қауым қылқобыздың сүйемелдеуімен орындалған халық әні «Екі жиренді» тыңдап, танымал кино туынды «Менің атым Қожа» фильмінен үзінді тамашалады.

Кеш соңы қаламгер шығармашылығына арналған «Балалар әдебиетінің бәйтерегі» атты кітап көрмесіне ұласты. Қонақтар өздеріне қимас дос, сүйікті де сүйкімді кейіпкерлер сыйлаған жазушы кітаптарын қайта қолға алды. Санамызға талантты жазушы мен жақсы туындыға деген сағыныш сезімді ұялатқан кештің көрерменге берген әсері зор болды. «Бердібек Соқпақбаев кітаптарының соңғы беттерін жапқанда көркем шығарма оқып шыққандай болмайсың, өзіңнің ең тату-тәтті дос, жолдастарыңды ұзақ сапарға шығарып салғандай боласың. Қимайсың. Көңілің бұзылады», — деген Қадыр Мырза-Әлидің әдемі сөз тіркесі осы кешке арналғандай.



1944 жылы Батыс Қазақстан облысы, Ақжайық ауданының Еңбек ауылында дүниеге келген ақын поэзиясының бар асылын туған жеріне арнай жүріп, Ақжайықтың «Ақ шағаласы» атанды. Қолынан қаламы түспей, махаббатқа, сезімге толы жырларымен оқырман жүрегін жаулап алды. Өлең-өміріне бірнеше жыр жинақтарын арқау еткен А. Бақтыгереева алғашқы еңбек жолын Батыс Қазақстан облыстық «Орал өңірі» газетінен бастады. Бұдан әрі «Жұлдыз» журналы мен «Қазақ әдебиеті» басылымдарының редакциясында, «Жазушы» баспасында жалғастырды. Ол қазақ әдебиеті мен поэзиясын дамытуға, мемлекеттік тілді нығайтуға қосқан үлесі және қоғамдық белсенді қызметі үшін ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Құрмет белгісімен, «ҚР Тәуелсіздігінің 10 жылдығы» мерекелік медалімен марапатталды. Бүгінде Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты атағына ие болған Ақжайықтың ақын қызы Қазақстан Жазушылар Одағының Батыс Қазақстан облыстық бөлімшесін басқарады.




АҚЖАЙЫҚТЫҢ АҚЫН ҚЫЗЫ

Ақжайықтың ақжарқын ақын қызы Ақұштап Бақтыгереева өткен жылы 65 жасқа толды. Осыған орай, өршіл де өктем, сырлы да сұлу жырдың иесі ҚР Ұлттық академиялық кітапханасында өз оқырманымен жүздесіп, «Аңсайды шындық – ақ айдын» атты шығармашылық кешін өткізді.

Жүрек қылын шертетін сезімнің сиқырлы нотасын дөп басып, жан сөзін жарқын сөйлете алған аяулы ақынның кездесу кешін ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының бас директоры, жазушы Рахымжан Отарбаев ашып, шараны ұйымдастыруға ақын жырларын өз аузынан тыңдауға ынталы астаналық жырсүйер қауымның тілегі сеп болғанын жеткізді. Ақ жүреппен ақ сөйлеген ақынды Фариза Оңғарсынова, Қойшығара Салғар, Серік Тұрғынбек, Несіпбек Айтұлы, Нұрғожа Ораз, Рымғали Нұрғали секілді біртуар тұлғаларымыз құттықтап, лебізді тілектерін білдірді.

Жазушы Қойшығара Салғараұлы: «Фариза мен Ақұштап – қазақ поэзиясына өзіндік жаңа леп алып келген ақындар әрі қос ақынымыз орыс әдебиетіндегі Анна Ахматова мен Марина Цветаева сияқты егіз ұғымдар», – деп баға берді. Өлең сөз бен қара сөз қатар гүлдеген поэзия мерекесіне Астананың қоғамдық ұйым өкілдері мен зиялы қауым, жырсүйер оқырман да көп жиналды.

Ақын жырларына жазылған әндердің орындалуы кеш шырайын аша түскендей болды. Осы кешке арнайы Оралдан келген Батыс Қазақстан облыстық филормониясының әншілері Дастан Есентеміров пен Дария Бақытова ақынның сөзіне жазылған әйгілі «Ақ шағала» әнін шеберлікпен орындаса, «Оралдың ерке самалы» атты әнді белгілі әнші Айгүл Қосанова шарықтата шырқады. Басқосу барысында Ақұштап апасының соңынан ілескен ақын сіңлілері де тырнақалды жырларын оқып, көпшілікті тенті етті. Ақын жиылған қауымға Жайық өңірінен жиі келіп тұруға уәде беріп, ыстық ықыластарына алғыс білдірді.



ҚАЗЫНАЛЫ ҚАЙНАР ИЕСІ

Өткен жылғы желтоқсан айында ҚР Ұлттық академиялық кітапханасында талантты жазушы, көпшілікке танымал «Жамбыл» әдеби журналының бас редакторы Несіпбек Дәутайұлының шығармашылығына арналған «Қазыналы қайнар» атты кездесу кеші өтті.

Қара сөздің қаймағын қалқып, қазақ әдебиетінің қоржынына сүбелі еңбектерін қосып жүрген қарымды қаламгердің кешіне ҚР Парламентінің депутаттары, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің өкілдері және Әкім Тарази, Айгүл Кемелбаева, Несіпбек Айтұлы, Әнес Сарай, Қуаныш Жиенбай, Дархан Қыдырәлі тәрізді ақын-жазушылар қатысты.

Кеш барысында ақын, философия ғылымдарының докторы Дархан Қыдырәлі «Жазушы туралы сөз» тақырыбында баяндама жасады. Студент жастар жазушы шығармаларынан монолог, үзінділер оқыды. Сондай-ақ Несіпбек Дәутайұлының шығармашылығына арналған кітап көрмесі ашылып, автор өмірі мен шығармашылығы жайлы мол деректер қамтылған электронды көрменің де тұсаукесер рәсімі ұйымдастырылды.

«Ақ көгершін», «Алма ағашының бұтағы», «Әнім сен едің» повестері мен «Құдірет пен қасірет» романы секілді көлемді шығармаларды дүниеге әкелген жазушы 2009 жылы «Алтын балық» хикаяты үшін Халықаралық «Дарабоз» бәйгесінің бас жүлдесін жеңіп алды. Сонымен қатар республикалық жабық конкурстардың бірнеше мәрте жүлдегері әрі Ф. Мұстафиннің 100 жылдығына орай ұйымдастырылған үздік әңгімелер байқауының бас бәйгесін еншілеген. Автордың кейбір қысқа әңгімелерінен Бейімбет Майлин әңгімелеріне тән өткірлік пен сарказм сарыны байқалады. Оқи отырып, қоғамдағы кейбір жағымсыз көріністерді еріксіз көз алдыңнан өткізесің. Несіпбек Дәутайұлының кезінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарық көрген мемлекеттік тіл мәселелеріне қатысты толғаныстары да оқырманға терең ой салған болатын. Кеш барысында жазушының осы секілді сан қырлы қасиеті мен қабілет-қарымы жұртшылықтың жүрек жарды лебізіне арқау болды.



Дайындаған Айнұр БАЙФАБЫЛОВА
e-mail: Aynur.Bek_81@mail.ru

ЛИТЕРАТУРА ПРИЗВАНА ЗАЩИЩАТЬ


Общественное Объединение «Международный клуб Абая» основано в 2000 году по инициативе известного казахского писателя, пропагандиста культуры Роллана Сейсенбаева. Академик Всемирной Академии Искусств (Сан-Франциско), почетный член Мотовунской издательской группы, Р. Сейсенбаев, за вклад в мировую культуру награжден Большим Золотым Крестом - высшим орденом Венгерской Республики, Большим Рыцарским Крестом - высшей государственной наградой Республики Польша, орденом Дружбы - высшей наградой (для иностранных граждан) Республики Куба. За свою многолетнюю деятельность в развитии казахской культуры, литературы и издательского дела он снискал уважение в мировом культурном и литературном сообществе.

В интервью нашему журналу Роллан Сейсенбаев рассказал о создании клуба, журнале «Аманат» и Библиотеке.

||

Книга - плод человеческой мысли, наделенный дыханием времени и пространства. Книге человечество доверило свои священные прозрения, открытия души. Только книга может научить, как двигаться вперед, как избежать катаклизмов и как взбираться на вершины человечности. Книга - самый терпеливый учитель. Мы оставляем будущему своей страны - молодежи - единственное и наиболее полное завещание - Книгу.

Н. А. Назарбаев



AMANAT




2007 5

ЛИТЕРАТУРА НАРОДОВ МИРА

- Роллан Шакенович, в этом году исполняется десять лет со дня создания Международного клуба Абая и журнала «Аманат». Что вы можете сказать, оглянувшись назад?

- Целью Международного клуба Абая является пропаганда литературы, как одной из составляющих мировой культуры. Начиная с 2000 года, мы издаем литературный журнал «АМАНАТ», на страницах которого, наряду с классиками мировой литературы, публикуются произведения молодых казахстанских писателей, публицистов, поэтов. Прямые творческие контакты с




такими грандами русскоязычной литературы, как журналы «Дружба Народов», «Наш Современник», «Звезда», «Знамя», «Иностранная литература», «Киев», «Сибирские Огни», японский журнал «Асахи», латиноамериканский журнал «Контекст», английский литературный журнал «Континент» позволяют нам оперировать лучшими образцами современной мировой литературы. Сегодня тираж журнала достиг 5 000 экземпляров и стал доступен преданным читателям «АМАНАТА» в 6 странах мира. Журнал «АМАНАТ», являющийся самым «толстым» журналом в Казахстане (240 страниц), печатает произведения писателей, поэтов, публицистов и драматургов из более чем 40 стран. Уникален журнал не только географией своих авторов, но и тем, что предоставляет свои страницы для порой полярных в своих литературных, политических и человеческих убеждениях авторов - страницы «АМАНАТА» становятся действительно безграничными. Мы получаем немало отзывов от наших коллег, чита-

телей из разных стран мира.

Кроме этого, учитывая все более увеличивающийся интерес массового читателя к качественной, умной литературе, было принято решение организовать выпуск Библиотеки журнала «АМАНАТ» в 200-х томах. Книги Библиотеки издаются на высоком полиграфическом уровне, в твердом переплете и, что немало важно, исключительно в отечественных типографиях.

- В рамках серии вашего журнала вы издаете книги только отечественных авторов? Или




есть произведения и авторов зарубежных?

- На сегодняшний день нами издано около 100 книг Библиотеки. Некоторые из них уже сегодня стали библиографической редкостью. Высокохудожественные издания Библиотеки неоднократно признавались лучшими изданиями республики. Многие из них

вызывают действительно международный резонанс и всеобщий интерес, что, согласитесь, сегодня редкость для казахстанского издательского дела. В 2006 году Международный клуб Абая совместно с европейскими партнерами издал в Италии на итальянском языке собрание сочинений трех казахских мыслителей: Кожа Ахмета Яссауи, Абая Кунанбаева и Шокана Валиханова. Живой интерес к книге позволил увеличить тираж с предполагаемых 1 000 экземпляров до 7 500. Интерес к нашей стране в мире огромен и данное издание стало пробным камнем на этом пути. Сегодня проводится работа по переводу этой книги на несколько европейских языков.

Киндзабуро Оэ, лауреат Нобелевской премии: «Журнал «Аманат» - самый достойный посол казахстанской культуры».



АМАНАТ

ЛИТЕРАТУРА НАРОДОВ МИРА




2009 6

Переводческая деятельность является одним из важнейших направлений в работе Международного клуба Абая. Так, по просьбе Лондонской мечети Клара Серикбаева перевела с арабского языка главную книгу мусульман – Коран. Кроме этого, К. Серикбаева, член Всемирной ассоциации переводчиков (Лондон, Великобритания), владеющая десятками языками мира (фарси, арабским, французским, турецким, английским и мн.др.), открыла многочисленным читателям удивительный мир философии Омара Хайяма, Абу Ханифы и многих других.

Ряд изданных нами книг польских авторов: «Польские певцы Казахстана» Рышарда Бадовски, «Ода к молодости» Адама Мицкевича, сборник «17 рассказов польских писателей», «Дневники

АМАНАТ

ЛИТЕРАТУРА НАРОДОВ МИРА



2009 5

и письма...» Адольфа Янушкевича, сборник «Польская поэзия» и «Избранное» Иоанна Павла II стали своеобразным культурным мостом между Казахстаном и Польшей, еще раз доказывая, что в современном сложном и противоречивом мире можно и необходимо сохранить тепло человеческих

АМАНАТ

ЛИТЕРАТУРА НАРОДОВ МИРА



2006 3-4

отношений. Деятельность Международного клуба Абая, направленная на объединение, взаимообогащение, взаимопонимание между людьми и их странами, их культурами, была изначально правильной, а в некоторых случаях единственно верной и возможной.

Марек Юрек, председатель Сейма Республики Польша:

«Инициатива клуба Абая заслуживает самых высоких похвал, так как обращение к культурам других народов является проявлением открытости на мир, стремлением к взаимопониманию и толерантности. Глубоко признателен за такую благосклонность и поздравляю издателя с его успешным почином».

А к юбилею казахского мыслителя, поэта, философа Шакарима Кудайбердиева Международный клуб Абая на собственные средства, при поддержке Семипалатинского государственного университета имени Шакарима, издал трехтомное собрание сочинений Шакарима. Изданное как всегда на высоком полиграфическом уровне, оно представляет собой наиболее полный перечень работ Шакарима. Проведена тщательная обработка текстов, работа в архивах государственных органов, в том числе и в архиве КНБ РК. Трагическая судьба Шакарима, его потомков и близких родственников - это отражение судьбы всего казахского народа. Богатое литературное наследство Шакарима - его стихи, проза, размышления не оставляют равнодушным никого по сей день.

Деятельность Международного клуба Абая не останавливается вопреки влияниям времени, кризисам, сокращению читательской аудитории. Мы не пытаемся сохранить литературу, не пытаемся защитить ее, ибо на протяжении всей человеческой истории, прежде всего, было Слово. Как составляющая часть человеческой культуры, литература не нуждается в защите, она сама призвана защитить нас. Защитить от лжи, гордыни, ненависти, безумной алчности, бессмысленной суеты и бездуховности. Ведь периоды, когда люди отворачивались от искусства, назывались «безвременьем». И за каждым «безвременьем» следовал период Возрождения.



Подготовила Гулжанат ЖУБАНИЯЗОВА
e-mail: 87014926558@list.ru

МАХАМБЕТ


ЖУРНАЛЫНЫҢ
КІТАПХАНАСЫ
АМАНАТ



ЖОРЫҚ ЖЫРЛАРЫ



Қытай Ұлттық кітапханасы



Қытай 1,5 миллиардтан астам халқының санымен әлемдегі 1-мемлекет. Жер аумағы бойынша да Ресей мен Канададан кейінгі 3-орынды иеленеді. Қытай – біздің құдайы көршіміз. Иә, қазіргі жаһанданған жалван дүниеде «Көрші болсақ болайық, бірақ аяқ-табақ араластырмайық» деп, кері сөйлеп, теріс қарап отыра алмайтынымыз айдан анық. «Көршің жаман болса, көшіп құтыларсың» дегуге тағы келмейді. Маңдайымызға мөрленген ескі көршіміз. Сондықтан кері көршіміздің көкейіндегісін көре білу үшін мыңдаған жылдық тарихы бар мәдениеті мен әдебиетін, ұлттық құндылықтарымен танысу, әсіресе әлемге әйгілі кітапханасының тарихын таразылау біз үшін өте маңызды. Осы мақсатпен Қытай Ұлттық кітапханасына қысқаша шолу жасадық.

Қытай Ұлттық кітапханасын Чиң әулетінің (1644-1911) соңғы императоры Пу И 1909 жылы қыркүйек айында құрды. Көлемі мен кітапханалық қоры жөнінен «әлемдік үштікке» кіреді, ең ірі кітапханалар – АҚШ-тың Конгресс кітапханасы мен Франция Ұлттық кітапханасынан кейінгі үшінші орынды алады. Жалпы көлемі 250 мың шаршы метр аумақты алып жатыр. Қытай Ұлттық кітапханасы – пайдаланушылар саны бойынша әлемдегі ең үлкен кітапхана. Мұнда бір мезгілде 8 мыңдай оқырманды қабылдап, оларға 600 мыңға жуық кітап ұсынылады. 2008 жылы кітапхана қоры 26

миллион томнан астам кітаппен толыққан.

Кітапхана алғаш рет 1909 жылы 9 қыркүйек күні Чиң Патшалығының орталығы Бейжіңнің Гуаңхуа деген жерінде астана кітапханасы ретінде құрылады да, 1912 жылдан бастап оқырмандарды қабылдай бастайды. 1916 жылы Ұлттық кітапхана қызметін атқара бастайды. Сөйтіп жергілікті және шетелдік мерзімді басылымдардың әр алуан нұсқаларын кітапхана қорына қабылдайды. Осыдан кейін әр түрлі саяси оқиғалар мен қоғамдық пікірлердің әсерімен кітапхананың аты да, орны да бірнеше рет өзгерді. 1931 жылы Уынжиң көшесі бойындағы көрнекті жерлердің біріне кітапхана ғимараты орнықты (қазір бұл жер — Қытай Ұлттық кітапханасының жөдігерлер бөлімі). Аталмыш кітапхана сол замандағы Қытайдың ең үлкен кітапханасы болды. Кітапхананың құрылуына және кітапхананы басқару қызметіне Лушүн, Лияңчичау, Сайиуанпи, Лисыгуаң секілді Қытайдың таяу заман тарихындағы әйгілі адамдар қызмет етті.

1949 жылы Қытай Халық Республикасы құрылғаннан кейін орталықтың аты Бейжің кітапханасы болып өзгерді. 1975 жылы 3 наурызда Республиканың Премьер-министрі Жуинлай, Бейжің кітапханасының ғимаратын қазіргі заманға сай жаңалап салу керектігін ұсынып және оның жобасын өзі бекітті. Жаңа кітапхананың орны Бейжің қаласының батысындағы Байчычау деген жер болды. Зәулім ғимаратқа көшірілген жаңа кітапхана 1987 жылы ресми түрде тұсауы кесіліп, қолданысқа берілді.

1998 жылы 12 желтоқсанда орталық үкіметтің бекітуімен Бейжің кітапханасы Қытай Ұлттық кітапханасы болып өзгертілді. 2004 жылы 28 желтоқсанда Қытай Ұлттық кітапханасының екінші кезеңдегі ірі жобасы – мемлекеттік электронды кітапхана құрылысының іргетасы қаланды. Ол 2008 жылы 9 қыркүйектен бастап оқырмандарды қабылдай

Азиядағы «Синьхуа» деп аталатын ең үлкен кітап дүкені – оқымыстылар жиналатын жәннат мекен. Бұдан бөлек, Пекинде жыл сайын Күзгі кітап жәрмеңкесі өтеді. Оған жергілікті тұрғындар мен қала қонақтары қатысады. Сондай-ақ халықаралық кітап жәрмеңкесі де дәстүрлі шараға айналды. Бұл көрменің мақсаты – Қытайдағы баспа ісін ілгерілету. Пекин халықаралық кітап жәрмеңкесі Қытай мен шетел баспагерлерін ынтымақтастыруда жетекші роль атқарады.

Ежелгі Қытайдағы төрт жаңалықтың бірі – кітап басу ісі. Мұндағы баспа ісіне мыңдаған жылдар өтті. Қазіргі таңда да Қытай – баспасөз өнімін шығару ісі бойынша дүниежүзілік көшбасшы. Қытай әдебиеті де әлемдік әр алуан бағыттағы озық үлгідегі әдебиет қатарынан саналады.

Ал қытайлар – әлемдегі ең оқымысты халық. Интернет кітапханалар мен кітап дүкендерінің орнын баса алмайды. Қытай Ұлттық кітапханасының оқу залдарында қашан да құжынаған халық, жиын.

бастады.

Қытай Ұлттық кітапханасының кітап қоры мол 2007 жылдың соңына дейін кітапханада сақталған кітап қорының саны 26 миллион 310 дана. Әсіресе, мұндағы өте көне қолжазбалардың 270 мың нұсқасы сақталса, әдеттегі көне жазбалар 1 миллион 640 мың данаға жеткен. Сауыт, сүйек жазбалары, дұнхуаң кітаптары, жаушиың таңдамалылары, Чиң әулетінің Чыжаучүн три-питака қолжазбалары сияқтылары әлемде жоқ ерекше құнды дүниелер болып саналады. Шетел тіліндегі көне кітаптардың ішінде Еуропадан шыққан 1473-1477 жылдар аралығындағылар ерекше құнды екендігі мәлім. Қытай Ұлттық кітапханасында қытай тілінде сақталған кітаптар өте кең ауқымда жинақталған. Әлем халықтарының 115 тілінде жазылған көне кітаптар кітапхананың жалпы қорының 50 пайызын құрайды. Дүниежүзінде шетел тіліндегі кітаптар ең көп сақталған кітапхана болып есептеледі. Кітапханада сонымен бірге әйгілі адамдардың қолжазбалары, қытайдың төңкеріс тарихына қатысты жазылған мақалалары, қытай елінің атақты ғылым докторларының диссертациялары сақталған. Біріккен Ұлттар Ұйымы мен шетел үкіметі басылымдары да осы жерден табылады. Сонымен бірге қазіргі ақпараттық медианың өзгерісі, жедел дамуы мұндағы электронды басылымдар қатарын көбейтіп отыр.

Қазіргі таңда Қытай Ұлттық кітапханасы дүниежүзіндегі кітапханалармен әріптестік байланыс орнатты. 117 елдегі халықаралық, аймақаралық 557 органмен ынтымақтастық серіктестігін құрып үлгерген.

Кітапханада қазіргі заманға сай озық технология белсенді қолданылуда. Ұлттық кітапхана оқырмандары 10 мыңнан астам электронды кітаптың мазмұнын ұялы телефон не кабельді теледидар арқылы оқу мүмкіндігіне ие болып отыр.

Қытай Ұлттық кітапханасының жаңа ғимаратында, оқырмандар залы, ғылыми зерттеу жұмыстарына арналған залдар және мәжіліс залдары бар. Сондай-ақ дәмхана, музыкалық зал, кинотеатр және кітап дүкені тұрақты жұмыс істейді.

Дайындаған Ерcін НӘCІП

Открыто "Окно в Корею"

«Выше гор – горы!» – говорится в известной корейской пословице. И подобно горам, вздымающимся ввысь, Республика Корея достигает новых вершин. Активный рост экономики страны свидетельствует о поступательном развитии, а интеграция в мировое сообщество открывает новые возможности. Корейский народ хранит свою уникальную культуру. Активное продвижение корейского языка «имеет цель вернуть родной язык, родную культуру зарубежным корейцам»¹.

Национальная библиотека Кореи при поддержке Посольств в странах с компактным проживанием корейской диаспоры открывает информационные центры. Основная их задача – помощь корейцам, проживающим за пределами своей исторической родины, в изучении родного языка, приобщении к культурным истокам. Также центры способствуют расширению масштабов корееведения, углублению знания, распространению информации о политике, экономике, культуре Республики Корея по всему миру.

Один из таких центров, восьмой по счету, был открыт в декабре 2009г. в Национальной академической библиотеке Республики Казахстан. На церемонии открытия Чрезвычайный и Полномочный Посол Республики Корея в Республике Казахстан г-н Ли Бён Хва поприветствовал гостей на казахском языке. Несомненно, это свидетельствует об уважении культуры нашей страны. О необходимости взаимопонимания и духовного взаимообогащения сказал и заместитель генерального директора Национальной академичес-



кой библиотеки РК Жуматай Усенбаев. Он сердечно поблагодарил корейскую сторону за столь ценный подарок. Директор библиотечной сервисной службы Национальной библиотеки Кореи г-н Син Хён Тхэ и сотрудник библиотеки г-н Канг Джи Тхэ подчеркнули, что центр «Окно в Корею» станет мостом в культурном сближении наших народов.

Открытие центра предшествовала огромная подготовительная работа, которую проводило Посольство Республики Корея в Республике Казахстан. Активное участие в ней принял директор корейского культурного центра г-н Хан Сонг Рэ. С самого начала организационных мероприятий он оказывал активную поддержку сотрудникам нашего зала мировой литературы.

После официальной церемонии открытия гостям из Кореи показали библиотеку, рассказали о ее истории. наших корейских коллег интересовали вопросы комплектования фондов, их сохранности, каталогизации. Республика Корея занимает одно из первых мест в мире по развитию цифровых библиотек. В мае 2009 года в Сеуле состоя-

лось торжественное открытие Национальной цифровой библиотеки, которая пользуется большой популярностью — ежедневно ее посещают около тысячи читателей. Поэтому они с большим интересом отнеслись к информации о создании национальной электронной библиотеки.²

Открытие информационного центра вызвало немалый резонанс в республиканских и городских средствах массовой информации. Так, «Казахстанская правда» поведала своим читателям о том, что «Окошко» с видом на казахскую степь стало восьмым чудом техники, ... позволяющим свободно проникать в настоящий книжный «космос».³ Газеты «Вечерняя Астана», «Коре Ильбо», информационное агентство «Казинформ» предоставили исчерпывающую информацию об открытии, подчеркнув важность центра, который будет использован как общественный информационный ресурс о динамично развивающейся Корее и ее образовательных возможностях.

Информационный центр распахнул «Окно в Корею». Книги о внутривосточных процессах, направленных на демократизацию общества, о корейском за-

конотворчестве, уходящем своими корнями в этические нормы конфуцианства, книги по древней, средневековой, новой и новейшей истории Кореи ждут своего читателя. Отдельного внимания заслуживают книги о религии, искусстве и архитектуре, обычаях и традициях. Великолепной частью коллекции является художественная литература, включая красочно оформленные издания для детей.

Также стоит упомянуть и об учебной литературе. Отличными пособиями для изучения корейского языка являются книги, диски, кассеты. Они предназначены для желающих изучать корейский язык на различных уровнях - начальном, промежуточном, продвинутом. Лексика языка разнообразна по тематике. Учебные уроки интересны по содержанию и привлекательны по форме. Книги о природе, населении, городах Кореи превосходно дополняют данную коллекцию.

Компьютер, телевизор с DVD-проигрывателем, проектор являются гармоничными составляющими для познавательного и увлекательного открытия «Окна в Корею».

¹ Казахстан-Корея: движение по пути сотрудничества / «Коре Ильбо», 11 декабря 2009г., с.4.

² <http://www.rsl.ru/ru/news/4217/>

³ Распахнуто «Окно в Корею» / «Казахстанская правда», 12 декабря 2009г., с.6.



Несколько страниц о *Литве*

Литва - красивая страна, утопающая в зелени, расположена в самом сердце Европы. Она имеет богатую историю и славится выдающимися памятниками культуры.



За последние годы между Казахстаном и Литвой налажены тесные экономические, научные и культурные связи. Обо всём этом говорилось на встрече «Несколько страниц о Литве», которая состоялась в ноябре 2009 г. в Национальной академической библиотеке РК. Специально к этому мероприятию сотрудниками НАБ РК были подготовлены книжная выставка и экспозиция графических работ профессора, мастера эскибриса Римантаса Гибавичюса.


Министр-советник, руководи-

тель отдела Посольства Литвы в Астане Антанас Пятраускас свой рассказ о Литве начал со слов о том, что ему близок и дорог флаг Казахстана, как и флаг его родины. На флаге Литвы присутствуют жёлтый, зелёный и красный цвета. Жёлтый цвет обозначает солнце, зелёный – природу (около 70% всей территории Литвы покрыто лесами, буйной зеленью), а красный цвет - это кровь, пролитая в борьбе за свободу отечества.

- Великое Княжество Литовское боролось 200 лет с крестоносцами, - рассказывает Антанас Пятраускас. - И в 1410 году состоялась последняя битва

с крестоносцами - битва на Грюнвальде, что в переводе с немецкого означает «зелёная роща», по-литовски Жалгирис, знакомое название сильнейшей баскетбольной команды Европы. В этом месте Великое Княжество Литовское и Королевство Польское совместно с татарами, монголами, с полками Большой степи, т.е. на территории современного Казахстана, разбили крестоносцев окончательно, и никогда этот орден больше не существовал ... Это наша история, которую мы не должны забывать. И сегодня Литва вновь обра-





щает свои взоры на Казахстан ...

В 2010 году Казахстан – первая из стран бывшего Советского Союза - стала председательствовать в ОБСЕ. А в 2011 году эти полномочия принимает Литва. Поэтому сегодня деятельность двух государств направлена на совместную подготовку к столь ответственному и исторически важному шагу. В начале ноября 2008 года Казахстан посетили профессор – ректоры университетов Литвы. Они побывали с визитами в университетах Астаны, Караганды.

Библиотеки не остаются в стороне и вносят свой вклад в налаживание двусторонних отношений. Так, на встрече генерального директора НАБ РК Отарбаева Р.К. и Министра-советника, руководителя отдела Посольства Литвы в Астане Антанаса Пятраускаса стороны договорились о сотрудничестве по таким направлениям как



обмен фондами, специалистами в рамках проектов Европейского Союза и проектов Организации по безопасности и сотрудничеству в Европе.


На встрече «Несколько страниц о Литве» Антанас Пятраускас передал Национальной академической библиотеке РК подарок от Литовской Национальной библиотеки им. Мартинаса Мажвидаса - произведения Чингиза Айтматова «Тавро кассандры», «Материнское поле», «Буранный полустанок (И дольше века длится день)», «Повести гор и степей» на литовском языке. Таким образом, между библиотеками завязываются новые связи, которые в скором времени будут подкреплены Соглашением о сотрудничестве.

Книги Ч. Айтматова на литовском языке нашли свое место на выставке, посвященной юбилею писателя. Также издания на литовском языке оформлены отдельной полкой на выставке книг, подаренных библиотеке. «В скором времени придёт ещё одна посылка с книгами из Литвы и Посольство приложит все усилия для регулярного пополнения фондов НАБ РК изданиями из Литвы», - отметил Антанас Пятраускас.

Как известно, книга – это самый короткий путь к культурному сближению народов. Поэтому творческие связи с библиотеками Литвы будут способствовать знакомству наших читателей с историей, богатыми традициями и современным развитием двух дружественных государств.



Подготовила Зухра БАЯНОВА
e-mail: zuhraastana@mail.ru



XIX ғасырдағы Жәңгірхан училищесінің ғимараты



Сара КЕНЖЕБАЕВА,
Ж. Молдағалиев атындағы
Батыс Қазақстан
облыстық әмбебап ғылыми
кітапханасы директорының
орынбасары

Жәңгір хан негізін қалаған кітапхана

Кешегі қызыл жалаулы Кеңес Одағының іргетасы қалана бастаған 1920 жылдары қазақ топырағының түкпір-түкпірінде «Қызыл отау» болып ашылған ағарту ошақтары бүгінде жанамын деген жүрекке от беріп, оқимын деген саналы жанды білім нәрімен сусындатқан берекелі, беделді мәдениет орталықтарына айналып отыр. Заман талабына сай оқырмандардың ақпарат айдынына айналған әрбір кітапхананың өзіндік тамырын тереңге тартқан тағылымды тарихы бар. Тозаң тартқан тарихымызды таразылап, бай мұраларымызды насихаттау үшін «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында облыстағы кітапханалар арасында «Ауыл энциклопедиясы – шағын Отан» байқауы өткізіліп, аудан, ауыл тарихы бір жүйеге келтіріліп, облыстың өлкетану қоры құнды деректермен толыққан болатын. Міне, осы үрдісті әрі қарай дамытып, Ж. Молдағалиев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы Батыс Қазақстан облыстық Мәдениет басқармасының қаржылық қолдауымен 2007-2008 жылдары «Ауыл кітапханалары шежіресі» атты облыс

көлеміндегі кітапханалардың тарихи шежіресін жинақтау жұмысына байқау өткізді. Байқау екі кезеңнен тұрды. Бірінші кезең – аудан көлемінде ауыл кітапханаларының шежіресін жинақтау болса, екінші кезең – осы жинақталған құжаттарды саралап, талдап аудан бойынша бір шежіре жинақтау еді. Облыстық байқау қорытындысына аудандық 9 кітапхананың жұмысы қатыстырылып, 285 ауылдық кітапханасының тарихы жинақталды. Яғни, облыс кітапханаларының 70 пайызының тарихы топтас-тырылды. Мұны игі істі үлкен жетістік десек, артық айтқандық емес. Мәселен, Ақжайық ауданындағы ең көне кітапхана, қазіргі Ақжайық ауданы Ілбішін ауылдық кітапханасы негізінде 1889 жылы құрылған облыстағы ауыл кітапханаларының тарихы терең, көне кітапханалардың бірі екендігіне осы жұмыспен танысу кезінде көз жеткіздік. Осы кітапхана шежіресін жинақтау барысында ежелден қазақ жерінің құт-қоныстарының бірі, топырағы қасиетті, суы бал, ауасы жұпар, желі жібек, жайқалған жасыл орманды Нарын құмы – Орда өңіріндегі

алғашқы кітапхананың ашылу тарихы бізді бейжай қалдырмады. Бөкей Ордасындағы ғылым-білімді игеру Жәңгір ханның бастамасымен қолға алынғанын мұрағат құжаттары толық дәлелдей алады. Бөкей Ордасында алғашқы кітапхана ашылмастан бұрын Жәңгір ханның кітап қорына аса бай жеке кітапханасы болған. Астрахандық генерал-майор М. В. Ладжинский осы кітап қорынан көне қолжазбалармен қатар 212 дана шығыс тіліндегі және 35 дана орыс тіліндегі туындыларды кездестіруге болатындығын айтады. Олардың қатарында «Бірінші Петр тарихы» басылымының 4 томы, «Лексикалық энциклопедия» басылымының 15 томы, «Заң жинақтарының» 16 томы, «1829-1841 жылдардағы Ресей империясының екі атласы» бар. Сонымен қатар Ресей империясының сол жылдары жарыққа шыққан «Северная пчела», «Библиотека для чтения» атты мерзімді басылымдары да болған.

1826 жылғы жаз айларында Жәңгір хан жұбайы Фатимамен бірге I Николай патшаның таққа отыру салтанатына барады. Алыс сапардан елге бет алған Жәңгір хан Қазан қаласына соғып, онда Қазан университетінің директоры, профессор К. Фогтпен танысады. Кездесу барысында университетпен және оның кітапханасымен танысқан ол осы оқу орнында өз қол астындағы қазақ балаларын оқыту жөнінде мәмілеге келеді. Профессор К. Фогттың естелігінде 1844-1845 жылдары Жәңгір араб, парсы, түркі тілдерінде жалпы құны 598 күміс теңге тұратын алты қолжазбаны университет кітапханасына сыйға тартқан. Ол сыйға тартылғандардың ішінен мына кі-


таптарды анықтап жазады: парсы тіліндегі Мырза Хайдардың «761-951 ж. ж. Монғол халықтарының тарихы» кітабы, Мостуфи атымен әйгілі Мұхаммед пен Ахметтің парсы тіліндегі шығармасы, «Ғылыми ой-толғаулар» атты түркі тіліндегі тарихи-философиялық шығармасымен қоса Жәңгір хан барлық мұсылман мектептерінде классикалық шығарма ретінде танылған «Мюхтесерюль винамет» атты араб қолжазбасының шығарылуына өзі қаржылай көмек көрсеткен. Аталған университеттің ғылыми базасын нығайтуға қосқан еселі еңбегі үшін 1844 жылғы 29 мамырда Жәңгір университеттің ғылыми кеңесінің құрметті мүшелігіне сайланады.

Хан ордасындағы алғашқы кітапхана

1862 жылы Бөкей Ордасын басқару жөніндегі уақытша Кеңестің төрағасы, полковник К. И. Герн Орынбор генерал-губернаторының атына өтініш жолдап, Ордада кітапхана ашу қажеттілігі туындап отырғанын баяндайды. Онда: «Уақытша Кеңесте қызмет ететін орыс чиновниктері мен мектептің мұғалімдері бос уақыттарында ешқандай көркем әдебиеттерді оқумен айналыспайды. Себебі, жалақылары аз. Кітап сатып алуға мүмкіндіктері жоқ. Кейбірі бос уақытында жағымсыз әрекеттермен шұғылданып жүр. Мұның соңы жақсылыққа апарып соқпасы керек. Сол сияқты Орынбор кадет корпусын бітіріп келіп, Ордада қызмет атқарып жатқан қазақ жастары да ешқандай кітап оқумен айналыспағандықтан, бірер жылда алған білімдерін ұмытуда. Сондықтан оның алдын алудың бірден-бір жолы кітапхана ісін қолға алу қажет», – делінген.

1862 жылдың қыркүйек айында Орынбор және Самара генерал-губернаторы А. П. Безек оның өтінішін қанағаттандырып, Ордадағы қазақ мектептерінің жанынан кітапхана ашу жөнінде сол жылдан бастап рұқсат етеді. Кітапханаға қажетті кітаптарды сатып алу үшін жылына 100 сомнан қаражат бөлініп тұрған. Осы қаржының 75 сомына көркем әдебиет, ал қалған 25 сомына діни кітаптар сатып алынған.

1879 жылы Бөкей Ордасының мектебі Уақытша Кеңестің қарамағынан алынып, Оқу министрлігінің қарауына беріледі. Соған орай мектеп жанындағы Уақытша Кеңес тарапынан көркем әдебиеттерді



Кітапханада сақталған сирек кітаптардың бірі

1844 жылы қыркүйек айында Жәңгір ханға
Қазан университетінің «Құрметті мүшесі»
атағын берген диплом

сатып алуға бөлініп отырған 75 сом ақша тоқтатылып қалды. Тек діни басқарма тарихынан діни кітаптарға ғана 25 сом ақша төленіп тұрады. (Ив.Сем. Иванов «Внутренняя Киргизская Орда» Памятная книжка Астраханской Губерний 1891г. стр-68).

1888 жылы жеке тұлғалардың қаржысы есебінен Ордада екінші кітапхана ашылады да, бұл салтанатты түрде кітапхананың алғаш ашылуы болып бекітіледі. 1889 жылдың 1 қаңтарында кітапхана қорында 80 томдық 51 шығарма жинағы болса, сол жылы тағы 163 томдық 84 шығарма жинағы, 31 дана мерзімді басылым қосылған. Сондай-ақ осы жылдан бастап 22 журналды, 46 апталық басылымды және аптасына екі рет жарық көретін 13 басылым және 16 күнделікті шығатын газетті жаздырып алып тұрған. Ашылған сәттен осы аралықта кітапхана қорына 261 сом 85 тиын түскен екен. Оның 185 сом 46 тиыны кітап сатып алуға, 24 сом 66 тиыны кітаптарды түптеуге жұмсалыпты. 1890 жылдан бастап Ішкі істер министрлігі тарапынан кітапханаға

ПОДЪ ВЫСОЧАЙШЕГО ВОЗВРАЩЕНІЯ
ИМПЕРАТОРСКОМУ ДЕРЖАВНОМУ ВЪЗДАНОМУ ГОУДАРЮ

НИКОЛАЯ ПАВЛОВИЧА

ИМПЕРАТОРА И САМОДЕРЖИЦА ВЕРХОСЛАВНАГО


и проча и проча и проча.

Советъ Императорскаго Казанскаго Университета по представленію члена своего Г. Заслуженнаго Профессора, Статскаго Советника, Доктора Философій Армена, уважая ренешное содѣлѣніе, оказанное ХАНУМУ ВНУТРЕННЕЙ КИРГИЗСКОЙ ОРДЫ, ГЕНЕРАЛЬ-МАЮРОМЪ ЧЕГАНГИРЪ БУКЪБЕВЫМЪ къ распространенію просвѣщенія въ землѣхъ Оренбурга, цѣла отягачна заслуги, приобретенныя имъ по чести Восточныхъ языковъ и принимая съ истинною признательностію высокое вниманіе Его Высочества къ Казанскому Университету, къ засѣданію своему 29 Мая 1844 года единогласно избралъ его своимъ ПОЧЕТНЫМЪ ЧЛЕНОМЪ; на какое избраніе, по ходатайству Его Превосходительства Господина Понятеля Казанскаго учебнаго округа, Табачнаго Совета и равныхъ орденовъ Кавалера Михаила Николаевича Мусина-Пушкина и Государскаго СЕДЬМАГО ПОДЪ того же года утвержденію отъ Его Высочества Императора Государина Министра Народнаго Просвѣщенія, Действительнаго Табачнаго Советника и равныхъ орденовъ Кавалера Сергея Семеновича Угрюмова Советъ Университета, къ совершенной завершености, что Высочествомъ Ханъ, принимая возложенное на него заданіе, не откажется своимъ обширными средствами способствовать къ пользы наукъ, дѣль ему сей дѣломъ за подвизаніе воздѣланіемъ и съ приложеніемъ большой печати Университета. Казань. *Витбергъ* дня 1844 года.

Павловъ Николай Николаевичъ
Ректоръ ИМПЕРАТОРСКАГО Казанскаго
Университета, Заслуженный Профессоръ
Человѣкъ Николай Николаевичъ Сивертъ
Казанскій Академикъ

Павловъ Николай Николаевичъ
Проректоръ ИМПЕРАТОРСКАГО
Университета, Заслуженный
Профессоръ Арабскаго и Персидскаго
языковъ, Советскій Секретарь и Кавалеръ
Витбергъ

Витбергъ Секретарь Совета, Казанскій Академикъ *П. П. Кошмаровъ*



Бөкей Ордасындағы алғаш рет кітапхана ашылған
Торғын қазақ мектебі

кітаптар мен мерзімді басылымдарды жаздырып алуға 75 сом ақша бөліне бастаған. Мұражай қорындағы және тарихи-танымдық басылымдарда көрініс тапқан тарихи деректерге көз жүгіртер болсақ, 1891 жылдың 1 қаңтарында кітап қорында Шекспирдің 5 томдық шығармалар жинағы, Данилевскийдің «Старина», Шевченконың «Кобзарь» тәрізді құнды басылымдары болған. (ҚР.О.А.ф Оп-2, 5122-іс, 26 бет).

Тамырын тарих қойнауына терең тартқан осы кітапхана 1952 жылға дейін Орда аудандық кітапханасы, 1964 жылдан бастап Орда ауылдық кітапханасы деп

аталып, осынау шежірелі өлкені білім нәрімен сусындатып келеді.

Бүгінгі таңда кітапхананың кітап қоры 14 635 дана кітапты құрайды, соның қазақ тіліндегісі — 7 663 дана. 20-дан аса атаумен мерзімді басылымдар жаздырып алады. Жыл сайын 900-ден астам оқырманға кітапханалық қызмет көрсетеді.

Орда жерінің тағылымды тарихын насихаттауда, сан ғасырлық бай мәдени мұрасын және оның қасиетін ұрпаққа танытуда кітапханада «Атамұра», «Экология – ел амандығы» деп аталатын кітапханалық жобалар бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Өлкетанушылық жұмыс бағыттары тек кітап қорын толықтырумен шектелмейді, өлке тарихын зерттеу жұмыстарының басым бағыттары мұражай, аурухана, мектеп қызметкерлерімен, әкімшілік орындарымен жүргізіледі.

Бұл күнде ауылдық Мәдениет үйінде орналасқан кітапханадан аптаның алты жұмыс күнінің қай мезгілінде де оқырмандар арылмайды. Кітапхана заман талабына сай ақпараттық технологиялармен қамтылған. Интернет желісіне қосылып, жаңа үлгідегі ауыл кітапханасы мәртебесін иелену жолында қарқынды жұмыс жүргізуде. Кітапхана тарихын ғылыми тұрғыда тағы да терең зерделеуге жол ашық.





Құран - адамның мұңы кітабы

Құран – күллі мұсылман қауымының шариғат заңдылықтарында, діни ғұрыптарында, тіпті, күнделікті тіршілігінде басшылыққа алатын, аса киелі, қасиетті кітабы. Имандылық, адамгершілік, ізгілік тұтқасы, ғылым мен білімнің қайнар көзі ретінде бағаланатын Құран Кәрім негізінен әдептілік, әділеттілік, ар-ұят, намыс, сабыр, жомарттық, адалдық, достық, татулық, жылы жүректілік, ата-анаға, үлкен-кішіге, әруақтарға деген құрмет, отбасындағы татулық, отансүйгіштік, қанағатшылдық, тазалық, махаббат, адамды сүю сияқты жалпы парасат құндылығын жоғары бағалап, барлық адам баласын соған үндейді. Зұлымдық, жалғандық, екіжүзділік, опасыздық, менмендік, қорқақтық, нәпсіқұмарлық, дүниеқоңыздық, күпірлік тәрізді жаман мінез-құлықтарды имансыздық белгісі ретінде көрсетіп, одан туындайтын жамандықтарды ескертеді, кері әсерлерін көрсетеді.

Құрандағы бұл үндеулер әуелі адамның сана-сезіміне, ішкі рухы мен ақылына бағышталған. Сондай-ақ онда жеке адам мен қоғам үшін қажетті құқықтық, әлеуметтік, экономикалық, этикалық-моральдық жүйелердегі негізгі қағидалар мен ұстанымдар да айтылады. Құран аяттары бұл кітапты адамзатты қараңғылықтан нұрға бастайтын (Худ сүресі), екі дүниенің бақыт жолын көрсететін барша халыққа бірдей жолдаған Алланың сөзі (Бақара, Хашр,) ретінде таныстырады. Мұсылман ғалымдар Құран аяттарын мағыналық мазмұны бойынша былай үшке бөледі:

- Иман, сенімге байланысты аяттар;
- Шариғат үкімдеріне қатысты аяттар;
- Пайғамбарлар өмірі жайлы қиссалар.

Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбар: «Құран күнәмен қарайған жүректерге нұр береді, рухани тірілтеді», – деп бұл кітаптың қадір-



қасиетін айта келіп, «Алла кітабынан бір әріп оқығанға бір жақсылық бар, ол жақсылық он есе еселеніп жазылады. Мен әлиф, ләм, мим – бір әріп демеймін. Әлиф – бір әріп, ләм – бір әріп, мим – бір әріп деп айтамын», – деп, мұсылмандарға оны жиі оқуды, жаттап алуға насихаттайды.

Ақиқаттың ұлы кітабы – Құран Кәрімнің әлемдік ғылымның дамуына қозғау салуына, мұсылмандар арасында бір дүниетаным мен көзқарастың қалыптасуына, рухани жан-дүниенің кемелденуіне тигізген ықпалы зор болды. Сондықтан болар орыстың ұлы ақыны Пушкин орыс тілінде, Гете неміс тілінде Құранды жырға қосады. А. С. Пушкин шығармасы орыс әдебиеті ортасына қызығушылық туғызып, П. Я. Чаадаев, Л. Н. Толстой, В. С. Соловьев, шығыс поэзиясының шебер аудармашысы М. Л. Михайловтың назарын аудартады. М. Л. Михайлов Құранның бірқатар аяттарын өлең жолмен аударды. Әлемге кеңінен танымал жазушы Лев Толстой Құран Кәрім ілімімен терең танысып, Мұхаммедтің (с.ғ.с.) пайғамбар екенін шын мәнінде түсініп, ислам дінін мойындайды.

Құран Кәрім қалай сақталып, мұрты бұзылмай бүгінге қалай жетті?

Кім жинақтап кітап етті деген заңды сұрақ туады. Жалпы, Құранның сақталуына екі фактор әсер етті; біріншісі, Құранның пайғамбар мен жақын серіктері – сахабалардың жүрегінде жатталуы, екіншісі, Құранның жазбаша нұсқалары ислам тарихының ілкі басында сақталуы. Бұл орайда, Алла Тағала Құранның «Қияма» сүресінің 17-аятында: «Құранның жиналуы (жатталуы) және оның оқылуы біздің міндетіміз», – дейді. Алғашқыда Құран аяттарын ұрпақтан-ұрпаққа жаттау арқылы

жеткізу дәстүрі берік орнықты. Құран Кәрімді бастан-аяқ жатқа айтатындар «хафиз» деп аталды. Пайғамбардың сахабалары Құран аяты түскен мезетте толық жаттап алып, оны оқудың тәртібін де жете меңгеріп отырды. Осман ибн Афған, Әли ибн Әбу Тәлиб, Әбу ибн Кағб, ибн Масғұд, Заид ибн Сәбит, Әбу Муса Әл-Ашғари, Әбу Дарда, Муғаз ибн Жәбәл, Әбу Заид, т.б. сахабалар Құранды жатқа білуімен танымал болды. Ислам ғұламалары Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың өзі өмірінің соңғы кездерінде Рамазан айында уахи жеткізуші періште – Жебірейілге Құранды екі рет қайталап оқығаны, періште аяттардың қатесіз жатталғанын тексергені жайлы баяндайды. Жебірейіл періштенің пайғамбарды тыңдаудағы негізгі мақсаты: біріншіден, Құран Кәрімнің дұрыс сақталу жолын мұсылмандарға үйретіп, оның мінсіз сақталуы Алла Тағала үшін қаншалықты маңызды екендігін білдіргендігі; екінші, аят пен сүрелердің бір-бірінің жалғасын тауып, орналасу жүйесін көрсету болды. Сондықтан да мұсылмандар Рамазан айында тарауих намазын оқып, Құранды хатым етуді сүннет деп біледі.

Екінші, пайғамбардың ғибратты ғұмырының соңғы сәтіне дейін уахи, яғни аят келуі ықтималдығы себепті пайғамбар тұсында жинақталмаған Құран, алғашқы халиф Әбу Бәкір кезінде ол бір кітап етіп топтастырылды. Пайғамбардың атақты уахи хатшылары (олардың саны шамамен қырыққа жеткен) – Әбу Бәкір, Омар ибн Хаттаб, Осман ибн Афған, Әли ибн Әбу Талиб, Абдулла ибн Сағд, Заид ибн Сәбит, Зубәйір ибн Аууам, Убәйд ибн Кағб, т.б. аяттарды әдейі ысталып дайындалған теріге, ағаш тақтайға, тегіс тасқа, сүйектерге, тағы сол сияқты заттарға жазып алып отыр-

ды. Мұхаммед (с.ғ.с.) хатшылар жазған аяттарды дауыстап оқытып, мұқият тексеріп тұрды. Құран аяттары Пайғамбарға 23 жыл бойы (610-632 жж. аралығында) түскен болса, бұл үрдіс үзілген емес. Құранды кітап етіп жинақтаудың қажеттілігі пайғамбар бұ дүниеден өткеннен кейін Мусайләма Кәззәб атты жалған пайғамбармен болған Йамама шайқасында (633 ж.) Құранды түгел жатқа білетін 70 сахаба шәйіт кеткенде байқалды. Бұл оқиға Алла Тағаланың сөзін қаз қалпында сақтап, кейінгі ұрпаққа жазбаша жеткізу мәселесін ойландырды.

Омар ибн Хаттап халиф Әбу Бәкірге (р.ғ.) Құранды жинақтап, жазбаша нұсқасын жасауды ұсынды. Алғашқыда «Расул (с.ғ.с.) істемеген істі қалай істейміз?» деп қарсылық білдірген Әбу Бәкір бірнеше күннен кейін Омардың айтқанын мақұл көріп, бұл істі Заид ибн Сәбитке тапсырды. Заид ибн Сәбит ағаш, тас, тері, сүйекке жазылған аяттарды пайғамбар көзі тірісінде көрсеткен тәртіппен, ретпен бағлан терісіне жазып, бір кітап етіп топтастырып қойды. Ол әр аятты кемі екі сахабаның куәгерлігімен, хафиздардың растауымен, Омардың мақұлдауымен жазып отырды.

Хижра жыл санауы бойынша I ғасырдың екінші жартысынан бастап ислам дінінің алыс шалғайларға тарап, әр түрлі халықтардың дін қабылдауы, алайда, олардың араб тілін білмеуі салдарынан Құранды жаңылыс оқу орын алды. Хазіреті Османның халифалығы тұсында енді Құран нұсқаларын көбейту қажеттілігі туды. Нижраның 25-жылы хазіреті Осман Құран Кәрімнің нұсқаларын жазатын кеңес құрды. Оның құрамына Заид ибн Сәбит, Абд Алла ибн Зубайр, Сағд ибн Әби

*Османнан (Оған Алла ризы болсын),
Пайғамбар (с.ғ.с.):*

*“Сендердің ең жақсыларыңың - Құран
үйренген және оны (басқаларға)
үйреткендерің”*

Уаққас, Абд ар-Рахман ибн әл-Харис ибн Нишам сияқты Құранды пайғамбардың өз аузынан жаттаған сахабалар енді. Кеңестің басшысы болып Заид ибн Сәбит тағайындалды. Құранның нұсқасы алғашқыдай аяттардың дұрыс жазылғанына пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) көзі тірісінде хафиз атанған сахабаларға оқыту арқылы тексеріліп, кітаптың алғашқы нұсқасымен салыстырылып көбейтілді. Халиф Осман Омардың анасы Хафса Уммул-Мүмининде (р.ғ.) сақталған қолжазбаның негізінде жасалған Құранның бес нұсқасын ислам орталықтары саналған Басра, Куфа, Дамаскіге бір-бір нұсқасы жіберіліп, бір нұсқасы Меккеде, бір нұсқасы Мәдинада қалдырылды. Құран Кәрімнің бұл нұсқасы «әл-Мухаф ал-Имам» деп аталды. Қазіргі таңда әлем мұсылмандарының қолындағы Құран Кәрім — сол заманда жасалған Құранның өзі.

Әуелгі Құрандарда еш харекет пен ноқат, тыныс белгі болмағандықтан көпшілік қауымға оны сауатты оқу ауыр тиді. Осыған орай, бұл қиындықты шешу мақсатында Әбу әл-Әсуәд әд-Дуәли Құранға дауысты дыбыстардың оқылуын көрсететін харекеттер енгізді. Кейін Насыр ибн Асим (кейбір деректерде Яхия ибн Йағмәр) «та», «сә», «қаф», «фа», «ба», «иай» сияқты жазылуы ұқсас әріптерді бір-бірінен ажырататын ноқаттар қойды. Мұны ғалымдар «Ижам» деп атады.

Бұл Құранның сауатты әрі аяттың дұрыс оқылуына көп ықпал етті. Содан бері Құран Кәрімнің бір харекеті не бір ноқаты өзгерген емес. Құран аяттары кітаптың мағынасы және сөздері Алла тарапынан өзгеріске ұшыраудан сақталғанын және қиямет күніне дейін өзгеріске ұшырамайтын (Хаджр, 9 аят), бұдан кейін басқа бір қасиетті кітап келмейтіні (әл-Маййда, 5 аят), Құран Кәрім белгілі бір қоғамға немесе қауымға ғана емес, барлық адамдар игілігіне ортақ кітап екені (Иусуф, 104 аят), Құран Кәрімді мейлі намазда, мейлі намаздан тысқары басқа жерде оқылсын сауапты ғибадат болып саналатыны және оған мағынасы, сөзі ұқсас аят жазылу мүмкін еместігі (Иунис, 37 аят) сияқты бірнеше ерекшеліктерін көрсетеді. Тарихта 14 ғасырға жуық Құранның тек әріптері үлкенді-кішілі, түрлі каллиграфиямен жазылғаны болмаса, оған бірде-бір өзгерістің, қосып-алудың болмағандығына куә. Тіпті сан ғасырлар бойы Құран оқу әдебі де өзгеріссіз сақталған. Құран Кәрімді ұқыпты, таза сақтау, биік жерге қою, қатесіз, мәнәрлеп оқу сияқты қарапайым ережелері мен шарттары да бұзылмай келеді.

Әуелі аят-хадис сөздің басы, Қосарлы бөйітсымал келді арасы. Қисынмен қызықты болмаса сөз, Неге айтсын Пайғамбар мен оны Апласы, – деп Абай хакім айтқандай Құдайдың қасиетті Құраны, пайғамбардың хадисі

Құран 114 сүреден тұрады.

Жалпы аят саны - 6236.

Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарға Желі-рейіс періште арқылы бәрек-бәрек 23 жыл бойы түсіріліп.

Бұрынғы пайғамбарларда бір мұқажза болған, Файса (ғ.с.) адам емдеу болса, ардақты пайғамбарымыздың мұқажза-засы Құран болған. Құран - тұтас-тай тұңғышығы ғылым, адамдан тұр-кен кітап. Әлемдік ғылым дамыған сайын оның құпиясы ашыла бастады. Ол адам ақыл-ойының, логикасының тұңғышығы деп шындыққа мүдделі жа-нас-пайды. Қазіргі өркениетті, ғылым, білім, электроника, аграраттық заманда дүниежүзінің маңдай ады ғалымдары Құранға бас-лп, оның ғылыми теорияларын мен шек-сіз қасиетіне маңдай қатып там-саныда.

берген саф шындықтары бар-ша әлемге береке, бірлік, ізгілік орнатып, бейбіт өмір орнатуды мақсат тұтады. Ол үшін әр адам өз ішін жан сарайын жоғарыда айтқан жамандықтан азат етіп алуы керек. Құран аяты да сол тазалықты тапқан кезде өзінің бар сырын ашып беретінінен хабар береді. Бұл киелі кітаптың кілті жан тазалығында екенін Шәкәрім қажы:

Іштегі кірді шығарса,
Хақтықтың түсер сәулесі.
Жүректің көзі ашылса,
Адамның хикмет кеудесі,
— деп түсіндіре келіп, ондай болмаған жағдайда:
Наданның көңілін басып тұр,
Қараңғылық пердесі.
Ақылдан бойы қашық тұр,
Ойында бірақ шаруасы.

Кітапты молда теріс оқыр,
Дағардай боп сәулесі.
Малқұмар көңілі бек соқыр,
Бүркіттен кем бе жем жесі.
Жүректе айна жоқ болса,
Сөз болмайды өңгесі.
Тыңдағыш қанша көп болса,
Сөзді ұғарлық кем кісі, — дейді.
Құран сөзінің түбірі — араб ті-ліндегі «қара'а», яғни оқу сөзінен шығады. Ал оқу Құран аятын тәпсірлейтін ғұламалар сөзіне сен-сек, бар жаратылыс (мақұлық) ішін-де тек адам баласына ғана нәсіп болыпты. Сол себепті де Құранның алғашқы аяты «Оқы, Жаратушы ұлық Алланың атымен» деп әмір етіп түскенді.

Өмір ТҰЯҚБАЙ,
дінтанушы

Сіз білесіз бе?

Құранда аталмыш әрбір сөздің қайталануы төмендегідей екен:

Дүние 115 — Ақырет 115
Періште 88 — Шайтан 88
Өмір 145 — Өлім 145
Пайда 50 — Пара 50
Адам 50 — Пайғамбар 50
Күн 365, күн 30, ай 12
Өсімдік 26 — Ағаш 26
Жаза 117 — Кешірім 2x117 = 234
Иман 25 — Күпір 25
Жәннат 77 — Тозақ (жаһаннам) 77
Зекет 32 — Берекет 32
Жақсы 6 — Жаман 3
Шарап 6 — Мاستық 6
Ақыл 49 — Нұр 49 (бұл жерде нұр сөзінің тек жалаң түрі)
Мұсібет 75 — Шүкірлік 75
Күн (аспандағы) 33 — Сәуле 33
Қиындық 114 — Сабыр 114
Ер (адам) 23 — Әйел 23
Садақа 73 — Қанағат 73
Мұхаммед 4 — Шарифат 4
Мүмин 41 — Жихад 41
Намаз 5 — Ай 12
Теңіз 32 — жер 13

Енді мына ғажапқа қараңыз:
Жер + теңіз = 13 + 32 = 45
Теңіз = 32/45*100 = 71.1111111111%
Жер = 13/45*100 = 28.88888889%
Жер + теңіз = 100%

Расында да планетамыздың 71.111%-ын теңіз, 28.888%-ын жер алып жатады. Бұлардың барлығы кездейсоқтық болмас.



Қазақстан Республикасы Президенттік мәдениет орталығы соңғы кездері Астана қаласындағы шын мәніндегі, руханият ордасына айнала бастады. Музей, ғылыми зертхана, кітапхана, концерттік зал қызметі салалары бойынша кешенді жұмыс атқаратын орталықта мемлекеттік, ұлттық маңызы бар іс-шаралар жиі өткізіліп тұрады. Елбасының өзі эскизін сызып, соның негізінде салынған шаңыраққа биыл қазан айында 10 жыл толғалы отыр.

Мырзатай Жолдасбековтың жеке кітапханасы

Қазақстан Республикасы Президенттік мәдениет орталығының директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор, танымал түрколог ғалым, қазақ мәдениетінің қамқоршысы Мырзатай Жолдасбеков 2007 жылы аталған руханият орталығына өзінің өмір бойы жинаған бай кітапханасын, сонымен қатар түрлі деңгейдегі шетел басшыларының сыйға тартқан құнды мүліктерін жас ұрпақ игілігі үшін тарту

еткен еді.

Қазіргідей жаңадану заманында халық арасында кітапқа деген сұраныс азайды деген пікір бар. Әрине, әлемде Интернет жүйесі жоғары қарқынмен дамып, жан-жақты жедел ақпарат алу мүмкіндігі артқанмен, оның бәрібір сан ғасырлар бойы адамзат ақыл ойының асыл қазынасына айналған кітапқа балама бола алмайтыны анық.

Алматыдағы академик жазушы



Мұхтар Әуезовтің кітапханасы бүгінде сол күйінде сақталып, музей ретінде өз қызметін атқарып тұрғаны белгілі. Өкініштісі сол, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов секілді әдебиет алыптарының музейінде олардың кітапханасы толық сақталмапты. Қазір өмірден өткен қазақ зиялылары көпшілігінің кітапханалары қолда.

Мырзатай ағамыз Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің ректоры болып тұрған кезде университет кітапханасына Әлкей Марғұлан, Сапарғали Бегалин, Мұхамеджан Қаратаев, Кемел Ақышов, Тұрсынбек Көкішов секілді белгілі қаламгерлердің жеке кітапханаларын алдырып, жас ұрпақ игілігіне пайдалануына күш салған еді. Драматург-жазушы Қалтай Мұхамеджановтың да Алматыдағы кітапханасын әкелуге де әрекет жасаған екен, бірқатар себеп-

термен алдыра алмапты.

Сол игілікті іс бүгінде өзінің жалғасын тауып, «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығы Оразкүл Нұрмағамбетова, Рабиға Сыздықова, Серік Қирабаев-Әлия Бейсеновалардың, Ақселеу Сейдімбек, Тұрсын Жұртбай секілді ғалымдардың жеке кітапханаларымен толығып, студенттер білімінің артуына септігін тигізуде.

Қазіргі таңда Отырар кітапханасында Әлкей Марғұланның - 573, Сапарғали Бегалиннің - 316, Мұхамеджан Қаратаевтың - 10 070, Тұрсынбек Көкішевтің - 5800, Рабиға Сыздықованың - 2133, Оразкүл Нұрмағамбетованың - 821, Серік Қирабаев-Әлия Бейсеновалардың - 5044, Ақселеу Сейдімбектің - 1590, Тұрсын Жұртбайдың - 800 дана жеке кітапханасынан еңбектер жинақталып,

барлығы 36 000-нан аса кітап оқырмандар игілігіне жарап жатыр.

2003 жылы филология ғылымдарының докторы, профессор Мекемтас Мырзахметовтың жеке кітапханасын М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті сатып алып, білімгерлердің еркін пайдалануына мүмкіндік тудырса, ұйғыр халқының аса талантты түркітанушы ғалымы, марқұм Ғожахмет Садуақасовтың жеке кітапханасы Түркістан университетіне былтыр жеткізілгенін естідік.

Осындай жақсы үрдістер еліміздің түкпір-түкпірінде өз жалғасын тауып жатса дейміз.

Біз бүгін Президенттік мәдениет орталығында елорда жұртшылығына жемісті қызмет көрсетіп келе жатқан көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, танымал ғалым Мырзатай Жолдасбековтың жеке кітапханасы



жайында кеңінен мағлұмат беруді жөн көрдік.

Мырзатай ағаның кітапқа деген құмарлығы сонау алыс шалғайда Қаратаудың бөктеріндегі Ақтөбе ауылында басталса керек.

«Әкем Жолдасбек қызыл шырайлы, келбетті, бойы биік, мақтанып-желпінбейтін, кең пейілді, сабырлы кісі еді. Аздап сауаты болатын. «Столыпин реформасы», Плеханов, Маркс идеясының Ресейге тарай бастауы» дейтін ол кісінің өз қолымен жазған бір жапырақ қағазы менде сақтаулы. Кісінің ала жібін аттамайтын, ешкімге қиянат жасамайтын, бейауыз сөз айтпайтын еді. Үнемі «Тәртіп керек, нысап керек, қоғамның мүлкін сақтау керек» деп отыратын. Өмірден қайтқанша колхозды басқарып өтті.

Апта сайын ауданнан атының екі жағына теңдеп газет әкелетін. Маған оқып беретін. «Ойынның түбіне жеткен бала жоқ, одан да қариялардың әңгімесін тыңда, пайдасы тиеді» - деп, соғым басынан, кісілікті жерден мені тастамай, үнемі қасына алып жүретін. Сондай кештерде «Алпамыс», «Қобыланды», «Мың бір түн», «Мұңлық-Зарлық» секілді қисса-дастандарды жарыса оқушы едік. Мен он

жасқа жеткенде әкем өмірден қайтты.

Кейін Алматыға келіп, Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің студенті атанып, жатақханада тұрғанда, баспана азабын тартып, пәтерден-пәтерге көшіп-қонып жүргенде біраз құнды кітаптарымнан айырылдым. Бірқатар кітаптарымды қыздарым тұрмысқа шыққанда жасауына қосып бердік. Менің ғалымдық жолымды жалғастырған немерем Ақбота болды. Диссертациясын Мәскеуден қорғап келді. Біраз кітаптарымды аттай қалап, сұрап алып пайдаланып жүр.

Ең өкініштісі, жас ұрпақ білімділікке, мәдениеттілікке талпынсын деп, 2006 жылы 60 жасқа толғанымда, ішінде ұстазым Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясына «Шырақ Мырзатайға» деп жазып берген қолтаңбасы бар, барлығы 200 кітапты туған ауылымның мектебіне тапсырып едім, қазір біреуі де қалмапты, бармағымды шайнап қалдым», - дейді Мырзатай аға.

Қазіргі таңда М. Жолдасбековтың жеке кітапханасында 5000-нан аса кітап қоры жинақталған. Ашылғанына үш жылдай уақыт болған жеке кітапхананың оқырмандары күннен

күнге артып келеді. Кітапханашы Бибігүл Бекенбаеваның айтуынша 2009 жылы 2862 оқырманға қызмет көрсетіліпті.

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаевтың еңбектері мен «Тәуелсіздік», «Астана» тақырыбындағы кітаптар өз алдына арнайы сөреге қойылған.

Кітапхана қоры негізінен әдебиет, тіл, тарих ғылымдары салалары мен ұлт мәдениетіне қатысты құнды еңбектерден тұрады. Сонымен қатар Ислам тарихы, Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с) мағыналы өмірі жайында араб, шағатай әріптерімен жазылған сирек кітаптар қоры бар. Мәселен, XVIII ғасырдың соңында шыққан қасиетті Құран Кәрімді белгілі коллекционер Азат Әкімбек сыйласа, фолкльортанушы ғалым В. Радловтың 1892 жылы жарық көрген «Атлас Древностей Монголии» атты құнды туындысын Астана қаласының әкімі Иманғали Тасмағамбетов сыйға тартыпты. Бас мүфти Әбсаттар қажы Дербісәлі «Қазақстанның мешіттері мен медреселері» атты еңбегі де оқырмандардың қызығушылығын тудыруда екен.

Бүгінде бірқатар танымал тұлғалар

мен ғалымдар, студенттер мен мектеп оқушылары М. Жолдасбековтың жеке кітапханасының тұрақты оқырмандарына айналған.

Тәуелсіздік күні, Наурыз мейрамы қарсаңында мұнда түрлі іс-шаралар ұйымдастырылып тұрады. Оған елордадағы жоғары оқу орындарының студенттері мен мектеп оқушылары белсене қатысып жүр. Жас ұрпақты кітапханамен таныстырып, қызығушылығын арттыру мақсатында кітап көрмелері өткізіледі. Көрмеге жаңа кітаптармен қатар сирек кездесетін әдебиеттер де қойылып, көрме қонақтарына оқырман билеттері тапсырылды.

«Кітаптардың жиналу тарихы да өз алдына қызық. Бұрын табанымыздан тозып жүріп, жақсы кітап жарыққа шықса тауып алып оқуға талпынушы едік. Құдайға шүкір, қазір авторлардың өздері жаңа кітаптарын әкеліп беріп, ойларымен бөлісіп, кейбірі поштамен салып жіберіп жатады», – дейді бай кітапхана иесі Мырзатай ағамыз.

Мәселен, «Орыс-парсы сөздігі» еңбегін 1993 жылы Мырзатай аға Қазақстанның Иран Ислам Республикасындағы тұңғыш елшісі қызметіне тағайындалып, сол елге жүрерде халқымыздың белгілі драматург-жазушысы Қалтай Мұхамеджанов сыйға тартқан екен.

Сондай-ақ аталған кітапханадан елімізге кеңінен танымал Кенен Әзірбаев, Әбділда Тәжібаев, Зейнолла Қабдолов, Серік Қирабаев, Қалтай Мұхамеджанов, Шерхан Мұртаза, Ілия Жақанов, Әкім Тарази, Ақселеу Сейдімбек, Дүкенбай Досжан, Дулат Исабеков, Рымғали Нұрғали, Зейнолла Самашев тәрізді танымал тұлғалардың жеке қолтаңбалары қойылған авторлық еңбектерімен де танысуға болады.

Атап айтқанда, халық композито-

ры Кенен Әзірбаев 1974 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан таңдамалы шығармалар жинағына «Мырзатай балама! Осы кітабым саған ескерткіш болсын, шырағым!», – деп жазып, араб әрпімен өз қолтаңбасын қалдырған екен.



Халқымыздың қабырғалы ақындарының бірі, ғалым Әбділда Тәжібаев 1977 жылдың 19 мамырында «Жылдар, ойлар» атты еңбегін: «Өзімнің өзегімнен шыққандай Мырзатайыма» ағаң Әбділда», – деп қолтаңбасын қойып сыйлапты.

Белгілі ғалым, сөз зергері Зейнолла Қабдоловтың 1983 жылы жарық көрген кітабының алғашқы бетінен автордың: «Ардақты Мырзаш пен Мәриямға! Ширек ғасырдан асқан шынайы достығымыздың бір белгісі болсын: шын жүректен, ақ тілекпен ұсынамын – 20.VIII.83, Қаратал жағасы...», – деген жолдарын оқуға болады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі Серік Қирабаев 2008 жылдың 8 сәуірінде көптомдық шығармалар жинағына: «Қадірлі Мырзатай! Бүгінгі қазақтың сөзін сөйлеп, ісін істеп, намысын жыр-татың, талантты ұлдардың бірі – өзің. Әрқашан сыйластықпен, құрметпен қараймын. Сол риза көңілдің белгісі болсын», – деп жазып, ағалық ықылас пейілін білдірген екен.


Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Шерхан Мұртаза жеті томдық шығармалар жинағын: «Жылқыда да жылқы бар – Қазанаты бір бөлек, Жігітте де жігіт бар – Азаматы бір бөлек. Азамат Мырзатай! Жұлдызың биіктен-биіктен жарқырай берсін! Қараша 2007 ж.», – деп қолын қойып, сыйлапты.

Халқымыздың көрнекті жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауре-



аты Дулат Исабековтің бес томдық шығармалар жинағындағы: «Университет қабырғасынан бастап ұстаз боп келе жатқан ел ағасы, ғылым мен азаматтық биігінде көрініп жүрген ұстазым Мырзекеңе інісі Дулаттан 23.04.03», – деп жазған қолтаңбасынан ұстазға деген шәкірттің шүбәсіз көңілін байқауға болады.

Бүгінде өмірден өткенмен есімдері ел жүрегіне мәңгі ұялаған ұлылармен бірге асқар таудай боп арамызда жүрген абыз ағалардың кітапта қалдырған кішкене бір ауыз қолтаңбасынан-ақ тұлғалар арасындағы шынайы қарым-қатынасты,



таңғы шықтай таза ниетті байқауға болатындай.

Батыс елдері Наполеон Бонапарттың жазған хатының бір парағының өзін аукционға қойып, миллиондаған доллармен бағалап жатқанда, қазақ тұлғалары қолтаңбаларының да күн өткен сайын маңызы артып, құны өсе түсері анық.

Мырзатай Жолдасбековтың жеке кітапханасынан тек бірыңғай кітаптармен ғана емес, мемлекет қайраткері өмірінің әр кезеңінен сыр шертетін құнды бұйымдармен (экспонат) де танысуға болады. Олар: Иран, Ресей, Қытай, Америка, Малайзия, Оңтүстік Корея, Палестина секілді іргелі елдер басшыларының тарту өткен кәдесыйлары. Сыйлықтар арасынан төл теңгеміз бен иран, моңғол ақшаларының да үлгілерін көруге болады. Осы сый-кәделердің ішінен Мырзатай аға Қазақстан Республикасы тұңғыш Президенті Н. Назарбаевтың сыйлаған қолсағаты мен көрнекті қоғам қайраткері, ақын О. Сүлейменовтің естелік сыйлығын ерекше бағалайды екен. Мұхаммед (с.ғ.с) да өз хадисінде «Бір-бірлеріңе жиі сыйлық жасаңдар, жүректерің жұмсарады» демеп пе еді. Аталған сый-кәделер елге тұтқа болған тұлғалардың өзара жылы қарым-қатынасын айғақтап тұрғандай.

Жақында ғана «Мені тұлғалар өсірді» деген тақырыппен «Егемен Қазақстан» республикалық газетінің төрт бірдей санына жарияланған Әбдіжәмил Нұрпейісовтың естеліктері де осы Мырзатай ағаның жеке кітапханасының қорындағы бейнежазбадан дайындалған еді.

«Асыл арналар», «Жүз жыл жырлаған жүрек», «Тоқсан толғау», «Ел тағдыры – ер тағдыры», «Шың мен шыңырау», «Орхон ескерткіштерінің толық Атласы»,

«Тастар сөйлейді» «Күндерімнің куәсі», «Сөзді ұғатын кез келді» секілді сүбелі еңбектердің авторы, танымал түркітанушы ғалым Мырзатай Жолдасбекұлының халқымыздың ұлттық аспабы домбыра жинайтынын да бүгінде біреу білсе, біреу білмейді. Қазіргі таңда өнер қамқоршысының қолында атақты қолөнер шеберлері сапалы ағаштардан жасаған онға тарта домбыра бар. Бұл жайында Мырзатай Жолдасбекұлы: «Өзім он жыл бойы ағалы-інідей, әкелі-баладай болып сыйласып, араласқан Кенен атамның: «Домбыра тастамаймын қайда барсам, Жаным жүре алмаймын байламасам», - дегеніндей, домбыра — менің жаным ең жақын аспаптардың бірі. Кейде мақала жазып, қиналған сәттерімде қолыма домбыраны жиі аламын. Ол жеміссіз де болған жоқ. Менің «Толғау», «Қосбасар» деген күйлерімді белгілі күйші Жанғали Жүзбаев орындап жүр. Біз кешегі күй құдіреттері – Сүгірді, Төлеген Момбековті көзімізбен көріп, күйлерін тыңдаған адамбыз. Әр домбырамның мінезі әр түрлі, әрқайсысы өзінше ыстық, сондықтан жас баладай мөпелеп ұстаймын», – дейді.

Халқымыздың байтақ тарихы мен шежіресін шанағына сыйдырған төл аспабымыз домбыраға жеке кітапхананың төрінен орын берілген. «Алаштың аяулы ұлдарының бірі, марқұм Ақселеу Сейдімбек ағамыз бұл кітапхананың тұрақты оқырмандарының бірі болды. Келген сайын қайың сапты, қоңыр домбыраны қолына алып, тартып тұрушы еді, бәріміз тыңдап бір жасап қалушы едік», – деп еске алады кітапханашы Бибігүл Бекенбаева.

Ақылына ақы сұрамайтын алтын қазынаның (Ә. Науаи) иесі Мырзатай ағамыз Қазақстан Республикасының Ирандағы тұңғыш елшілігін ашып,


парсы жеріне көк байрағымызды тігіп, сол елде Төтенше және өкілетті елші болған жылдары Тегран университеті кітапханасының қолжазба қорынан әл-Фараби трактаттарының көшірмесін жасатып, елге әкелдірген еді.

Қашанда ел жер, тіл діл тақырыптарындағы өткір ойларын ашық білдіріп, еліміздің абызына айналған Мырзатай ағамыз мемлекеттік тіл мәселесі жайында: «Жапонияда мейлі қандай мамандық иесі болсын, жапон филологиясы мамандығын (екінші мамандық ретінде болса да) игермеген адамды жоғары қызметке тағайындамайды екен. Жапон филологиясы дегеніміз – жапон тілі мен әдебиеті, халықтың ары мен жаны. Жапон халқының дүниетанымын терең түсінетін адам ғана сол ұлттың, мемлекеттің мүддесіне жанын салып қызмет ететіні белгілі. Ал біз әлі күнге мемлекет құраушы ұлттың жан-дүниесін түсінбек түгілі, ана тілінде амандаса алмайтын адамдардың арқасынан қағумен келеміз», – деп ашынады.

Мырзатай аға қазіргі таңда Президенттік мәдениет орталығынан Түрік мәдениеті орталығын ашу және атақты түркітанушы ғалым Иштван Қоңыр Мандокидің Венгриядағы 25 мыңдай құнды еңбектен тұратын жеке кітапханасын жеткізу жұмыстарымен айналысуда. Үнемі ұлт ұпайын түгендеп, Отанына олжа салып жүретін тұлғаға сәттілік тілейік.

«Цивилизацияның жалпы көрінісінде әрбір халықтың орны, оның оқыған кітабының санымен анықталады» (Ә. Лабуле). Осы тұжырымға сай, жүректеріңізге ізгілік нұрын жинап, жан-дүниелеріңізді байытқыларыңыз келсе, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Мырзатай Жолдасбековтың жеке кітапханасының оқырманы болуға асығыңыздар, ағайын!

Шырынбек ҚОЙЛЫБАЕВ,
ҚР Президенттік мәдениет орталығы
бас директордың орынбасары



Қадыр МЫРЗА-ƏЛИ,
ақын

1. Теледидар бар, театр бар – кітапхананың қызметін бөліп-бөліп алды ғой. Бірақ, кітапхана әр уақытта керек деп ойлаймын. Роттердамский деген атақты оқымысты-философтың: «Менің кітапханам қайда болса, Отаным – сонда», – деген сөзі бар. Отанның жанында тұрған нәрсе еш уақытта қажетсіз болып қалмайтын болар...

2. Электронды кітапхана жағын жақсы білмеймін. Бұл да кітапты өткізудің бір амалы шығар. Мысалы, Америка уақытты үнемдеу, басқа жағын ескеру мақсатында Толстой, Достоевскийлердің шығармаларын қысқартып-ықшамдап шығаруда. Бала мүлдем оқымағаннан гөрі аз болса да оқығаны дұрыс деп жасалынып жатқан шаралар ғой.

3. Мен мектепке бармастан кітап оқыған баламын. Сондықтан кітапханасыз өмір сүре алмаймын. Осы Алматыда студент болып жүрген кезімде ғана кітапханаға барған едім. Қалған өмірімнің бәрі өз кітапханамда өтіп жатыр. Керек кітаптарым өзімде бар болғандықтан қазір кітапханаларға бармаймын. Ал қанша кітабым бар екенін өмірі есептеген емеспін. Кішкентай бөлмем толы кітап, әйтпегір. Роттердамский айтқандай, менің де Отанымның бірі – сол Әрине, туған жер – Қазақстанның орны бөлек, оны кітапханаға сатып жіберуге болмайды.


АЛАШТЫҢ АЛТЫН БЕСІГІ

Қазақ даласындағы Тәңірінің нұры түскен өлкелер мен құт дарыған қасиетті мекендердің тамаша табиғаты һәм тағылымды тарихы туралы кітап-альбомдар кейінгі кезде оқырман назарына жиі ұсынылып жатыр. Шүкір, олардың қатарынан «Ұлытау», «Ойыл», «Қазығұрт», «Ерейментау» кітаптарын көріп жүрміз. Міне, бүгін бұл тізімді ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, көрнекті прозашы, эссеші Әлібек Асқаровтың тарихи-танымдық сафари жанрымен жазылған «Алтай – алтын бесік, атажұрт» кітабы толықтырып отыр.

Өр Алтайдың өнегелі өрісі мен өрелі өңірін, пенденің санасы жетпеген тылсым табиғатын қыз бұрымына қоса өрілген гүлдей қылып фотосуреттермен ерекшеленген кітап «Көккөл», «Шындығатай», «Мұзтау», «Шабанбай» секілді эссе туындылардан тұрады. Бұл толғау-эсселер бірінбірі толықтырып, Алтайға ғана тән ерекшелікті түйсінуге көмектеседі.

Алтайдың батысынан шығысына дейінгі сұлу келбетін сүзгіден суреттей өткізу Әлібек Асқаровтың маңдайына жазылып, бақытына бұйырыпты. Әлемге аян Алтай тауын төрт жыл бойы армансыз аралаған автор осы кітабында ел мен жер тарихын баяндайды, бастан кешкен қызықты оқиғаларын әңгімелейді. Жыл сайын жаз шыға «Алтай, қайдасың?» деп тартып отыратын Әлібек ағамыздың әңгімелері кім-кімді де бейжай қалдыра алмайды. Өйткені, мұнда сағыныш бар, ауылды аңсау бар, туған жерге деген шынайы махаббат бар және сол асыл сезімдерді жеткізе білетін көркем де кестелі тіл бар.

Алтай туралы айтылар әңгіме көп. Жат жұрттықтардың көкірегіне көркемдік сыйлаған таудың тамаша



келбеті, бауырындағы тіршілік иесі – жан-жануарлар мен өсімдіктер әлемі, аузын ашса көмейі көрінген аңғал да қарапайым жұрты, көрі еменнің тарамдалған бұтағындай қатпар-қатпар тарихы Алаш баласының мақтануға тұратын, сүйсінуге жарайтын дүниесі болуға тиіс. Алаш жұртымен Алтай да қадірсіз болмақ емес. Өйткені, Алтай мен Алаш — атам заманнан бері қатар келе жатқан егіз ұғым.

Қазақ әдебиетіне өзіндік өрнегімен қосылған көркем туындының тұсаукесер рәсімі ҚР Ұлттық академиялық кітапханасында болып өтті. «Фолиант» баспасынан жарық көрген жаңа туындының таныстырылымына елордадағы қаламгер қауым түгел жиналды. «Философия – табиғаттың тереңі» деген қанатты сөз бар. Прозаның тереңіне жетіп жүргендердің бірі – Әлібек Асқаров. Ол прозаның тереңіне қалай барады?! Өзі өте жақсы білетін тақырыбы – туған мекені, туған Алтайы. Әлібек мемлекеттік жұмыспен шығармашылықты қатар атқарып, соның үйлесімін тауып жүр», – деді қаламдас досы, философ, сенатор Фарифолла Есім.

ЕЛДІКТИҢ ЕСКЕРТКІШІ

Ақпараттық технология дәуірлеп тұрған қазіргі таңда жас ұрпақты, келешек буынды туған өлке тарихымен таныстырып, насихаттап отыру – сауапты іс. Құт дарып, қасиет қонған кең-байтақ даланың өткені мен бүгінгі ұрпақтар жадынан өшірмеу, шежірелі жердің иесі өзге емес, өзің екенін ұғындыру жолында Астанадағы «Фолиант» баспасы шығарып отырған «Менің Отаным – Қазақстан» сериясы қабырғалы қаламгер, марқұм Қуаныш Ахметовтің «Ұлытауынан» басталған болатын. Одан кейін жарық көрген «Ойыл» кітабын да қазақтың тарихына, әлкетану саласына қосылған сүбелі еңбек деп бағалауға болады.



Аталған серияның кезекті шығарылымы – «Көне дала, көк жазық, көшелі бел – Ерейментау» деп аталыпты. Осынау тамаша кітаптың тұсаукесер рәсімі жуықта ҚР Ұлттық академиялық кітапханасында өткен болатын.

Қазақтың даңқты перзенті Иманжүсіп:

Бүркіт ұстап басыңа шығар едім,
Көзіме бір көрінші, Ерейментау! –
деп жырға қосқан Ерейментау ғой бұл!

«Ерейментау» тарихи-танымдық кітабының бетаашарсөзі қоғам қайраткері Аманжол Қалықовтың алғысөзімен ашылған: «...Ұлт шежіресі мен мемлекет тарихы әр ұлыстың, әр аймақтың, сол жерді мекен еткен халықтың өткені мен кеткенінен құралатыны айтпаса да белгілі. Осы тұрғыдан алып қарағанда, Қазақ елінің тарихы үлкен бір том десек, Ерейментау өңірінің тарихы соның алып тастауға болмайтын мағыналы бір тарауы сияқты».

Әлкетану кітабында Ереймен тарихы мен тағдыры аңыз арқылы да, нақты мұрағаттық деректер арқылы да ұғынықты баяндалады. Географиялық-геологиялық жағдайына сипаттама жасалып, «Қызыл кітапқа» енген аң-құсы

мен жасыл өлем құраған өсімдік дүниесін, олардың басқа өңірден ерекшеліктері жан-жақты суреттеледі. Кітаптың «Төсінен бұл даланың кім өтпеген?!» тарауында тебінгі теріс тағып ту көтерген әруақты бабалар мен аталардың өмірі, ерлік еңбектері қамтылыпты. Ереймөнді көсемдер мен шешендер елі десек те, біз білмейтін, кезінде атын атауға тыйым салған қайраткерлер қаншама?! Исламның нұрын өшірмеген Сәдуақас (Сәкен) Ғылмани, Ақтан халфе Жақияұлы, Әкбар халфе, Тоқан (Тоқмағамбет) хазірет сияқты қызыл кеңестің қырына іліккен діндарлар есімі енді ғана еленді емес пе?! Осы тұрғыдан алғанда, «ақтаңдақ» беттерді баспа бетіне шығарып, оқырманға ұсыну кітап құндылығын арттыра түскен.

Қанжығалы қарт Бөгенбай бабамыздың дулығасы, Кеңесарыдан жылқы айырған Майлан таулары, Құлагер опат болған Шырпылы биік, Иманжүсіп өнге қосқан Қара Қойтас, көркімен таңғалдырған Жаушоқы-Қарағайлы, 1916 жылғы көтерілістің куәгері Кеңсау биігі... – Міне, осылай тізіліп кете беретін суреттер тарихы да кім-кімді бейжай қалдыра алмасы анық. Осыны көріп, танып, ата тарихыңның құрдымға ба-тып, судай сіңбегеніне разы боласың.



Амангелді АЙТАЛЫ,
философия ғылымдарының докторы

1. Парламент Мәжілісінің депутаты болған кезімде «Кітапхана туралы заңның» бастамашысы болғанмын. Сол кезде кейбір министрлер мен депутаттар «Кітапхананың болашағы жоқ; кітапхана қажет емес, болашақ – интернет тораптарында» деген пікірді ұстанды. Өкінішке қарай, қазіргі уақытта да сондай көреар пікірді қолдайтындар да бар. Шын мәнінде, кітапхана қай уақытта да, қай мемлекетте де ол – білімнің, мәдениеттің ордасы болып қала береді. Жуырда кітапхана мәселесі жайында АҚШ, Ұлыбритания және басқа да Еуропа елдерінде пікірталас апталығы жүрді. Нәтижесінде кітапханаларды қайта қаржыландырып, көркейту жолға қойылатын болды. Біріншіден, бүкіл адамзаттың рухани байлығын интернет тораптарына сыйғызу мүмкін емес. Екіншіден, әр азаматтың заңдық тұрғыдан ақпарат алу мүмкіндігін шектеуге болмайды. Әрбір азамат кітапханадан ала ма, жоқ, интернеттен ала ма ерік өзінде ғой. Сондықтан кітапханаларды ақпараттық заманда әрбір ұлттың өзінің ерекшелігіне қарай, таламына қарай реттеу керек. Мысалы, Ұлыбританияда кітапханалардың қоғамдағы орнын шіркеулерге теңеді. Шіркеулерден адамдар қандай рухани күш алса, кітапханалардан да сондай күш алады. Тіпті одан да артық болмаса, кем алмайды. Осыны ескере отырып, кітапханалар санын шіркеулер секілді көбейтіп, халықтың жаяу барып кітап оқуына мүмкіндік жасау керек деген талап қойып, тіпті осындай өзгерістерді заңдарына енгізіп жатыр. Сондықтан кітапханалар әсіресе, ауыл кітапханасы еш уақытта қажетсіз болып қалмайды.
2. Электроды кітапхананың мүмкіншілігі мол. Оның орны бір бөлек. Ал баспадан безендіріліп жаңа шыққан кітапты қолға алып оқығанның өз ләззаты бар. Электронды кітапхана, ауылдық немесе қалалық кітапхана бір-біріне балама емес. Бұлар – бір-бірін толықтырып тұратын ақпараттың көзі.
3. Бар. Біз Кеңес заманында тәрбиеленген, білім алған адамдармыз ғой. Қоғамдық ғылымдар саласынан жасыратыны жоқ жеке кітапханамда Маркс, Энгельс, Лениннің кітаптары көп. Бұлардың шығармалары бүгінгі күнге сәйкес келмейді деп айта алмаймын әлі пайдасы бар. Бұлар – мен үшін үлкен құндылық. Жеке кітапханам Ақтөбедегі баламның үйінде. Астанаға көшіре алмай жатырмын. Мүмкін, Ақтөбеге қайтып барамын. Оны Алла біледі.



Дайындаған Заңғар КӘРІМХАН
e-mail: zangarastana@mail.ru



Герольд БЕЛГЕР,
жазушы

1. Керек болғанда қандай! Бала күнімнен керемет жақсы білетінім де, қатты көтермелеп сүйетінім де – кітапхана. Ауылда өстім. Ауылда екі кітапхана болатын. Біреуі – мектептің кітапханасы, екіншісі – ауылсоветтің кітапханасы. Екеуін де тауыстым. Осы кезге дейін, менің түсінігімде, өркениеттің негізгі саласы – кітапхана. Күллі студенттік шақ, аспиранттық кезең – бәрі кітапханаларда өтті. Лекцияға бармай, уақытымның денін кітапханаларға арнайтын едім. Мен бірдеңе білетін болсам, кітапхана арқылы оқып-үйрендім дер едім.

2. Оның не екенін білмеймін. Бірақ электронды кітапханаңыз қажет екеніне көзім жетеді. Әркімдерден естуім бар, оқыған-тоқығаным бар, меніңше бұл өте қажет нәрсе деп есептеймін. Бірақ, біздер, менің буынымды айтып отырмын, бұған әлі үйренбегенбіз.

3. Бар болғанда қандай! Әке-шешем Ташкентте тұратын. Солар жинап бастаған кітаптар әлі күнге бүтін қалпында. Қазір үш балконым бар, бірінші балконда – неміс кітаптары, екінші балконда – қазақ кітаптары, үшінші балконда – орыс кітаптары жинаулы тұр. Кабинетім неше түрлі сөздіктерге, философиялық шығармаларға толы. Жыл сайын 400-500 кітапты музейлерге немесе университеттерге, кітапханаларға тапсырып отырамын. Кант дәйтін философ үйінде небәрі 500 кітап ұстаған. Менің кітабым 500-ден артық, үш мыңдай кітап болар деп ойлаймын.

Статус определяет качество

Создание модельных сельских библиотек является огромным шагом в приобщении жителей села к культурным ценностям. Ведь именно сельская библиотека предопределяет преемственность поколений, формирует духовные и нравственные идеалы нации, берущие начало из сельских глубин. Деятельность подобных библиотек направлена на всестороннее развитие читательского потенциала, повышение грамотности и интереса к чтению.



Жанна ШАЙМУХАНБЕТОВА,
директор Карагандинской областной универсальной научной библиотеки им.Н.В.Гоголя

2004 год был особенным в жизни сельских библиотек Карагандинской области. Областным управлением культуры и областной библиотекой был инициирован проект «Модельные сельские библиотеки», который был поддержан областным акиматом и маслихатом. Бюджет проекта составил 23736,0 тыс тенге, что позволило создать 29 модельных библиотек. Отделом развития библиотек ОУНБ была проведена большая организационная работа по осуществлению проекта: разработано Положение о модельных библиотеках, определены сельские библиотеки, закуплены техника и мебель, обучены кадры и т.д. Наконец, в декабре 2004 года была проведена официальная презентация, на которой аким области вручил Паспорта и свидетельства модельным библиотекам. Начальник управления культуры Омарбекова Р.К. также вручила благодарственные письма сельским акимам и руководителям хозяйств, активно помогавшим в открытии мо-

дельных библиотек. Это был незабываемый праздник! И он каждый год находил свое продолжение, так как в последующие годы модельные библиотеки стали открывать в каждом районе за счет местного бюджета. Таким образом, за 6 лет в области их было создано 86.

Развитию модельных библиотек особое внимание уделяется в Бухаржырауской, Абайской, Нуринской ЦБС. В 2009 году количество модельных библиотек составило 86, (по сравнению с 2004 годом их количество возросло на 57). Сегодня модельных сельских – 68, городских – 6, центральных районных - 7, районных детских - 5. Активный рост количества модельных библиотек в области стал причиной более пристального изучения методической службой ОУНБ им.Н.В.Гоголя




Ертай АШЫҚБАЕВ,
ақын

современного состояния данных библиотек. Его итоги были заслушаны на Коллегии управления культуры Карагандинской области.

За эти годы модельные библиотеки прошли все этапы комплексных социокультурных и информационных преобразований, начиная от облика зданий, оформления,

сельских библиотек составляет 1433239 экземпляров, из них на казахском языке – 570368. Книжный фонд городских модельных библиотек составляет 117518 экземпляров, из них на казахском языке - 15804. В 2009 году на комплектование модельных библиотек было выделено всего 22645,0 тенге. Учитывая, что в модельные библиотеки поступило 30375 экз. новых изданий, можно констатировать, что на одну такую библиотеку приходится более 353 экз. новых поступлений. Выполняя стратегию развития библиотечных фондов, библиотеки получают за счет бюджета новую литературу по тематическим коллекциям: экономике, политике, культуре и праву Казахстана. Для детей и юношества приобретены такие интересные издания, как «Великие чудеса света», «Тематический словарь в картинках», «Смотрим вместе с мамой» и пр. Особое внимание уделяется пополнению фонда учебниками на казахском языке по различным отраслевым дисциплинам: Валеология, Аудит, Банковское дело, Социология, Культурология, Сыртқы экономикалық саясат және экономикалық қауіпсіздік, Экономиканы мемлекеттік реттеудің өзекті мәселелері, Бухгалтерлік есеп, Әлеуметтану негіздері. Традиционно

Сеть модельных библиотек



комплектования и заканчивая содержательной массовой работой. Сегодня здесь используются не только традиционные, но и новейшие информационные технологии. Ее ресурсы включают широкий диапазон материалов: книги, периодические издания, компакт-диски, базы данных.

Книжный фонд модельных

1. Меніңше, өркениеттің бір шарты – кітапхана. Кітапхана бұрын болған, қазір бар, болашақта да болады. Кітапхананың жауы – өркениет емес, өркениетке ілесе алмай жүрген «сауатты надандар». Қазір кітапханаларға кіргенімде, шатты-бұтты өлеңсымақтардан, автордың өзінен басқа ешкім түсінбейтін әңгімесымақтардан, батыр мен бидің ұрпағы болғандықтан, өзінің де осал еместігін 100 пайыз дәлелден шығатын «естеліктерден» құрылған (шіркін-ай, қызылды-жасылды қымбат мұқабалармен шығарылған) «жергілікті» авторлардың «кірпіштері» тізіліп тұрғанын көріп, жүрегім мұздай болады. Осындай шатпақтарды кітапханаларға кіргізбейтін заң неге жоқ екен? Бізге өркениетке лайық кітапханалар ғана қажет.
2. Электронды кітапхана да, әрине, өркениеттің баласы, бәріміздің баламыз. «Бір қозы туса, бір түп жусан артық шығады» емес пе?! Кітапханада жоқты содан тапсақ, несі айып?! Бірақ мен бәрібір экраннан не парақ-парақ қағазға басылып шыққан бумалардан оқығаннан гөрі, мысалы, көркем дүниені мұқабалы кітаптан оқығанда ерекше жан рахатын сезінемін. Өркениетке кіре алмай жүрген шығармын.
3. ...Әуеге келсе, бар. Сонша көп емес, өте аз да емес. Әсіресе, кешегі КСРО заманында, шын мәнінде құнды шығармалар есеппен басылатын шақта, бағасы болашақта да еш төмендемейтін біраз дүниелер жинағам. Қазір, рас, екі шоқып, бір қараймын, үйімде өзіме де, отбасыма да пайдасы жоқ кітаптар шұбырып жүргенін ұнатпаймын. Кітапханам да өзім сияқты талғампаз.

1. Өркеніетке қарай қадам басқан қазіргі кезеңде кітапхана қажет пе?
2. Электронды кітапханаға деген көзқарасыңыз?
3. Өзіңіздің жеке кітапханаңыз бар ма?

ҮШ САУАЛ



Бекболат ТІЛЕУХАН,
ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты

1. Осыдан бірнеше жыл бұрын кассир деген мамандық болған. Ол белгілі бір мекеменің айлығын таратып отырған. Сол үшін оған мемлекет ақша төледі. Қоғамда азды-көпті беделі болды. Қазір банкомат пайда болды. Кассирге деген қажеттілік төмендеп кетті. Келешекте осындай мамандық болмауы ықтимал емес. Ықтимал. Ал енді осы үшін маған ренжуге бола ма?! Болмайды. Бұл – заман талабы. Ол сенің көңіліңмен санаспайды. Сол сияқты жаңа дәуір ауылдағы кітапхана мен клубты қолданыстан ығыстырады. Бұл барлық кітапханалар жабылсын деген сөз емес. Заман аямына қарай оның бір баламасын тап деген сөз. Мысалы, Еуропада зауыттарға жаңадан станоктар қойған кезде жұмыс күшіне деген сұраныс күрт кеміді. Жұмысшылар көтеріліс жасап станоктарды сындырды. Мұны мектептің қабырғасындағы тарих пәнінен жақсы білеміз... Иә, бүгінгі таңда біз өзімізді әлемдік дәрежедегі озық технологияларды қолданатын мемлекетпіз деп санаймыз. Интернетті игереміз, ауылдарды компьютерлендіреміз деп отырмыз. Кешегі кеңес үкіметінің дәуірлеген кезінде ауылдарда сергудің, демалудың, ақпарат алудың, уақыт өткізудің бірден бір көзі кітапханалар мен клубтар еді. Ол кезде теледидар да болды. Бірақ, оның өзі 2-3 сағат



все библиотеки области также пополняются изданиями, выделяемыми областным управлением культуры в рамках программы «Мәдени мұра». При комплектовании модельных библиотек были сконцентрированы усилия на формировании электронного фонда обучающих программ, учебников по языковому, образовательному и информационному услугам.

Анализируя количество новых поступлений, важно также отметить, что не все библиотеки получают необходимое количество новых изданий (норматив ЮНЕСКО – 250-300 экз.). Например, в отчетном году модельная сельская библиотека села Амангельды Улытауской ЦБС получила только 94 книг. Среди всех ЦБС области очень хорошее комплектование

можно отметить в Бухаржырауской ЦБС, в которой в среднем на одну библиотеку приходится по 413 экземпляров книг, такой же показатель по Нуриной ЦБС составляет 232 экз., а в Шетской ЦБС на одну библиотеку приходится по 154 экземпляров новых изданий.

Қарғадай мынау Қазтуған батыр туған жұрт,
Кіндігімді кескен жұрт,
Кір-қоңымды жуған жұрт,
Қарағайдан садақ будырып,
Қылшанымды сары жүн оққа толтырып,
Жанға сақтау болған жұрт.

Салп-салпыншақ анау үш өзен,
Салуалы менің ордам қонған жер,
Жабағылы жас тайлақ
Жардай атан болған жер,
Жатып қалып бір тоқты,
Жайылып мың қой болған жер,
Жарлысы мен байы тең,
Жабысы мен тайы тең,
Жары менен сайы тең,
Ботташығы бұзаудай,
Боз сазаны тоқтыдай,
Балығы тайдай тулаған,
Бақасы қойдай шулаған,
Шырмауығы шөккен түйе таптырмас,
Балығы көлге жылқы жаптырмас,
Бақасы мен шаяны
Кежідегі адамға
Түн ұйқысын таптырмас.
Қайран менің Еділім,
Мен салмадым, сен салдың,
Қайырлы болсын сіздерге
Менен қалған мынау Еділ жұрт!..



Айгүл КЕМЕЛБАЕВА,
жазушы, «Дарын»
Мемлекеттік жастар
сыйлығының лауреаты

Мадақ жырының МӘРТЕБЕСІ

Қазтуған жыраудың «Мадақ жыры» көне грек-римдік поэзия, Горацийден А. С. Пушкинге дейін үзілмеген дәстүр – ақынжанды әлемнің шырағы өшпесін ақынның өз тұлғасы арқылы айту үрдісінен бір бөлек. Жыраулық дәстүрде «Мен» сакральды сипат алады, жеке адамның менінен биік ұғым. Қазтуған жыраудың «Мадақ жыры» – рух шақыру, эго емес. Бұл — халықтың буырқанған тылсым күшін оятатын әулиелік жыр.

Бұдырайған екі шекелі, Мұздай үлкен көбелі,

Қазтуған жырау автопортретін шекеден бастайды. Бақ басқа қонады. «Қошқар шығар қозының маңдайлары дөң келер» деп қазақ шекеліктің зор болуын тектілікке балаған. Шекесі үлкен, шығыңқы келуі даналықтың бітімі, Сократ маңдай. Қазақ ұл туса қуанып, шекесі торсықтай деуі соның нышаны. «Мұздай» — тегіс, тұтастықтық. Мұздай киінді – тегіс киінді. Мұздай қаруланған, нағыз темірден жасалған, міні жоқ, Қазтуған жырау сапалылықты айтып тұр.

Академик Рабиға Сыздықтың «Сөздер сөйлейді» атты зерттеу кітабында архаизмге айналған сөздердің мағынасы терең ашылған. Жыраулар поэзиясын осы кітап арқылы оқу түркілік жадыңызды жаңғыртады. Ендеше, Қазтуған жыраудың «Мадақжырын» ғалымдаярлап берген үлгімен мұқият зерделеп, әр сөзіне

үңіліп шығу қиынға соқпайды.

«Көбе, кіреуке, сауыт. Бұлар мағыналары бір-біріне жақын сөздер. Олар — адам денесін оқ, қылыш, найза тәрізді қарулардан қорғану үшін киетін, көне замандардан бар жауынгер киімдердің атаулары. Көбі – көне сөз. Махмұт Қашқари сөздігінде күбе йарық түрінде хатқа түскен, мағынасы «металл сауыт».

**Зырқырай оғы кетеді,
Көкірек қысқан көбедең,
Қалмады қапыл жебедең.**

(«Ер Тарғын»).

**Үстіңе баса киіп ал,
Алтынды сауыт көбені.**

(«Қыз Жібек»).

Сауыттың бір түрі жалаңқат аталған:

**Мінуге керек қазанат,
Беліне керек шарболат,
Денеге керек жалаңқат.**

(«Қобыланды»).

Батырлар мінетін аттың да арқасы мен жоның, қабырғасы мен мойнын түгелдей жабатын көбелер де жасалған».

Қазтуған жырау көсемнің гимнін салып атойлап, рух шақырып тұр.

Қазақ ертеде рух шақырмай сөз сөйлемеген. Өзі үшін де, дұшпан үшін де асқақ сөйлеудің маңызы зор болған. Айнала жиылған халыққа тіптен ғаламат әсер еткен.

Кілегей қара бұлтпын,

Келе де жаумай ашылман.

Мен — атадан кескекті туған аюмын,

Кескілеспей басылман!

Алдыңа келіп тұрмын деп,

Дұшпаным саған бас ұрман.

Бұл — Марабай жыраудың «Ер Тарғын» жырынан үзінді. Ахмет Байтұрсынұлының сөзі бар: «Елде жоқ рух – ақын сөзіне қайдан келсін?!».

Терең танымды философ жігіт Омар Темірбек: «Рух шақыру — бұл «Мен» емес, эго емес. Рухты сезінбесе жеңіліс. Жырау өз ментін асқақтата сөйлесе, бұл сенімнің төресі. Сүйінбай ақын да қырғыздармен теке-тіресте өзінің өзіне сенімін бекіте түсу үшін айтады. Сөзбен салынған портрет.

Қары ұнымы сұлтандайын жүрісті,

Адырнасы шайы жібек оққа кірісті.

Қары – қолдың иық пен білек аралығы, ішкі жағы, иіні. Қары талды – екі қолы салдырап қалды. Ауыспалы мағынасында: қарына тартты – туған-туысына, тамыр-танысына бұрды.

Сұлтан – бәйге атының кекіліне байлаған үкі, жүргенде желп-желп етеді. Өзін осылай теңеу арқылы Қазтуған «садақ тартқанда менің қолым өте жылдам, көз ілеспейді» дегені.

19 ғасырда жыраулардың соңғы буыны Махамбет асқан мергендікті айналып өтпеуі заңды: «Менің әкем Өтеміс, /Жауырыны жалпақ, мой-

ны ұзын, /Атарына қолы ұзын./ Қабағын қара биік бөрік басқан, /Жауырынына күшіген жүнді, /Қу жебе оқ шанышқан».

Шайы – үлбіреген, жұқа жібек мата. Жыраудың жебесін бейнелейді. Рабиға Сыздықтың «Сөздер сөйлейді» атты тамаша зерттеуі тап бір жыраулар поэзиясын қазақтың кейінгі туған баласы ұғынып оқысын деп арнайы жазылған сияқтанады да тұрады. Бұл кітапсыз бұдан былай қия басу мүмкін емес. «Кіріс. Қазақтың эпостық жырларындағы, Махамбет сияқты жаугершілікті толғаған ақын-жыраулар тіліндегі кіріс сөзі контекстке қарасақ, көбінесе «жақтың тартпа бауы, кермесі, адырнасы» мағынасында жұмсалған. Мысалы, «Қыз Жібектегі»:

Саржанның кірісі

Тартуға келмей үзілді.

«Ер Қосай» жырындағы:

Он атқа алған бұқаржа

Қуысына оқ салып,

Ата алмасам, маған серт!

Атқаным шыдамай,

Кірістен кетсең саған серт! –

деген жолдарда кіріс адырна, тартпа, керме бауды аңғартады.

Көне дәуірлер мен орта ғасырлардағы түркі жазба ескерткіштерінде кіріс – жақтың кермесі, яғни адырна».

Қазтуған жырау өзін әспеттеу арқылы шыққан тегін, ата жұртың, туған елін сүйіп әспеттеп отыр. Сол себепті исі қазаққа тән образдық жүйеден еш ауытқымайды. Көшпелі елге тән қасиетті ұғымдарды өз тұлғасына телуі заңды.

Айдаса – қойдың көсемі,

Сөйлесе – қызыл тілдің шешені,

Ұстаса – қашағанның ұзын құрығы,

Қалайылаған қасты орданың сырығы, –

Қазтуған жырау сөзінің осынау үш теңеуі — ана сүтін еміп, уызына жарып өскен қазақ баласына анық ұғымдар. Мал соңында күнелткен ата-баба тірлігінде кездесетін көріністер. Көсем — идеялық жетекші, дем беруші, топ бастаушы данасы. Қашаған — қашып ұстатпайтын, тұра қашатын асау жылқы. Құрық — жылқы ұстау үшін ұшына ілмек жіп бекітілген ұзын сырық. Қалайы — тез балқитын, ақ түсті (жылтырақ) жеңіл металл. Қалайылау — қалайы арқылы ұстату, қалайымен дәнекерлеу. Орда — орта ғасырлардағы көшпелі елдердің ұлыстық, мемлекеттік атауы, әкімшілік, саяси басқару орталығы, ел билеушілер тұрағы. (Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінен).

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «Қас I — қабақтың үстіне шығатын түк. Қас II — ердің алдыңғы басы мен артқы басы. Қас III — үзіктің шаңыраққа жетіп тұратын шеті». Бұл сөздің тағы екі мағынасы бар: өш және нағыз, тым, аса, қаса.

Ежелгі қазақ ұғымында қасты орда — биік үй. Әдебиеттанушы, философ Омар Темірбек былай дейді: «Сырықты шаңырақтың басын көтергенде қалайылайды. Аттың үстінде тұрып көтерген, жерде тұрса көтере алмайды. Он екі қанат үй. Сырықтың басын ағаш көтерген кезде күлтеленіп кетпесін деп қалайылайды». Сырық сөзі өлеңде ақындықтың аса биік табиғатын таңбалайды.

Елдер атты би соңы,

Би ұлының кенжесі,

Буыршынның бұта шайнар азуы,

Бидайықтың көл шайқаған жалғызы, —

Қазтуған жырау аллитерацияны шебер қолданады. Мәтіндегі «Билер атты би соңы» деген сөз нені білдіреді? Омар Темірбек ескі поэзияның білгірі ретінде мұны былай талдады: «Қазақ пірдің соңы Бекет дейді. Ең күшті

деген сөз. Би ұлының кенжесі десе, кенже бала ең күшті. Қара шаңыраққа ие болып қалады. Сондай-ақ кенже балаға үміт те көп артылады. Би — дала патшалығының әміршісі. Кетбұғыдай аты аңызға айналған билер өткен. Махамбет толғауында «Кетбұғыдай билерден /Ақыл сұрар күн қайда?» деген жолдар бар.

Бидайық — қаршыға тұқымдас, ең қыран құс. Жыртқыштығы ересен, өте жылдам құс. Сорғалатып қаққан кезде қаздарды түгел түсіреді. Найзағай сияқты жарқ-жұрқ еткенде көл бетін апыр-топыр қылып, кеңістікті лезде шайқап жібереді. Қазтуған жыраудың бидайықтың жалғызы дегені таңдаулы жұрттың аз боларын мегзегені, тобырдан сонысымен асарын айтқаны».

Буыршын — аруана мен үлектен туған төрт жасар бура; інген бұзар. Буыршын — жас бура, ең қуатты кезі.

Рабиға Сыздықтың «Сөздер сөйлейді» тілашар кітабында: «Бұлан, құлан, тарпаң-тарпаң. Ауыз әдебиеті мұралары мен өткендегі ақын-жыраулар тілінде белгілі бір поэтикалық жүк арқалап, жиі қолданылған сөздердің қатарына құлан, бұлан, тарпаң атаулары кіреді.

Құланнан атты қодықты

(«Қыз Жібек»),

Құлан жортпас құла дүз...

Емен шайнап, тал қайзар

Құлан, бұлан баласы

(Шалкиіз).

Бұландай ерді кескен күн

(Махамбет).

Бозда жүрген бұландай,

Үйде тұрмас ойқастап

(Дулат Бабатайұлы).

Сөйтіп бұл үш атаудың үшеуі де қазақ ауыз әдебиеті мен XV-XIX ғасырлар поэзиясында белгілі бір образ үшін актив қолданылған

сөздер болған».

Қазтуған жыраудың «Мадақ жырының» соңы ерекше мағыналы, айбынды, тылсым аяқталады:

**Бұлұт болған айды ашқан,
Мұнар болған күнді ашқан,
Мұсылман мен кәуірдің
Арасын бұзып дінді ашқан
Сүйінішұлы Қазтуған!!!**

Расында мынау — әнұран, нағыз сән-салтанат пен шаттық гимні.

Әуезхан Қодардың осы жолдарды талдауында дінге деген сыншылдық көзқарас айқын. Ол сахараға осы екі дін де келді. Біздің бабаларымыз сыни көзқараспен қарап, сынға толған дінді қабылдаған. Ол мұның бәсі бір болды дейді.

Омар Темірбек білімді шәкәрімтанушы ғалым ретінде Қазтуған жыраудың бұл жолдарын былай түсіндіреді: «Кәпір мен кәуір бір емес. Кәпір — ортодоксальды діндерге сенбейтін адам. Мұсылман — дінге сенетін адам. Кәуір деп сырты мұсылман, іші бөтен, аяр адамды атайды. Ол өз сенімін өзгертпесе де, мүләйім түр танытуға мәжбүр. Осы екеуінің арасын бұзып өтіп, сахараға лайық дінді тап басып тану оңай емес. Қазтуған жырау өмір сүрген уақыт қазақтың нағыз діндар кезі. Ол қандай дінді аштым дейді? Шәкәрім діннің ішінің өзінен ең тазасын табуды айтады ғой. Ол — сопылық. Діннің ішіндегі ең мағыналы ағым, жаңақтың дәнегі сияқты. Қазтуған осыны айтып отыр. Абай да дінді ашқан. Абайдың діні — ғылым. Абай діннің негізін ашты. Мұхаммед пайғамбар бір сағат ғылым үйрену алпыс жылдық ғибадатқа тең дейді. Қазтуған жырау түркінің, ноғайлы қазақтың кеңістігін үнемі тазартып отырдым дейді. Халықты қорғайтын, алға бастайтын ұлдар керек. Жыраулар поэзиясын Мұхтар Мағауин жарыққа алып шыққан, тірілтіп алып шыққан». Қазақ шығып

кету, қазақтық ұғымы да осы тұстан ат ойнатып, елес беретін сияқты. «Ертеректегі өлең-жырларымызда қазақ сөзі нақты халықтың атауы ретінде емес, «шетке шыққан, бөлініп жүрген адам немесе жұрт» деген мағынада жиірек кездеседі». (Р. Сыздық. «Сөздер сөйлейді»).

Қазтуған жыраудың есімінде қазақтық рух айқын. Ежелгі қазақ құстың ішінде аққу-қазды ерекше жаратқан, ел билеген ерен ұлдарын Қаз дауысты Қазыбек би, Қу дауысты Құттыбай би дегенде қазша қаңқылдап, аққуша сұңқылдаған дауыс ырғағын, үндерінің әуездігін айтқан. Сүйініш деп қатты қуанып, елжіреген сезімді айтады. Қазақтың сонау көне дәуірден ат қою үрдісі ерекше болғанын жыраулардың есімдерінен көреміз.

Белгілі ғалым Серік Негимов «Ақын-жыраулар поэзиясы» атты кітабында: «Поэзия тілі — сиқыршы. Поэзиялық ассоциацияның, қиыннан қиыстырудың ондаған, жүздеген амал-жолдарын көзді ашып жұмғандай уақыттың ішінде-ақ алдыға жайып тастайды. Жалпы алғанда, шексіз кеңістіктің, табиғат дүниесінің және адамзат қоғамының барлық құбылыстарын, жай-күйін, қозғалысын, түр-түсін, заттарын, байланыстарын қамтып, ішіне сыйғызып тұрады. Олардың бәрі де өлең тіліне түскен кезде көз алдыға әдемі суреттер келіп, өлеңде оларды жатық бейнелеп, суретке түсіріп жатады. Мұның үстіне ақынның да жан сарайы, болмыс-бітімі, философиялық, эстетикалық көзқарасы, интеллектуалдық, психологиялық ерекшеліктері поэзия тіліне айнымай көшеді», — деп жазады.

Қазтуған жырау рух шақыру жырын өз есімімен аяқтауы да ғажайып көркем әсер қалдырады, бұл классикалық поэзияда бар тәсіл болуымен де баурайды:

СҮЙІНІШҰЛЫ ҚАЗТУҒАН!!!

Алаш мұрасының көзі

Әрбір зерттеушінің тағылым алған мектебі, арман еткен ой-мұраты болады. Ол көрген тәрбиесіне, алған біліміне, өмір сүрген ортасына қарай қалыптасады. Осы тұрғыдан алып қарағанда көрнекті ғалым Қайым Мұхамедхановты Алаш мұрасының рухында тәрбиеленген қайраткер деп танимыз. Алаш әдебиеті тұлғаларының еңбегін зерттегені үшін жиырма бес жылға бас бостандығынан айырылып, ұзақ жылға ғылыми жұмыстан аластатылды. Ғалымның зерттеушілігі жөнінде: ҚР ҰҒА – ның академигі, филология ғылымдарының докторы, Рахманқұл Бердібаев: «Қайым Мұхамедханов әдебиет тарихы туралы көптеген құнды еңбектер жариялады. Ол еңбектердің екі ерекшелігін атауға болады. Біріншіден, ол – абайтанушы, Алаш зиялылары мұрасын зерттеуші», - деп баға береді. ¹



Ербол ІРГЕБАЙ,
Ә. Марғұлан атындағы
№40 орта мектептің
директоры


Қайым Мұхамедханов 1916 жылы 5-қаңтарда Семей қаласында дүниеге келді. Әкесінің азан шақырып қойған аты – Ғабдұлқайым. Бұл – елімізде ұлт-азаттық қозғалысы белең алып, ұлттық сананың ояна бастаған тұсы. Алашорда көсемдері Семейге жиналып, Семей қаласы қазақ халқының рухани орталығына айналған кезі еді. Қазақтың атқамінер ел басылары, әдебиет пен өнер қайраткерлерінің дені осы қалада тұратын. Қайымның әкесі Мұхамедхан Сейітқұлұлы (1870) заманында көзі ашық, көкірегі ояу әрі ауқатты азамат болған. Сондықтан да ұлын 1924 жылы Семей қаласындағы төрт жылдық бастауыш мектепке оқуға береді. Халқының ұлттық тарихы мен мәдениетіне ерекше көңіл бөлген зерделі әке «Айқап», «Шора» журналдары мен «Қазақ», «Дала уәлаяты», «Сарыарқа» газеттерін жаздырып алып отырған, сөйтіп жас Қайымның білім мен мәдениеттің нәрімен сусындауына мүмкіндік жасайды. 1917-1918 жылдарда М. Әуезов және Ж. Аймауытовтың жетекшілігімен Семей қаласында шығып тұрған «Абай» жур-

налына демеушілік жасап, қаржылай көмек көрсетеді. Абай мұраларын жинақтап, ел арасына насихаттап таратуға мұрындық болады. Бұл жөнінде ғалымның өзі: «Әкем Мұхамедхан ауқатты, мұсылманша-орысша сауатты, өте мәдениетті адам болды. «Қазақ», «Сарыарқа» газеттерін, «Айқап», «Абай» журналдарын үзбей оқитын. Өзіне жетерлік кітапханасы да болды. Ол біздің де білімді болуымызды армандады», – дейді ². Сөйтіп ұлы ақын өлеңдерін Қайымның бойына бала кезінен сіңірген рухани ұстазына айналады. Ғалым: «Сол тұста ағартушы ұстаздар ерлі-зайыпты Құлжановтар Абайдың өмірден өткеніне жиырма жыл толуына орай әсерлі бір кеш өткізді. Соған жасым сегізге енді ғана толған мені әкемнің ілестіре барғаны да, содан бері сексен жылдай уақыт өтсе де, күні бүгінгідей есімде», – деп есіне алады ³. Мұхамедхан ақсақалдың шаңырағында «Алаш» партиясының көсемі және «Алашорда» үкіметінің басшысы Әлихан Бөкейханов, қазақ әдебиеті мен мәдениетінің ірі тұлғалары А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, С. Торайғыров, М. Әуезовтер қонақта болып, дас-

тарханынан дәм татып, қазақтың келешегі туралы келелі кездесулер өткізіп тұрған. Бұл басқосуларда қазақ зиялыларының аузынан естіген ұлағатты тағылымдары Қайымның қазақ халқына және оның сөз өнеріне деген балалық махаббатын оятып, ұлттық рухани нәрдің болашақ ғалымның жан-дүниесіне терең сіңіп, мықтап орнығуына негіз болған алғашқы академиялық дәрістер еді. «Егемен Қазақстан» газетіне берген сұхбатында: «...Менің ел болашағын алыстан болжайтын сол ұлылардың тізесінде отырып өскенім рас! Мұны бірақ құр мақтаныш үшін айтып жатыр деп ойламағын. Әлгі ұлылардың мен түгіл менің әкеме де үлгі болғандығы шындық», – деуі сондықтан ⁴.

Үміт күткен баласын тәрбиелеуге барын салған әке Қайымның кемелді азамат болып шығуы үшін қолынан келгеннің бәрін істеген. Шәкәрім, Көкбай ақындарды да Семейге келген кездерінде үйіне шақырып, қонақасы беріп, құрметтеп отырған. Бұл әрине, шектен асқан байлығын көрсетудің немесе жомарт атанудың шарасы емес еді. Әке арманы – Қайымның көкірек көзін ашу, ұлылардың тәрбиесіне бейімдеу, жанына жамандық қонбаған бала кезінен бастап ұлтын сүйуге, таза өнерге деген махаббатын ояту еді. Осылай ғалымның балалық шағы қазақ әлеміндегі біртуар тұлғалардың сөзін тыңдап, әңгімелерін естіп, зиялы ортада өтеді.

Сондықтан да ол: «Алтын көріп адал жолдан таймадым...», – деп өзінің өмірлік ұстанымы ретінде адалдықты, әділеттікті таңдайды. Бар қажыр-қайратын ұлы Абай шығармаларын зерттеуге арнайды. Бұл екеуі де заңды еді. Көргені Алаш көсемі – Әлихан Бөкейханов, қазақтың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Шәкәрім Құдайбердиев болған адамның адалдық жолдан аттауы мүмкін емес еді. Семей топырағында туып, абайтанудың бастауында тұрған Құдайбердиев, Бөкейханов, Байтұрсынов, Әуезов, Мұстамбаев сынды қазақтың біртуар даналарынан Абай туралы, оның шығармалары туралы естіген, өлеңдерін жасынан жаттап өскен, Абайдың ақын шәкірттерін көзімен көріп ержеткен Қайымның осындай жолға түспеуі мүмкін де емес.



1 Р. Бердібай «Алаш рухымен нәрленген». «Қайым туралы сөз», «Фолиант», 2006. 63 б.

2 У. Тоқпатаев «Қарағайдың қарсы біткен бұтағы» «Қайым туралы сөз», «Фолиант», 2006. 142 б.

3 «Егемен Қазақстан» 28.12.2002 жыл №303-306

4 «Егемен Қазақстан» 28.12.2002 жыл №303-306

Бұл туралы Қайым: «Благодаря труду А. Букейханова, я впервые познакомился с объективной историей своего народа и его культурой», – деп еске алады⁵.

Шынында, Қайымның туған топырағынан дарыған адалдық, жастайынан бойына сіңген ұлтқа деген шексіз сүйіспеншілік болмағанда ғалым тағдыр тауқыметі алдында біз білетіндей қайсарлық танытпаған болар ма еді, қайтер еді?

1937 жылғы ел басына төнген қатерлі нәубет, Мұхамедханның отбасын да айналып өтпеді. НКВД органының Мұхамедхан Сейітқұлұлынан қатты сескенгеніне архив материалдары арқылы көзжеткіздік. Семей облыстық прокуратурасының 1992 жылғы 7 ақпандағы анық-

тамасында былай делінген: «Сейтқұлов Мухаметхан, 1870 г. рождения был арестован органами НКВД 24 ноября 1937 г. и ему предъявлено обвинение в том, что он является одним из активных участников антисоветской группы мусульманского духовенства, существующей в г. Семипалатинске. Постановлением тройки УЕКВД по Восточно-Казахстанской области от 27 ноября 1937 года Сейтқұлов Мухаметхан был приговорен к высшей мере наказания-расстрелу. Постановление приведено в исполнение 2 декабря 1937 г.. Место захоронения неизвестно» (Анықтама №13-19-92. 07.02.1992)⁶. Айналырған үш күн ішінде «Үштіктің» қаулысы шығарылып, бір аптаның ішінде үкім орындалған. Мұхамедхан ақсақалдың шаңырағына Алаш-



Қ. Мұхамедхановтың жұбайы – Фархинұр



Қ. Мұхамедхановтың жастық шағы



Қайым Мұхамедханов «Семей» Мемлекеттік университетінің құрметті профессоры 1996 ж.

орда көсемдерінің, Шәкәрім бастаған Абайдың ақын-шәкіртерінің келіп жүруі, Ыдырыс Мұстамбаев, Тұрлыхан Қасенов сынды Алаш арыстарының үйінде тұруы «кеңестік жүйеге қарсы топтың белсенді мүшесі» деп айыптап, өлім жазасына кесуіне негіз болды. Елдің ұлттық рухын өшіріп, айтқанына көніп, айдағанына

жүретін құлдық психология қалыптастыру үшін, кеңестік саясат Мұхаметхандай халық алдында беделі бар, жұртқа жөн айта білетін ел ағаларын қарауылға бірінші ілік-тірді. Қайым әкесінің тағдыры туралы нақтылы шындықты кейіннен білді. Ол жөнінде «Егемен Қазақстан» газетінің 2001 жылғы 26-қыркүйектегі санында былай дейді: «...Ал бізге ол кезде он жылға

сотталды деген хабар тигенді. Негізгі шындықты еліміз тәуелсіздік алған соң, арада 55 жыл өткеннен кейін ғана білдік қой». Семей облыстық прокурорының бірінші орынбасары Б. К. Кенжебаев қол қойған анықтамада: «Комиссией по применению ст. 1 Указа Президиума Верховного Совета СССР от 16 января 1989 г. «О дополнительных мерах по восстановлению справедливости в отношении жертв репрессий, имевших место в период 30-40-х и начала 50-х годов» Сейтқұлов Мухаметхан был реабилитирован 25 апреля 1989 г. и считается несудимым». (Анықтама №13-19-92. 07.02.1992)⁷.

Әкесінің халық жауы ретінде ұсталып кеткені бойына Алаш рухының асыл қазынасын сі-

5 Мұхамедханов Қайым. Шығармалар жинағы, 1-том, Алматы. Алаш, 2005. 343 б.


6 «Отырар» ғылыми кітапханасы, папка № 2

ңірген, жалынды жас жігітті жасытқан жоқ. Тағдырдың салған тауқыметін мойымай қажырлықпен көтеріп алға ұмтылып, оқуын жалғастырады.

Қайым Мұхамедханов 1939 жылдан бастап өзінің ұстазы Мұхтар Әуезовтің басшылығымен Абай мұрасына ден қойып, Абайдың ақындық мектебінен дәріс алған ақындардың шығармашылығын зерттеумен, Семейдегі Абайдың мұражайын ашу жұмыстарымен айналысады. Бұл жөнінде ғұламаның өзі: «Мұхтар 1940 жылы Семейге келгенде Абайдың туғанына 95 жыл толу мерекесін өткізу және Абай музейін ашу жұмысы қызу жүріп жатқан кез еді. Мұхтар Абай мерекесін өткізу, Абай музейін ашу жайында көп ақыл-кеңес беріп, іс жүзінде көмектесіп, басшылық етті, лекция оқыды, баяндамалар жасады. Абайды зерттеу, ақынның музейін құру жайында мәслихат өткізді. Кемеңгер адамның берген ақыл-кеңесін тыңдап, мәз болып жатырмыз. Нақтылы істейтін ісімізді айқындап айтып берді», – деп жазады.

40 жылдан астам бүкіл қазақ аспанын «Біз қазақ ежелден еркіндік аңсаған», – деп тербетіп келген әнұранның авторы Қайым Мұхамедханов екенін екінің бірі біле бермейді. 1945 жылы Қазақ ССР-нің алғашқы әнұранының сөзін жазған кезде Қайым әлі отызға да толмаған еді. Бірақ Қайымның нұсқасындағы «Ер қазақ» деген сөз «Біз қазақ» болып өзгертіліп, Ғ. Мүсірепов пен Ә. Тәжібаев автор ретінде енгізілген.

Отыз жетінің зұлматынан кейін қазақ зиялыларына қарсы екінші рет «ұлтшылдарды» тазалау науқаны басталды. Кеңестік жүйеге қарсы жүргізген «ұлтшылдық» әрекеті үшін Қайым Мұхамедханов алғашқылардың бірі болып жауапқа тартылды. Алғашқы шабуыл 1947 жылғы 2-тамыз күні «Социалды Қазақстан» газетінде жарияланған «Семей әдебиетшілері» деген мақала арқылы басталды. Мақалада Абайдың ақын шәкірттері Тұрағұл, Әріп, Шәкәрімді айыптап, оларға «азиялық, түріктік бағыттың шеңберінде болған» десе, Қайым Мұхамедхановқа «саяси сауатсыздықтың шегіне жетіп отыр» деп кінә тағады. «Абайдың әдебиет мектебі» тақырыбындағы кандидаттық диссертациясы



Қайым Мұхамедханов пен Мұхтар Әуезов

үшін бас бостандығынан айырылып, сотталу алдында тұрған қиын-қыстау кезеңде, «жазаңды жеңілдетіміз» деген тиімді ұсыныстарға қарамай, адалдық сертін берік сақтаған ғалым өз ұстанымында қалды.

Осы мәселелер жөнінде тағы да архив құжаттарына назар аударалық. 1952 жылғы 17-сәуірде Қазақ ССР Мемлекеттік қауіпсіздік министрі генерал-лейтенант П. Фитин бекіткен № 679 тексеру ісі бойынша жүргізілген айыптау қорытындысында: «Расследованием по делу установлено, что Мухамедханов, будучи выходцем из социально чуждой среды, в силу своей враждебности к существующему в СССР политическому строю, на протяжении ряда лет среди своих знакомых проводил антисоветскую националистическую агитацию: клеветал на мероприятия Советского Правительства и ВКП(б), на колхозной строй, восхваляя при этом дореволюционную байско-феодалную жизнь...»⁸, – деп келтіріпті. Байқасақ ғалымның «элеуметтік-жат ортадан шыққандығы» алдынан шығып отыр, «кеңестік жүйеге қарсы ұлтшылдық үгіт» жүргізуі және «төңкеріске дейінгі феодалдық бай өмірді мақтады», – деп айыптауы ақылға сыймайды.

1951 жылы 7 - сәуірде Қазақстан Ғылым академиясының Ғылыми кеңесінде қорғалған «Абайдың әдебиет мектебі» деген кандидаттық диссертация үлкен дауға ұласып, негізгі тақырыптан ауытқып М. Әуезов пен

7 «Отырар» ғылыми кітапханасы, папка № 2

8 «Отырар» ғылыми кітапханасы, папка № 2



Қайым Мұхамедханов, Құрманбек Жандарбеков және Тайыр Жароков Алматы қ., 1942 ж.

Қ. Мұхамедхановты саяси жағынан айыптауға көшеді. Әсіресе, қасіреттің қара бұлтын төндіре қаралауға көшкен Қ. Жұмалиев пен С.Нұрышев «белсенділік» танытты. Профессор Қажым Жұмалиев диссертация қорғаушының идеологиялық саяси сауатсыздығын тілге тиек ете келе: «Восхваление казахских ханов не дает право считать Кокпая учеником Абая. Органы партийной печати в настоящее время ставят перед советской общественностью задачу выкорчевывать все проявления идей восхваления Кенесары...

... А вообще он в своей диссертации в 16 местах ссылается на проф. Ауезова и везде хвалит его. Создается впечатление, что Ауезов хвалит Мухаметханова за то, что Мухаметханов хвалит Ауезова.

Странно, что диссертант вместо того, чтобы подвергнуть острой критике эти ошибки Ауезова, идет у него поводу. М. Ауезов вместо правильного направления молодого научного работника, ходатайствует перед Ученым советом о присуждении ему ученой степени», – деп аттан салып, еңбекті іске алғысыз қылады. Ал С. Нұрышев осы пікірді түбірімен қолдай келе: «...Это надо считать протаскиванием в советскую науку антимарк-

систских взглядов как со стороны диссертанта, так и со стороны М. Ауезова», – деп Кеңес ғылымына жат көзқарастарды дәріптеді деген қорытынды жасайды⁹. Филология ғылымдарының докторы, профессор Тұрсын Жұртбай: «Өмірлік ғылыми мақсатынан Қайым да қайтпады. Тақырыптан бас тартып, Мұхтарды қалқан етіп іненің көзінен етуді өтінгендер табылды. Қайсар ғалым өз пікірінің дұрыстығына сенді. Ұстазын да сатпады. Ұлы Абайдың шәкіртсіз емес екендігін біліп тұрып қалай тансын», – деп ғалымның азаматтық позициясына жоғары баға береді¹⁰.

Жас ғалымның Шәкәрім, Көкбай, Әріп, Тұрағұл туралы жазылған зерттеу еңбектері және «Абайдың әдебиет мектебі» тақырыбында қорғаған кандидаттық диссертациясы оған «... в течение нескольких лет проводил враждебную националистическую работу в области казахской литературы. ...Восхваляя и идеализировал поэтов и лидеров контрреволюционной националистической партии «Алашорда», – деп айып тағуына негіз болған¹¹.

Ең сорақысы, Қазақ ССР-нің әнұранын жазып, елдің рухын көтерген азаматқа «сочинял стихи антисоветского содержания» деген айып тағуы. 1952 жылғы 16 - сәуірде тағайындаған айыптау қорытындысына Қазақ ССР МҚМ тексеру бөлімі бастығының орынбасары, аға лейтенант Сейтқазиев келісім берген, ССР МҚМ тексеру бөлімінің бастығы подполковник Ишмурзин қол қойған. «Руководствуясь ст. 208 УПК РСФСР, следственное дело № 679 по обвинению Мухамедханова Габдулкаюма направить Прокурору Казахской ССР для передачи по подсудности», – деп қорытынды жасалып іс сотқа жіберілген¹². Алты ай тергеуде өткізген

9 «Отырар» ғылыми кітапханасы, папка № 2

10 Т. Жұртбай «Арын жастан сақтаған», «Қазақ әдебиеті», 1991

11 «Отырар» ғылыми кітапханасы, папка № 2

12 «Отырар» ғылыми кітапханасы, папка № 2

азаптан кейін, 1952 жылғы 29-31 мамырдағы Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмыстық істер бойынша алқасының шешімімен 25 жылға бас бостандығынан айырылады. Үш жылға созылған «тұмақтағы» адам төзбес өмір қайсар ғалымның сағын сындырып, рухын аласарта алмады, қайта еменнің өзегіндей етіп қатырды, шар болаттай қайрап шыңдады. Қайым Мұхамедханов 1954 жылғы 9 - желтоқсандағы Қазақ ССР Жоғарғы соты Президиумының қаулысымен толық ақталып шықты.

«Ешкімнің бағына қол созып, тағына таласпаған» жас ғалым жазықсыз сүрінгенде, қолтығынан демеп, тұрғызып жіберетін адам болмады. Болса да құдіреті жетпеді. Алаш идесынан сусындаған рухы мықты, табиғатынан бірбеткей жанды түрменің қатал өмірі



Қайым Мұхамедханов пен Мұхтар Құл-Мұхамед Қазақ Совет энциклопедиясының редакциясында Алматы қ. 1990 ж.

тізерлете алған жоқ. Алдамшы дүниеге арын сатып, «адал жолдан тайған жоқ».

Иә, сонда Алашорда қайраткерлері мен ақындарын дәріптеген ғалымның есімі нәліктен Алаш қозғалысы, оның қайраткерлерінің өмірі мен шығармашылығын зерттеп жүрген ғалымдар жөнінде мәлімет берілген «Алаш қозғалысы» («Сардар») жинағына енбей қалғаны да түсініксіз¹³.

Алашорда қайраткерлері мен ақындарын дәріптеп,

биік дәрежеге жеткізгені үшін қызыл империя тарапынан айыпталып, қуғын көрген ғалым, азаттықтың ақ таңы атқанда екінші тынысы ашылып, бойындағы барын кейінгі ұрпаққа беріп үлгерді. Филология ғылымдарының докторы, профессор Мекемтас Мырзахметов ғалыммен кездескенін былай деп еске алады: «Әңгіме сарыны айналып келіп Алаш арыстарына соққанда Қахаң ашылып жүре берді. Олар жайлы біраз дүние білуші ем. Менің білгендерім оқып білгендер екен, ал Қахаң олармен қалай араласып, олардың өз әкесінің үйінде болған әңгіме-кеңестерін айтқанда өзіміз солардың ішінде болғандай аузымыз ашылып, бізді көп мәселенің сырына бойлатты. Сол кезде-ақ олар ақталады, «болат пышақ қын түбінде жатпайды», соған осы бастан іштей даярлана беру керек деген сөзді айтып қалды»¹⁴.

Алаш арыстары ақталғанға дейін «іштей даярланып» олар туралы материалдарды жинақтап, жарыққа шығаруға әзір болды. Соның айғағы ретінде «Әлихан Бекейханов», «Ахмет Байтұрсынов», «Міржақып Дулатов», «Мағжан Жұмабаев», «Ыдырыс Мұстамбаев», «Тұрлыхан ақын» тәрізді зерттеу мақалаларын және Шәкәрім, Көкбай, Тұрағұл туралы ғылыми еңбектер жазды.

Бүкіл саналы ғұмырын Абай поэзиясының «қатпар-лы құбылыстарын жеріне жеткізіп, иін қандырып» зерттеуге арнаған абайтанушы, әрбір мақаласынан Алаш рухы сезілген, олар туралы құнды деректер жазған алаштанушы ғалым, ақын, драматург, аудармашы Қайым Мұхамедхановтың 90 жылдық мерейтойы Семейде аталып өтті. Ғалым мұрасына

арналған «Қайым Мұхамедханов және Абайдың ақындық мектебі» тақырыбында ғылыми конференция өткізілді. Ғалымның артында қалған өлшеусіз мол мұрасы жинақталып, «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша «Алаш», «Елшежіре» баспаларынан көп томдық шығармалар жинағының 8 томы жарық көрді. «Фолиант» баспасынан ғұлама туралы айтылған көрнекті ойлар мен ғылыми пікірлер құрастырылып, «Қайым туралы сөз» атты кітап шығарылды.

13 «Алаш қозғалысы», Астана, «Сардар», 2008.

14 «Қайым туралы сөз», «Фолиант», 2006.

Казан төңкерісіне дейін мұсылман, түркі-монғол (қалмақ), ортазия халықтары ішінен әскери қызмет жағынан өскендер қатарында белгілі бір тұлға дәрежесіне көтеріліп, есімі Кремльдің Георгиев залына алтын әріппен жазылған генералдық әскери атақты әкімшілік қызметімен емес, әскери еңбегі үшін алған тұңғыш қазақ – Жәңгір ханның төртінші ұлы – кавалерия генералы Сұлтан қажы Ғұбайдулла Жәңгірұлы Шыңғысханға жетер адам болмаған.



Ахмет ТОҚТАБАЙ,
доцент,
Шоқан Уәлиханов
атындағы тарих
және этнология
институтының
жетекші ғылыми
қызметкері

Ішінде көп жұлдыздың ШОЛПАНЫМЫЗ

Қазақ – башқұрт-татарға бірдей белгілі ақын Ақмолла Ғұбайдулланы (Ғұбаш) «Ішінде көп жұлдыздың шолпанымыз», – деп ерекше мақтанышпен дәріптеуі де содан.

Осындай айтулы тұлғаның өмірі мен қызметі әлі күнге дейін арнайы зерттелген емес. Қазірге дейін біздің білетініміз энциклопедияларда, оқулықтарда берілетін қысқаша анықтамалар ғана. Осы тұрғыдан алғанда өзінің саяси элитасы мен дворяндардың, әскери қызметкерлердің еңбегін зерттеген, архив, музей қойнауларынан том-том кітап шығарып жатқан орыс тарихшыларына риза боласың. Әрине, Ресей тарихшыларының бізден артықшылығы – архив, кітапханалары жанында, зерттеуге қолайлы. Ішінде Ғұбайдулла, Шыңғысханның есімі көзге түскенде жүрегің лүпілдеп, көкірегіңе қуаныш сезімі ұялайды. Соңғы кезде табылып жатқан деректерге зер салатын болсақ даңқты қолбасшының екі қасиеті анық байқалады, біріншіден, елінен іздеп келген адамдарға қол ұшын берген жомарттығы. Оған дәлел – Мәмеков Ходжа-Алидің өз қолымен жазған өмірбаяны. Екіншіден, Ресей империясының ең жоғарғы иерархиясында жүріп қажылыққа барғандығы. Ол қажылыққа құр барып қана қоймай, Ресей мұсылмандарының мүддесін қорғап патшаның өзінен бастап, көптеген лауазымды орындарға жазған хаттары. (Қараңыз: Д. Арапов «Не посягать на религию и не стеснять обычаев». Генерал Чингис-хан и «мусульманский вопрос» //Родина. 2004. №2.)

«...1901 жылы август айында Исаевтың

шақыртуымен мен Кронштадтқа баратын болып аттанып, жолда Хан ставкасына (Орда) аялдап дәрігер Шомбалов Мәжиттің немере інісі Батырқайырға жолығып, Петербургке қалай баруды сұрадым. Батырқайыр маған Петербургте отставкаға шығып тұрып жатқан біздің ханымыз Жәңгірдің кіші ұлы кавалерия генералы Ғұбайдулла Шыңғысханның атына хат жазып берді. Батырқайыр мен дәрігер Мәжит Шомбалдың арғы аталары хан Жәңгірдің кезінде Ноғай руының биі болып ханға жақын болған еді. Сол дәстүрді сақтап Батырқайыр Петербургте университетте оқып жүргенде Ғұбайдулламен араласып тұрады екен. Мен Кронштадтқа аман-есен барып емтиханды ойдағыдай тапсырып медициналық мектепке оқуға түстім. Бір ай өткен соң Петербургке барып Ғұбекеңнің үйін тауып алып, Батырқайырдың хатын табыс еттім. Ол кісі хатты оқып маған 25 рубль ақша беріп жатып үнемі үйге келіп тұруымды өтінді. Орыс әйеліне үйленіпті баласы жоқ болатын. Мен уақыттың тарлығына байланысты оған сирек барып жүрдім. Барған сайын кем дегенде үнемі он рубль ақша беріп тұрды, бірақ өзім де ақшадан қысылған емеспін, себебі мен қазына есебінен оқытылатын едім...»

«...1902 жылы Кавказдың мұсылман студенттері Таврия сарайында вечер өткізді. Вечерге Петербургтің бүкіл алдыңғы қатарлы мұсылман өкілдері келді. Олардың ішінен Шоқанның інісі, отставкадағы генерал Валихановты (Уалиханов А. Т.), Башқұрт генералы Шейх-Әлиді және басқаларды көрдім. Шейх-Әли біздің ханымыз Жәңгірдің Гулайым

атты немересіне үйленген...»

«...1905 жылы 9 январьда мен оқуды бітіріп үйге қайтарда Петербургке тоқтап генерал Ғұбайдулламен (Ғубаш деп те аталады) қоштасып, Кронштадта оқып жүргенде маған көрсеткен материалдық көмегі үшін алғыс айттым. Ғубаш 1907 жылы әйелі екеуі Қырымдағы Бақшасарайда тұратын інісі отставкадағы гвардия полковнигі Ахметкерей Шыңғысханға барып, сонда біраз жыл тұрып қайтыс болды...» (Мәмеков Ходжа-Али Өмірбаян – Орда музейінің қоры).

Бөкей Ордасы таратылғаннан кейін Жәңгірдің балаларына Самар губерниясына қарасты Жаңа өзен болысынан 40 мың десятина жер бөлініп, өздері Паж корпусына оқуға жіберілді .

Империяның ең жоғарғы элиталық (ақсүйектік) оқу орнында Еуропалық білім алған және «Хан ордасынан» тыс бір-бірімен жалғасып жатқан үзіліссіз түрде жүргізілген әскери қызмет хан балаларын өздерінің шыққан тегінен, ата-баба салты мен тұрмысынан бір-жолата айырды . Бірақ та өзі ақылды әрі еуропалық білім алған қазақтар дәстүр мен сенімнің мемлекет өмірінде алатын маңызын жақсы білді. Шыңғысхан Сұлтан діни бірігу идеясынан алшақ болды және ХХ ғасырдың басында күш ала бастаған мұсылман либерализмін жақтамады. Өзі суннит дінін ұстаған генерал өз бабаларының діни сеніміне құрметпен қарады және Александр II патшаның «мәртебелі рұқсатымен» 1880 жылдың қараша айында Мекке мен Мединеге барып қажылық парызын орындап қайтты .

Петров Табелі рангалы II класты жоғары шені бар қажы Ғұбайдулла Жәңгірұлы империяның ішкі саяси және конфессионалды тыныштығына шын ниетпен ықыласты болады. Оның бұл ісін 1885 жылы жарияланған «Қырғыздардың (қазақтардың – Д. А.) діни істерін Далалық облыстарындағы ге-



нерал-губернаторларға беру туралы Жобаға» деген үзілді-кесілді қарсылығынан көруге болады.¹ Бұл құжат бойынша Далалық өлкедегі мұсылмандардың діни ұстанымдарына қырғыздар ғана таңдап алынды, олардың арасындағы басқа татарлар секілді мұсылман диаспораларына кедергі жасалды, олар діни және басқа да құқықтарынан шеттетілді, басқа жатжұрттықтармен бірдей алым-салық төлеуге міндеттелді². Бұл Жобадағы дінге деген мұндай қаталдық генерал Шыңғысханның ашу-ызасын тудырып, дәлелді сынына ұшырады³.

Қажы Ғұбайдолла Жәңгірұлы 1909 жылы денсаулығын қалпына келтіру үшін емделуге Петербургтан Ялтаға келіп сонда қайтыс болды және Ялтаға жақын Қырымның Дерико аталатын шағын ауылындағы мұсылмандар зиратына жерленді⁴.

Төменде біз генерал Шыңғысханның жеке басына қатысты мұрасы саналатын әскери қызметі туралы анықтамаларды, Далалық комиссияның Жобасына қарсылығы және «мұсылмандардың рұқсат етілмеген» съезі туралы қызықты деген құжаттарын жариялаймыз.

1. Генерал-лейтенант Сұлтан Шыңғысханның кавалерия армиясында запаста тіркелуі және Ішкі істер министрлігінде атқарған қызметі жайлы анықтама.

Генерал Сұлтан Шыңғысхан 54 жаста. Қырғыз Ордасын билеуші Бөкей ханның ұлы, діни сенімі суннит (Мұхаммед). 1840 жылы 6 мамырда дүниеге келген.

Камер-Пажейдегі Ұлы Мәртебелі Императордың Паж корпусы ғылымының толық курсын бітірді, үздік оқығаны, ғылымдағы табысы және үлгілі тәртібі үшін есімі алтын кітапқа жазылды.

Қызметі мен офицерлік шені. 16 маусым 1856 жылдан, қазіргі генерал-лейтенант шенінде 30 тамыз 1888 жылдан Ішкі істер министрлігі құрамынан шығып запасқа кеткені 30 тамыз 1888 жылдан.

Аталған генерал өзінің қызметі жылдарында мынадай тапсырмаларды орындады:

Л. Г. В. Қазақ полкінде Корнет шенімен тіркеліп, 1856 жылы жоғарғы жақтың тапсырмасымен бұл полкті тастап, Орынбор корпусындағы Командирлер бөліміне іссапарға жіберілді.

Шетелге кетуді мақсат еткен өз еркімен

1 Список чинов Министерства Внутренних дел. СПб. 1894. Ч.1.с. 118.

2 Мукатаев Г. К. Хан Джангир – великий преобразователь степи. СПб. 2001.с.86.

3 РГВИА.Ф.400.Оп.17.Ед.хр.8031.Л.18.

4 АВПРИ.Ф.161/4.Оп.729/2.Ед.хр.275.Л.3-4.

көшіп-қонып жүрген қырғыз көшпелілерін елден шығару үшін 1860 жылы Қырғыз даласы Орынбор өлкесіне Бас басқарма бастығы ретінде жіберілді.

1862 жылы Орынбордың Бас басқарма бастығымен бірге Орал әскери тұрағын, Ішкі Бөкей ордасы қырғыздарының далалық жерін, Каспий өңірін және Александров портындағы әскери жазалаушы Атаман болып тағайындалды.

1868 жылы полковник шенінде Вилен әскери округінің әскери Командирі болып тағайындалды.

1871 жылы Жоғарғы мәртебелінің бұйрығымен Ұлы мәртебелі Императордың фильгель-адъютанты болып тағайындалды.

1875 жылы жоғарғы мәртебелінің ұйғаруымен Ішкі істер министрлігімен Қырғыз істері жөніндегі жұмыспен айналысуға жіберілді.

1876 жылы 20 ақпаннан бастап ұлы Мәртебелінің ұйғаруымен Ішкі істер министрлігі Қырғыз істері жұмысымен қоса Телеграф департаменті жұмысымен айналысу тапсырылды.

1877 жылдың 30 тамызында Плевно маңында түркиялықтармен шайқаста көрсеткен ерлігі мен батылдығы үшін «Ерлігі үшін» деген жазуы бар алтын қылышпен (қарумен) марапатталды.

1877 жылдың 15 желтоқсанында қолданыстағы Армия бұйрығымен армияның бүкіл телеграф нүктелері бағынатын соғыс жағдайындағы және армия тылындағы ақпарат-телеграф қызметінің Бастығы болып тағайындалды.

1878 жылдың 1 қаңтарында жоғарғы бұйрықпен үздік әскери қызметі Аса Мәртебелі Императордың нөкерлер Свитасына тағайындалды және генерал-майор шенін берумен аталып өтті.

1881 жылы Телеграф бөліміндегі Қырғыз бөлімшесі басқармасының көмекшісі жұмысымен қоса, Ішкі істер министрлігінің тапсырмасымен Жер бөлімі жұмысымен айналысу міндеттелді.

1883 жылы 15 шілдеде Ішкі істер министрлігінің ұсынысымен Москвада Аса Мәртебелі Императордың Коронациясына (ұлықтауына) қатысатын бүкілазиялық депутаттарды басқаруға тағайындалды.

1884 жылы Ішкі істер министрлігінің ұсынысымен Түркістан өлкесін басқару туралы Жарғының Жобасын дайындайтын кеңеске мүшелікке тағайындалды.

1885 жылы Жоғарғы Мәртебелінің ұйғарымы бойынша Қырымдағы вакуфтар туралы Жоғарғы



Айрықша комиссияның Губерния төрағасы болып тағайындалды.

1888 жылы Жоғарғы Әскери Ведомствоның бұйрығымен Ішкі істер министрлігіндегі қызметінен босатылып, Армия Кавалериясының запастағы генерал-лейтенанты әскери атағы берілді.

Ордендері: Әулие Анна 1 және 2 дәрежелі, Әулие Станислав 1 және 2 дәрежелі, Әулие Владимир 3 және 4 дәрежелі, мұндай марапаттар мұсылмандар үшін де берілген, «Ерлігі үшін» деген жазуы бар алтын қылыш.

Медальдары: 1877-1878 жылдардағы соғысты және Аса Мәртебелінің Әулие Тәжін еске алу медалы, 1877-1878 жылдардағы император Александр 2-нің Түркия соғысына арнаған белгісі, Қызыл Крест (мұсылмандардың) белгісі.

Шетелдік ордендері: Сербияның офицерлік үлкен Такова жұлдызды Крестісі, Румынияның Темір Крестісі және Черногордың «Батырлығы үшін» алтын медалі.

Бойдақ. Жеке басына қатысты қозғалмайтын мүлгі әскери қызметі тізімінде тіркелмеген.

Генерал-лейтенант Сұлтан Шыңғысхан.
Растаушы: Полковник Сватиков. 11 сәуір 1894 ж.

РГВИА. (Российский государственный военно-исторический архив) Ф. 400 (Бас штаб). Оп. 17. Ед. хр. 8031. Л. 5-7 об.

2. Белгісізге жазылған хат 1885 ж. 6 наурыз С.-Петербург.

Аса Мәртебелім жіберген хатыңызды құрметпен еске ала отырып, Далалық облыстардағы Қырғыздардың діни істерін басқару жөніндегі қазіргі құрылған Далалық комиссияның жобасына сіздің назарыңызды аударғым келеді. Бұл қандай жоба, оны өзіңіз білесіз. Біздің далалық өлкелердің діни жақтарын қозғауымыз, меніңше, саяси қателік болар еді. Егер біздің аймақтарда күні бүгінге дейін тыныштық пен сенімділік орнап тұрған болса, бұл біріншіден, осы уақытқа дейін біздің Үкіметіміздің далалықтардың бостандығына, олардың діни көзқарастары мен тұрмыстық салтына тиіспей отырғандығы себеп болуда.

Далалықтардың діни сенімін және дәстүрін

қорғауды үкімет қашанда мемлекетіміздің бірінші кезектегі маңызды мәселесі ретінде қарастырып отыруға күш салса, онда біздің өлкелер Отанға шын берілген әрі дұрыс жолды таңдаған болып табылмақ.

Егер далалықтар өздерін діни және тұрмыс-салты жағынан қысымға ұшырататын аздаған өзгерісті (реформаны) байқаса болды, онда біздің ісіміз жеңіліске ұшырайды және ондаған мың мылтықтың біздегі тұрақтылықты қалпына келтіре алмайды және үкімет түземдіктердің ішкі жағдайынан айырылады.

Сіз бұған сеніңіз, әрине, өзіңіз де білесіз, Орта Азия халқы Россия бостандығын қабылдағанда сіздің қолдауыңызға сүйенді және өзіңіз жазғандай үкімет саясатын жүргізетін реформаторлар өздерінің таусылмайтын жобалары арқылы осы тұрақтылықты бұзғысы келеді. Бұл «біздің Бисмарктар» түземдіктердің діни сеніміне, олардың салт-дәстүрі мен өмір сүру қаракетіне тиісуге болмайтынын түсінгілері келмейді. Біздің түземдіктерді басқарудағы бүгінгі саясатымыз олардың жанына жақын және оны түземдіктердің да жақсы түсінетінін үкімет біледі. Сондықтан біздің Орта Азиядағы миссиямыз әлі аяқталған жоқ, оған қоса меніңше, көршілес әсіресе, тәуелсіз халықтарды басқарып отырған ұсақ хандықтар (қожалықтар) алдында картаны ашу әлі ертерек. Егер көршілес тайпалар Россия бостандығындағы өздерінің бұрынғы қандастарының жақсы өмір сүріп отырғанда, біздің үкіметіміздің олардың діни мен дәстүрін шектемейтініне көз жеткізсе, онда біздің көзқарасымызға түсінікпен қараған басқа халықтардың өздері-ақ монархияға өтіп, бодандықты қабылдайтын болады. Бұған олардың көзін жеткізу аса қиын емес – ол үшін олардың діни мен тұрмысын құрметтеп, салт-дәстүріне қысым жасалмаса болды.

Сіздің Аса Мәртебеліңізге Мұхамед қағидаларының негіздері мәлім, оның самодержавия билігін қабылдауының өзі діни ықпалдың кең ауқымын түсінгеннен көруге болады. Осыдан барып, меніңше, адамдардың діни көзқарасын қайтадан

қалыптастыруға болмайды. Бұл бағытта жүргізілген шаралар діни ұйымдардың жағдайын ұшықтырады, орыс саясатына дұшпандықты қоздырады және үкімет саясаты мен мақсатына қарсы бағытталған құпия насихат жұмыстарын жүргізу өршиді.

Діншілдік, өзіншілдік пиялыға негізделеді және жеке басқа табынады. Сондықтан олардың осы құқықтарын өздеріне қалдыра отырып, біз діншілдікті ұстанған сенімді өкілдерге ие боламыз.

Осылай дей отырып мен діншілдікті өтірік қолпаштағым келмейді. Керісінше. Діншілдікті ешқандай күшпен тоқтату мүмкін емес, Жобада ұсынылғандай оны кеме сыртына лақтырып тастау емес, керісінше оны белгілі бір уақытқа дейін сақтау керек.

Негізінен бұл мәселе бойынша талқылау жүргізбей-ақ берілген қажетті нұсқау бойынша шара қабылдап, әркім ерікті түрде әрекет етсе болғаны. Жобаның барлық тұсына халық арасында өршіген діншілдіктің маңызы мен әсерін жою саясаты алға мақсат етіп қойылған. Меніңше, Жобада ұсынылған мұндай шара қарсылыққа апарды. Діншілдік ешқашан жойылмайды, қайта керісінше жылдам күш алады. Бұған қоса халықтың өзі мұндай шараға сенімсіздікпен қарайтын болады, қай жерде сенімсіздік болса, сол жерде қолдау болмайды. Сол сияқты халықты сөзсіз берілген деп сенуге де болмайды және түрлі көзқарасты насихаттайтын қолайлы жағдайға жол ашылатын болады.

Бұл ашық айтылған ойларыма кешірім өтінемін.

Сіздің қызметшіңіз Шыңғысхан.

АВПРИ. (Архив внешней политики Российской империй) Ф. 161/4 (Азия департаменті). Оп. 729/2. Ед. хр. 275. Л. 1-2 об.

3. Кавалерия генералы Шыңғыс-ханның хатынан көшірме (выписка).

С.-Петербург 24 қараша 1906 ж. Москва. Аса мәртебелі Г.П.Ермоловқа.

Москвада онға тарта адам жиналған мұсылмандардың рұқсат етілмеген съезі өтті. Бұл мен үшін өте ыңғайсыз жағдай. Татарлардың беделіне нұқсан келтіретін мұндай далбаса жиынға Череванский қандай да бір саяси астар бергісі келеді. Россия мұсылмандарының барлығы бұған наразы және олардың сыртынан қайдағы бір он шақты ұлттық шапан киген сілімтіктердің саясатпен айналысқаны жөнінде ештеңе білмейді.

ГАРФ. (Государственный архив Российской федераций) Ф. 102. (Полиция департаменті). 1906 ж. Оп. 265. Ед. хр. 127. Л.80.

5 Епископ Андрей и доктрина Министерства внутренних дел (публикация Е.И.Лариной) //Сб.РИО.М.2003. Т.7 (155).С.220.

6 Ислам в Российской империи (законодательные акты, описания, статистика). Сост. Д. Ю. Арапов. М.2001. с.184, 279-280.

7 Хак.А.Памяти Султана Чингисхана //Исторический вестник. 1909. декабрь. С. 1024-1028; Генерал от кавалерии Чингис-хан // Русский инвалид. 1909. № 50.с.3.

ҰЛТТЫҢ РУХАНИ ӘЛЕМІНЕ ЖАСАЛҒАН ШАБУЫЛ



*Данагүл МАХАТ,
тарих ғылымдарының
докторы, Мемлекет тарихы
институтының Деректану,
тарихнама және мемлекеттің
қазіргі заман тарихы
бөлімінің бастығы*

БК(б)П Қазақ Өлкелік Комитетінің 1925 жылдың 18 маусымындағы «Партияның көркем әдебиет саясаты туралы» Қаулысынан кейін әдебиет-мәдениет саласына партияның ықпалы күшейді. Рухани-мәдени сала Сталиннің «...ұлт мәдениеті пролетариат диктатурасының заманында «мазмұны социалды, формасы ұлттық мәдениет» болады», – деген қағидасын негізге алуы міндетті болып табылды¹. ҚазАПП құрылып, әдеби шығармаларды социалистік реализм тақырыбында жазуға, халықтардың мызғымас «сталиндік достығын» және интернационализм идеяларын насихаттауға міндеттелді. Большевиктік партия қазақ кеңес әдебиетін төңкерістің және азамат соғысының оқиғаларын, Қазақстандағы кеңестік құрылысты, сталиндік қайта құруларды және жасампаз еңбекті жырлап жазатын үгіт-насихат құралына айналдыруға күш салды. Большевиктер париясының ұлттық әдебиет пен мәдениеттен бас тарту саясаты ұлт зиялыларының рухани-мәдени салаға байланысты ұстанымдарына қарама-қайшы келіп, партиялық мерзімді басылымдарда осы мәселеге байланысты айтыстарға ұласты. С. Сәдуақасовтың: әдебиеттің міндеті: қазақтың ұлттық сезімін (ұлтшылдық емес, ұлттық) тәртіптеу; қазақша

оқып-ақ іске жарайтындықты білдіру және осы секілді басқалар», – деп жазған пікірлерінің өзі партия саясаты мен идеологиясына қарама-қайшы болып табылды².

С. Мұқанов «Қызыл Қазақстан» журналында: «Қазақтың ұлтшыл жазушылары екі түрге бөлінеді: бірі – оңшыл ұлтшылдар, екіншісі – шөре-шөрелер. Оңшыл ұлтшылдар қазақ жағдайындағы кадеттер. Бұлар – шынында, ұлтшыл емес, байшыл. Олармен біз қосыла алмаймыз. ...Біздің қолымыздағы бұқарашылдарымыз шөре-шөрелер. Олай болған күнде біз шөре-шөрелермен біріге аламыз. Бірақ олардың күшімен пайдаланып тізгінге өзіміз ие боламыз. ...біз оңшыл «ұлтшылмыз» деп жүргендермен біріге алмаймыз. Жүк тартқан аққу, шортан, шаянның кебін киеміз³, – десе, Ілияс Қабылұлы «Еңбөкші қазақ» газетінде: «Қазақстандағы партия ұйымының салт-сана майданындағы міндеттерінің бірі – байшылдықты жою болуы керек. Оның үшін партия – кеңес жұртшылығының мәдениет майданындағы күшінің бәрін жинап алып Абайдың пәлсапасына, Абайдың жолын қуып жүргендерге қарсы күрес ашу, оны тездету керек», – деп үн қосты⁴. Мұндай ұлттық мұраларға шабуылды тоқтатуды талап еткен

Ы. Мұстамбайұлының 1928 жылғы «Жаңа әдебиет» журналының № 5, 6 сандарында жарияланған «Біздің таластарымыз. Ақындардың мінездері және Сәбиттің мінездері» деген көлемді мақаласында: «Біздің ақындарға келсек өздері ақын, өздері сыншы, бірін-бірі мақтайды, бірін-бірі боқтайды. Айтысқанда сөздерін сипатты, дәлелді ету үшін «мерез» деген сөзді қоса салады.

Бұл не деген сұмдық?

... оқып жүрген жастардың, біздің айтыстарымыз-

лын қуушылармен, сәдуақасовшылдықпен тайсалмай күресуіміз керек», – деп қазақ жазушыларының барлық ұйымдарына, ақындары мен жазушыларына ашық хатын жариялады.

«Еңбекші қазақ» газетінің 1927 жылғы №189 санында басылған Мағжан Жұмабаевтың «Тоқсанның тобы» деген поэмасы қатты сынға алынды. Ақынның:

БК(б)П Орталық Комитеті 1940 жылдың 26 қыркүйегінде «Әдебиеттік сын және библиография туралы» арнайы қаулы қабылдады. Қаулыда насихат және коммунистік тәрбиенің мықты құралы болған әдебиеттік сын, библиография жұмысының өте-мөте нашар екені, газет-журналдардың көпшілігінде соңғы кезде әдеби сын материалдары тіпті басылмай жүргенін атап көрсетті. БК(б)П Орталық Комитеті әдебиеттік сын және библиография жұмысын шұғыл жақсарту жөнінде бірнеше қарар белгіледі.

дан миы қататын болды...»¹ – деп жазды. «Ақын Абай және пәлсапашыл Ілияс» деген мақаласында Қазақстан партия ұйымы бүгінгі күні идеология саласында партия кеңес жұртшылығының бар күшін Абай ілімі мен оның пікірлестеріне қарсы күреске жұмылдырып отырғанын ашық жазды. Ол сыншыларға Абай өмір сүрген кезеңнің тарихына үңіліп барып пікір білдіруін, бүгінгі күні Абайдың жазғандары марксизм тұрғысынан алғанда сын көтермейді деп сөге салу оңай олжа екенін де ескертті.

Алайда, мұндай пікірлер ескерілмеді. 1928 жылдың 3 шілдесінде «Еңбекші қазақ» газеті қазақ пролетариаты – қара шаруа жазушылары ұйымы басқармасының: «Әдебиетте ескі ұлтшыл жазушылармен, алашордашылармен, байшыл сыншылармен, солардың жо-

Мен мұңдымен мұңдастым,
Адассам ел деп адастым...
Жасырман жүзді жоқтадым,
Тоқсанға енді тоқтадым.
Сөздің тоқтау түйіні:

Бұл тоқсанның жиыны,
Осы армансыз білгенім.
Тоқсаннан сонау он аулақ,
Сонау оннан мен аулақ
Мен тоқсанмен біргемін, – деп ағынан жарыла жазғаны өзінің басына қауіп-қатер төндірді⁵.

1927 жылы Ө.Тәжібаев:
Мағжандай іздемеймін Қорқыт көрін,

¹ Әдебиет әңгімелері // Еңбекші қазақ. – 1927. - 16 февраль. - № 34.

² Мұқанов С.

Көркем әдебиет туралы қорытынды пікірім // Қызыл Қазақстан. - 1927. - № 1. – Б.49.

Сәдуақасов С.

³ Мұстамбайұлы Ы.

Ақын Абай және пәлсапашыл Ілияс // Еңбекші қазақ. – 1929. –10 январь. - № 8.

⁴ Мұхамедханұлы Қ.

Ыдырыс Мұстамбайұлын кім білмейді? // Абай. – 1992. - № 4. – Б.55.

Қобызбен сарнамаймын сұрап өлім.
Кезбеймін есуас боп ен даланы,
Қуатты орыс, қазақ еңбекші елім.
Көр де аулақ, өз басымнан өлім де аулақ,

Көрсетем Мағжандарға көрдің төрін, – деп өлең арнады. Ә. Тәжібаев өзінің Мағжанның «Тоқсанның тобы» поэмасына қарсы «Тоқсанның жырын тоқсанның өз ұлы жырлайды» деген өлеңі туралы XX ғасырдың 90-жылдары: «Бұл оның Со- веттік қазақ халқына ағынан жарылып шынын айтқаны, өз кінәсін мойындағаны еді. Бірақ біз оған сенбедік. Сол кездегі он сегіздегі бала мен, Ғаббас Тоғжановтың тапсыруы бойынша «Тоқсанның жырын тоқсанның өз ұлы жырлайды» деген өлеңмен жауап жаздым. «Еңбекші қазақ» газетінде ол да басы- лып шықты. Бұл менің де, мені тәрбиелеп сөйлеткен ағаларымның да тарих алдындағы кешірілмейтін күнәсі еді», – деп жазды⁵. Ш. Тоқжігітов те «Қызыл Қазақстан» журналының 1927 жылғы №8-9 сандарында (9-16 беттер) «Тоқсан тобы туралы» деген көлемді сын мақаласын жариялады. М. Жұмабаевтың талантына тәнті болған Қ. Кемеңгерұлы «Еңбекші қазақ» газетінде басылған «Көркем әдебиет тура- лы» мақаласында: «Мен де (мақтанып жіберей- ін) бір қазақтың баласындай орыс әдебиетімен , таныспын, өлең жазу әдісін де білемін, бірақ қанша тырбансам да Мағжандай болатын емеспін. «Кім ... би болғысы келмейді, бірақ бола алмайды» дегендей, талайлар Мағжандай болғысы келеді, бірақ талан- тында кемістік болатын шығар. ...Үйретумен, атақты жазушылардың үлгі көрсетуімен Сәбит Мағжандай ақын қылатын болса, мен Сәбиттен оқыр едім», – деп жазды⁷. Жақан Сыдықұлы деген «Еңбекші қазақ» газетінде Мағжан Жұмабаевтың «Түркістан» деген өлеңіндегі:

«Тұраннан Сарыарқаны бөлек деме,
Түркістан Алты Алашқа болған кеме.
Тұранның топырағын құшып жатыр,
Кешегі ердің ері көкжал Кене...

Шер батса кім іздемес, туған елін?
Тұлпар да көксемей ме туған жерін?
Арқаның ардагері қалың Алаш,
Тұран да, біле білсең сенің жерің...»
«Пайғамбар» деген өлеңіндегі: «Түнеріп жүр түннен туған перілер,

Тәңірісін табаныңда таптаған» – деген жолдары татардың Фатхи ақынының:

«Биік, биік өскен мұнардан,
Шоң тілегін тілеп ізгілер.

Мұңылы азанын айтып иоғалдылар,

Тәңірі дүниасынан бизділер», – деген жолдардың бәрінің негізі бір жырлайтын жыры, көксейтін өксігі бір», – деп жазды⁸. Ә. Байділдаұлы «Еңбекші қазақ» газетінің үш санына бөліп басылған (1929 - №80; 81; 82) ««Жас Қазақстан» тонын жамылған «сәдуақасовшылдық» деген көлемді сын мақала- сында: «Мағжан туралы кеңес жұртшылығының көзқарасы белгілі. Оны ұлтшыл-байшыл ақын дей- ді. Оның төңкеріске қарсы жазған өлеңдерін, әсіресе «Бостандық», «От», «Күншығыс», «Пайғамбар», «Жолдасқа», «Жаралы жан», «Сағындым» деген- дерін ұмытпайды», – деді Ф. Тоғжанов Мағжанның ақындығын сынға алып, «Жүсіпбектің сыны, Мағжанның ақындығы» деген арнайы кітап та жаз- ды⁹. С. Сәдуақасовтың «Еңбекші қазақта» айтыс ре- тінде басылған «Әдебиет әңгімелері» мақаласында: «Мағжан туралы былтыр Ғаббастың кітабы шықты. Бірақ бұ да толық Мағжанды бізге көрсеткен жоқ. Ғаббастың кітабынан біз байшыл, ұлтшыл, төңкеріске қарсы адасқан Мағжанды көрдік. Ғаббастың бізге айтқаны Мағжанның жұмбағы, дағдарысы болды. ...Мен Мағжанды «доңыздатып, қоңыздатушыларға» қарсымын.

Доңыз демекші, Мағжанның «доңызы» мен «қоңызын» аузынан тастамайтын кісінің бірі – біздің Әбдірахман. Мағжанның ол өлеңі Сібірде, Колчактың қара күндері туған кезде жазылған. Мұны өзге жұрт білмесе де Мағжанмен ол кезде сабақтас-табақтас

⁵ Жұмабаев М. Шығармалар. 3 томдық, 1-т., Алматы: Білім, 1995 – 256б. – Б. 11.

⁶ Жұмабаев М. Шығармалар. Алматы: Жазушы, 1989 – Б. 12.

⁷ Кемеңгерұлы Қ. Таңдамалы. («Тарихи тұлғалар» сериясы). – Алматы: Қазақстан, 1996, 296 б. – Б.199.

⁸ Сыдықұлы Жақан.

Сұлтанғалиевшылдық // Еңбекші қазақ. – 1929. – 16 - декабрь. - № 263.

⁹ Байділдаұлы Ә.

«Жас Қазақстан» тонын жамылған «сәдуақасов- шылдық» // Еңбекші қазақ. – 1929. – 12апрель. - № 2.

¹⁰ Сәдуақасов С. Әдебиет әңгімелері // Екі томдық шығармалар жинағы. 1-том. – Алматы: «Алаш», - 2003. – 352б. – Б. 251.

Әбдірахман білсе керек еді. Бірақ амал бар ма: «Қазаншының еркі бар, қайдан құлақ шығарса» деп Мағжанның шығармашылығына әлі әділ баға берілмей отырғанын айтып ара түсті¹⁰. Кеңестік әдебиет пен өнер коммунистік идеологияға қызмет етіп, жаңа жүйенің жетістіктерін насихаттауға тиіс болғандықтан, С. Сәдуақасов ұлтшылдар шығармашылығын сынға алмады деп айыпталды¹¹.

Қазақстанның 10 жылдық мерейтойы қарсаңында қазақ тіліндегі үздік пьесаға 1930 жылы бәйге жарияланды. Шығарманың тақырыбы партия құрылысы, ауылды кеңестендіру, ірі байлар мен жартылай феодалдарды жер аудару және дүние мүлкін тәркілеу, егіндік және шабындық жерлерді бөлу, колхоз-совхоз құрылысы, жаңа тұрмыс және басқа кеңес жұмыстары болды. Бұл тақырыптардың бәрін бір пьесаның ішіне толтыра бермей бірнеше шығарма жазуға да болатыны айтылды. Бейгенің шартында әр қолжазбаның жоғарғы жағына ұран жазылуы міндеттелді¹². Әкімшіл-әміршіл жүйе түпкілікті орныға түскен сайын әдеби шығармалардың тақырыбы да «кеңейіп», Конституция туралы, партия көсемдері туралы шығармалар жүйелі түрде жазылып тұрды. Ал ұлттық рухани мұралар назардан тыс қалып бара жатты.

БК(б)П Қазақ Өлкелік Комитеті Мәдениет және насихат бөлімі, Қазақстан марксизм-ленинизм институты И. Сталиннің 1932 жылғы «Пролетарская революция» журналындағы «Большевизм тарихының кейбір мәселелері туралы» хатына орай: «Қазақстанда жазылған әдебиеттің басым бөлігі марксистік емес, шығармаларда Алашорданың, кондратьевшілдердің және басқа марксизм-ленинизм идеологиясына дұшпандардың ықпалы сақталып отыр. Сондықтан Қазақстандағы социалистік құрылыс кезеңінің талаптары мен міндеттері деңгейіне шыға алмай, Алашорда ықпалында қалып отырған қазақ көркем әдебиеті мен әдеби сынына назар аудару қажет», – деп Қазақстандағы теориялық майдан күресінің міндеттерін атап көрсетті¹³.

БК(б)П Орталық Комитеті 1932 жылдың сәуір айында «Әдеби-көркем ұйымдарды қайта құру туралы» Қаулы алды. 1933 жылдың 11 қыркүйегінде ОГПУ қызметкерлері Миронов пен Павловтың БК(б)П Қазақ Өлкелік Комитеті хатшысы Мирзоянның атына Қазақстан әдебиет майданындағы күрес туралы баяндау хатында алдыңғы толқын Алаш зиялыларынан бастап сол жылдардағы жас ақын-жазушылар шығармаларына дейін сипаттама берілді. Хатта әдебиет саласының тізгіні Әуезов, Ермаков, Жансүгіров сияқты алашордашылар қолында де-

ген тұжырым жасалды¹⁴. 1934 жылы тамыз айында КСРО Жазушылар Одағы, онан кейін Суретшілер Одағы, Композиторлар Одағы және басқа да одақтар құрылды. Шығармашылық жұмыстарды ұйымдастыру және бақылау үкімет жанынан құрылған Өнер істері жөніндегі Комитетке жүктелді. Кеңестік көркемөнер саласы өкілдері өздерінің жазған шығармаларында партиялылық, коммунистік идеялылық, халықшылдық, «шындықты қазан төңкерісімен байланысты суреттеу» принциптеріне сүйенуге, социалистік шыншылдық (реализм) әдісінен ауытқымауға міндеттелді.

Қазақстанда әдебиет газеті 1934 жылдан шыға бастады. Бірнеше жылдан бері шыға бастаған әдебиет журналы, 3-4 айда, 2-3 айда бір шығып, оның өзі жөнді тарамдады¹⁵. «Қазақ әдебиеті» газетінің басты міндеті - жазушылардың творчестволық жұмысын, жеке шығармаларын жұртшылықтың талқысына салу, табыстарымен қатар кемшіліктерін көрсетіп отыру болып белгіленді¹⁶.

«Казахстанская правда» газеті 1937 жылғы № 213 санында «Выкорчевать национал-фашистскую мразь из союза писателей Казахстана» деген мақаласында белгілі әдебиетші жазушылар Тоғжанов, Жансүгіров, Сейфуллин және басқа қазақтың белгілі әдебиетші-жазушыларын фашистерге сатылған жүзіқаралар деп жариялады¹⁷. 1937 жылдың 28 маусымындағы №146 «Социалды Қазақстан» газеті «Қазақ ұлтшылдығына және соған қарай ауа жайылған уклонға қарсы» деген бас мақаласында: «Кейбір коммунистер Асфендияров, Мұқанов, Тоғжанов тағы басқа соңғы уақытқа дейін өздерінің штабтарында Алашорданың объективті революцияшыл рөлі бар деген шірік теорияны пропагандалаудан арылмай келеді», – деп келтірген¹⁸. Рухани салаға ашық саяси жорық басталып, коммунистік идеологиядан ауытқыған мәдениет пен өнер өкілдері аяусыз қуғындалды.

Көркемөнер шығармаларының барлық түріне ортақ басты талап адамдардың санасына маркстік-лениндік идеяны сіңіру, социалистік қоғамның жетістіктері мен партия көсемінің данышпандығына халықты сендіру болып табылды. Бұл талаптың деңгейінен шыққан әдебиет пен өнер өкілдерін мол қаламақы, сталиндік және басқа да сыйлықтар, саяжай, шығармашылық жолсапар, шетелге шығу және басқа да үлкен марапаттар күтіп тұрды. «Жазушылардың творчестволық жұмысын, жеке шығармаларын жұртшылықтың талқысына салу, табыстарымен қатар кемшіліктерін көрсетіп отыру» – партиялық басылымдардың да, «Қазақ әдебиеті» газетінің де басты міндеті болып қала берді¹⁶.

Қазақ КСР Халық Комиссарлары Кеңесі мен Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің 1939 жылғы 9 ақпандағы «Қазақстанда өнер мен әдебиетті одан әрі дамыту туралы» Қаулысына сәйкес республикадағы әдеби журналдар әдебиет пен өнер журналдары болып қайта құрылатын болды. «Литературный Казахстан» журналы «Литература и искусство Казахстана», «Әдебиет майданы» журналы - «Әдебиет және искусство» деп аталып, олар Кеңес Жазушылары Одағы мен өнер ісі жөніндегі Басқармасының органдарына айналдырылды.

1939 жылдың 9 ақпанында Қазақ КСР Халық Комиссарлары Кеңесі мен Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің «Қазақстанда өнер мен әдебиетті одан әрі дамыту туралы» Қаулысында: «Кеңес әдебиеті мен өнерінің негіздерін насихаттап, театр мәдениеті мен өнер қызметкерлерінің білімін көтеру үшін 1939 жылы Қазақстан көркем әдебиет баспасына төмендегі әдебиеттерді қазақ тіліне аударып, басып шығаруды міндеттеді:

1. Ленин – «Өнер туралы» (жинақ).
2. Горький – «Әдебиет пен өнер туралы» (жинақ).
3. Станиславский – «Менің өнердегі өмірім».
4. Немирович – Данченко – «Өткен күндерден» және тағы басқа.

Республикалық және аудандық газеттердің редакторларына «Правда» газетінің өнегесі бойынша газет беттерінде әдебиет пен өнер мәселесін үнемі жазып отыру олардың жұмысындағы кемшіліктерді сынау және жазушылар мен артистердің творчестволық өсуін насихаттап отыру міндеттелді¹⁹.

БК(б)П Орталық Комитеті 1940 жылдың 26 қыркүйегінде «Әдеби сын және библиография туралы» арнайы қаулы қабылдады. Қаулыда на-

сихат және коммунистік тәрбиенің мықты құралы болған әдебиеттік сын, библиография жұмысының өте-мөте нашар екені, газет-журналдардың көпшілігінде соңғы кезде әдеби сын материалдары тіпті басылмай жүргенін атап көрсетті. БК(б)П Орталық Комитеті әдебиеттік сын және библиография жұмысын шұғыл жақсарту жөнінде бірнеше қарар белгіледі.

Жазушылар Одағының жанынан ұйымдасқан сыншылар секциясы жабылып, сыншылар Жазушылар Одағының шығармашылық секцияларында жазушылармен (проза, поэзия, драматургия секциясында) бірге жұмыс істейтін болды. «Литературный критик» журналы жабылып, «Красная нов», «Октябрь», «Звезда», «Новый мир», «Знамя», «Литературный современник» сияқты көркем әдебиет журналдарының редакциялары тұрақты сын және библиография бөлімін ұйымдастыруға міндеттелді.

Сондай-ақ «Правда», «Известия», «Комсомольская правда», «Труд», «Красная звезда» газеттерінің редакциялары, республикалық, өлкелік, облыстық газеттер мен журналдар сын және библиография бөлімдерін ұйымдастыруға міндеттелді.

БК(б)П Орталық Комитеті газеттер мен журналдардың сын, библиография бөлімдерінде кітаптар жайында рецензиялар, библиографиялық мақалалар жазумен қатар ғылым мен білімнің түрлі салаларындағы әдебиет жөнінде үнемі шолу беріліп тұрсын деді. Орталықта шығатын теориялық және саяси журналдардың редакциялары: «Большевик», «Подзнаменем марксизма», «Историк-марксист», «Исторический журнал», «Проблемы экономики», «Партийное строительство», «Спутник агитатора», «Мировое хозяйство и мировая политика», «Мо-

¹¹ Тәжібайұлы Ә. *Әдебиеттегі Смағұлшылық // Еңбекші қазақ. – 1929. – 2 октябрь. - № 200.*

¹² ҚРОМА.Қ. 81; т. 1, іс 1620. – 30 п.

¹³ *О задачах борьбы на теоретическом фронте в Казахстане, в связи с письмом тов. Сталина, Письмо Культпропа Казкрайкома ВКП(б) и КИМЛ'а // НХК. – 1932. - № 5. – С.52.*

¹⁴ *Маңызды екі хат. әдебиет мұрасы, қазақ жазушыларының жазбаларын орысша аудару туралы Ораз жолдастың хаттары // Еңбекші қазақ. – 1932. – 10 январь. -№ 9.*

¹⁵ *Полномочное представительство ОГПУ в Казахстане секретно – политический отдел. Докладная записка о литературном творчестве и литературных силах Казахстана*

¹⁶ *Сәкен. Мәдениет майданында // Социалды Қазақстан. – 1934. – 5 ноябрь. - № 257.*

¹⁷ *Большевиктік өз ара сын керек // Социалды Қазақстан. – 1936. – 5 март. - № 53.*

¹⁸ *Выкорчевать национал – фашистскую мразь из союза писателей Казахстана // Казахстанская правда. – 1937. - № 213.*

лодой большевик» журналдары әдеби сын және рецензиялық мақалалармен қатар, өздерінің оқушыларына арнап аса маңызды кітаптардың библиографияларын және әдеби шолуларын беруі міндеттелді.

Республикалық, өлкелік және облыстық газеттер оқуға ұсынылатын маңызды кітаптардың тізімін үнемі жариялап отыруға, сонымен қатар жергілікті баспа органдары шығарған кітаптардың барлығына рецензия беруге міндеттелді. Ал өндірістің түрлі салаларында шығатын арнаулы газеттер мен журналдар, өздерінің тиісті салаларында шығатын кітаптардың барлығына да баспасөз бетінде баға беретіндей етіп, тұрақты сын, библиография бөлімдерін ұйымдастыруға міндеттелді.

БК(б)П Орталық Комитеті ұсынылатын библиографиялық мақаланың сапасын жақсарту қажеттігін атап көрсетті және бұл маңызды жұмыс төмендегі ғылыми мекемелер арқылы жүргізілетін болды:

– Маркс – Энгельс – Ленин институты: маркстік-лениндік әдебиеттермен бірге елде шығатын бүкіл әлеуметтік-саяси кітаптарға библиография беруге тиіс болды. «Книга и пролетарская революция» журналы Маркс – Энгельс – Ленин институтына беріліп, «Маркстік-лениндік әдебиет» деген атпен екі аптада бір рет шығатын библиографиялық журналға айналдырылды.

– Максим Горький атындағы әлем әдебиеті институты: көркем әдебиетпен бекітілді. «Литературное обозрение» журналы осы институттың қарамағына беріліп, оқуға ұсынылатын көркем әдебиеттің библиографиялық анықтамалығына айналдырылды.

– КСРО Ғылым Академиясы: ғылыми және техникалық әдебиетті, Ленин атындағы Бүкілодақтық Ауыл шаруашылық Академиясы ауыл шаруашылығы әдебиетін қамтыды. «Ауыл шаруашылығы әдебиетінің хабаршысы» ауыл шаруашылығы әдебиетінің библиографиялық журналына айналдырылды.

– Ленин атындағы Бүкілодақтық кітапханының қарамағына «Не оқу керек?» журналы берілді. Бұл журнал: қалалық, селолық көпшілік кітапханалардың оқу үйлеріне арналып, екі аптада бір реттен шығып тұратын библиографиялық

журналға айналдырылды²⁰. Әдебиет сыны мен библиография насихаттың және коммунизм рухында тәрбиелеудің мықты құралы болып табылды. БК(б)П Орталық Комитеті мерзімді басылымдарға баспа-лардан шығатын кітаптардың тізімін, аса маңызды деген әдеби шығармалар туралы мақала, жергілікті баспа-лардан шығатын әдебиеттерге сын жазуды (20, 15-16 бб.) жүктеді.

БК(б)П Орталық Комитетінің соғыстан кейінгі жылдары шығарған ««Звезда» және «Ленинград» журналдары туралы», «Драма театрлар репертуары және оны жақсарту шаралары туралы» Қаулыларынан кейін рухани-мәдени салаға партия қысымы күшейе түсті. ҚК(б)П Орталық Комитеті Бюро мәжілісінің 1946 жылдың 30 тамызындағы «Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті Насихат және үгіт бөлімінің үгіт-насихат жұмыстарына басшылықты жақсарту шаралары туралы» Қаулысында Қазақстан жазушыларына көмек мақсатында республикалық газеттерде, «Большевик Казахстана», «Әдебиет және искусство» журналдарында және «Қазақстан» альманахында Қазақстан жазушыларының, ақындарының және драматургтерінің соғыс жылдарында және онан кейін жазған кітап, пьеса, өлеңдеріне сын мақалалар жариялау міндеттелді²¹. 1946 жылдың қыркүйек айында ақын-жазушылар мен драматургтердің республикалық жиналысын өткізу, жазушылар мен әртістердің әдеби шығармалар мен драматургия туралы пікірталасын ұйымдастыруды тәжірибеге енгізу мәселесі көтерілді. Қазақ әдебиетінің басты кемшілігі ретінде көптеген қаламгерлердің қазіргі заман тақырыбынан гөрі, өткен заман тақырыбына жазуға бейімділігі айтылды. 1943 жылдан бері соңғы үш жыл ішінде Қазақстан жазушылары қазіргі тақырыптарға небәрі 30 шығарма жазған, оның ішінде 6 пьеса, 7 поэма және 9 өлең жинағы бар. Ф. Слановтың «Жанартау», Ф. Әбішевтің «Жерастындағы майдан», Ф. Мұстафиннің «Шығанақ» шығармалары көркемдік және идеялық тәрбие беру жағынан қазіргі талаптарға жауап бере алмайды деп танылды. Соғыс тақырыбына жазылған Әбішев пен Әуезовтің «Намыс гвардиясы», Әуезовтің «Сын сағатта», Мұқановтың «Гвардия алға», Әбішевтің «Қырағылық», Мүсірепов пен Әуезовтің «Қынаптан қылыш» деген пьесалары мен опералары театрлар сахнасынан шығып қалды²². Бұл Қазақстандағы шығармашылық зиялыларға қарай үйіріліп келе жатқан қара бұлттың хабаршысы болатын

¹⁹ Қазақ ұлтшылдығына және соған қарай ауа жайылған уклонға қарсы // Социалды Қазақстан. – 1937. – 28 июнь. – № 146.

²⁰ Қазақстан Коммунистік (Большевиктер) парти-

ясы съездерінің, конференцияларының және планумдарының қарарлары мен шешімдері (1937-1948) – А: Қазақстан, 1989 – Т. 3. – 536 б. – Б. 79 – 81.

²¹ ҚРПМ. Қ. 708; т. 11, іс 1607. – 62 п.

«Зримая поэзия» Евгения Сидоркина

Народному художнику Республики Казахстан, лауреату Государственной премии республики им. Ш. Валиханова Евгению Матвеевичу Сидоркину в этом году исполнилось бы 80 лет. Обладатель множества международных наград — бронзовой и золотой медали книжных выставок в Лейпциге, I премии и золотой медали Международных биеннале графики в Кракове, дипломов выставок в Венеции, Будапеште. Широко известны его работы в книжной графике: книга «Басни» С. Михалкова, иллюстрации на темы казахских народных сказок «Веселье обманщики», «Казахский эпос», серии «Казахские народные игры», «Читая Сакена Сейфуллина», «Киргизские сказки», «Аксакалы», «Путь Абая» М. Ауэзова, «Из мглы веков», «История одного города» М. Салтыкова-Щедрина, «Гаргантюа и Пантагрюэль» Ф. Рабле.

Е. Сидоркин родился в 1930 г. в селе Лебяжье Кировской области. После окончания Ленинградского института живописи, скульптуры и архитектуры им. Репина в 1957 году приехал в Казахстан, где жил и творил до конца своей короткой, но интересной и насыщенной жизни.

Своеобразное искусство казахского народа, его богатый фольклор и история увлекли художника. Первое серьезное произведение Сидоркина, созданное в Казахстане, — это серия цветных литографий по мотивам казахских народных сказок «Веселье обманщики». Оно полно искрящегося юмора, ярких и разнообразных характеристик героев.

В отличие от писателей, чьи творения живут веками, работы книжных иллюстраторов часто остаются незамеченными. А ведь среди них встречаются шедевры, радующие нас и в детстве и потом, в более зрелом возрасте. Благодаря которым содержание книги «оживает» перед читателем, образы представляются ярче и восприятие сюжета проходит на более высоком эмоциональном уровне.

Одним из признанных мастеров является Евгений Сидоркин, все грани богатейшего творчества которого нашли свое отражение в монографии доктора философских наук, профессора Гульмиры Шалабаевой «Евгений Сидоркин. Онтология художественного метода», выпущенной в честь 75-летия художника.

И сегодня мы хотели бы предложить вам отрывок из монографии, где рассказывается о Е. Сидоркине, как иллюстраторе книги М. Ауэзова «Путь Абая».



Гульмира ШАЛАБАЕВА,
доктор философских наук, профессор

Уже в начале своего творческого пути Е. Сидоркин осознавал, что оттачивание мастерства, техники — важное и необходимое условие творчества, но самого по себе этого не достаточно, — в искусстве главное — художественный результат, биение пульса жизни, высокий духовный смысл.

Особенно серьезной и ответственной для художника, конечно, стала работа над романом «Путь Абая». Поиски образов были долгими, было сделано более сотни набросков и эскизов. Глубокому, многоплановому эпическому произведению М. Ауэзова Е. Сидоркин стремился найти адекватное решение изобразительным языком графики, создать соответствующие богатые художественные образы. Герои и сюжетные коллизии романа детерминиру-

ют стилистику выявления сложного, масштабного характера книги. Словно стая волков, жестока и кровожадна байская аристократия — «Волки». Её антипод — лист «Жатаки» — не менее грозной силой может быть народ. Глубокий психологизм заключен в автолитографии «Переселенцы». Вековой мудростью веет от стариков, ведущих неспешную беседу, понятен их безмолвный диалог. Пронзительна работа «Черные сборы». Интересна и многопланова галерея портретных образов, выстроенных сюжетно и композиционно, что свидетельствует о глубоком проникновении в суть и идею романа. Богатству образного строя произведения соответствует художественная трактовка средствами графики.

В его иллюстрациях возникает мир образов, обогащающий и углубляющий восприятие читателя. Художник сумел передать и живость внимательного взгляда, и индивидуальность мимики и, благодаря этому, — одухотворенность, внутреннюю подвижность образа.

Все подчинено тому, чтобы обозначить внутреннее состояние персонажей и тем самым открыть созерцающему картину зрителю путь к единственно верной тональности, в которой ему раскроется смысл произведения.

... Казахстан - огромная страна, извезди я ее за эти годы вдоль и поперек... Удивительна жизнь. Она вызывает в художнике желание работать, дает темы для творчества. И всегда эти темы связаны с народом, которому служишь своим искусством...

Е. Сидоркин

... Е. Сидоркин сумел почувствовать выразительность и смысловую наполненность «пустого» белого листа бумаги. Как писал японский художник и теоретик XVII века Тоса Мицуоки в «Кратком изложении законов японской живописи»: «Рисунок лучше оставлять незавершенным... Белая поверхность — также часть изображения. Оставляй белое пространство и заполняй его многозначительным молчанием. Живопись — зримая поэзия, а поэзия — живопись слов...».

«Прочтя впервые «Абая», — вспоминает Е. Сидоркин, — я увидел в нем неисчерпаемые возможности для художника-графика. Возникла потребность высказать свое отношение к казахской истории, творчеству и жизни великого поэта, к лирическому, гражданским,




философским раздумьям автора романа. Вместе с Мухтаром Омархановичем наметили узловые моменты будущих графических листов. Ему очень импонировала задумка сделать эти листы не буквально иллюстрированными, а в виде обобщенных образов».

Е. Сидоркин провел огромную подготовительную работу: сотни рабочих эскизов, зарисовки личных предметов Абая и его семьи из Мемориального музея в Семипалатинске, изучение исторических документов и даже иконографии. Отсюда — подлинная достоверность каждой детали иллюстраций, воссоздающей истинный аромат эпохи.

Мухтар Ауэзов внимательно следил за работой художника, поддерживал его. «Я стремился в своих иллюстрациях, — рассказывает Евгений Сидоркин, — отобразить дух романа Ауэзова. Язык романа, его реалистичность потребовали от меня сугубо реалистического подхода к теме. Техника, выбранная мной, гравюра на линолеуме — наиболее соответствует способу полиграфического воспроизведения».

В доме Мухтара Ауэзова открыт литературно-мемориальный музей его имени, в котором постоянной экспозицией является бессмертная графика Сидоркина. Творческий тандем двух гениев еще более возвеличил их имена, оставив их в истории казахской литературы и искусства.

«Путь Абая» занимает особое и важное место в книжной графике Сидоркина. К этому произведению он обращался дважды: в 1960 году и спустя 10 лет. Обратившись к роману вновь, Евгений Матвеевич ставит перед собой более сложные задачи, решению которых уже соответствуют и более зрелое «ношение к своему творчеству, и более глубокий подход



к самому роману». Сидоркин заново переосмысливает свои художественные задачи: «В супер-обложке должен быть заключен основной смысл книги. Она должна передавать ее дух, настроение, давать информацию о соответствующих ее содержанию, но неадекватных образах. Поэтому, я не ввожу ни одного конкретного персонажа. Читатель не должен узнавать портреты героев книги. Эти люди — частица казахского народа исторической эпохи, о которой рассказывает писатель. А каждый лист иллюстрации должен быть привязан к сюжету, в какой бы обобщенной форме это ни выражалось».

Получил место интереснейший фактор личной авторской преемственности. Установившиеся с самого начала идейно-эстетические

положения продолжали сохраняться и оказывали влияние на последующую профессиональную деятельность мастера, что проявилось в повторном обращении к роману «Путь Абая». Естественно, за прошедшие 10 лет был накоплен огромный профессиональный опыт, внутренняя работа духа и мысли, потребовавшая переосмыслить эпохальную книгу классика казахской литературы. И если первая серия была выполнена в технике линогравюры, то вторая — в более сложной технике автолитографии. Именно за эту серию, а также серию «Аксакалы», состоящую из четырех листов, Е. Сидоркин был удостоен Государственной премии имени Ч. Валиханова.

Евгению Матвеевичу характерно глубокое проникновение и вчувствование в нравственно-эстетическое мироощущение казахского народа, его традиционную культуру. Таланту Е. Сидоркина присущ редкий дар перевоплощения, специфическая способность интуитивно вживаться в мир образов другого



народа, принимать нормы его художественного мышления не как оковы для фантазии, а как благодатную почву для собственного творчества. Подобный дар перевоплощения свойственен также некоторым театральным и книжным художникам. Но мало мы можем назвать художников, делающих это в графике, причем делающих так артистично, легко и элегантно.

2010 жылы қазақстандық көпшілік кітапханаларда атқарылатын іс-шаралардың жиынтық жоспары

Шараның тақырыбы	Өтетін аймағы	Өткізілетін уақыты	Өтетін орны
«Бір ел - бір кітап»	Астана	III тоқсан	ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы

Республикалық акция

«Мәңгілік жадымен үндесу» (Новосибирск облыстық зағиптарға арналған кітапханасымен бірлесіп)	Алматы	II тоқсан	Республикалық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған кітапхана
«Арнаулы кітапханалар зағип және нашар көретін азаматтар үшін ақпарат, білім беру, сауықтыру, бос уақытын тиімді өткізу орталығы ретінде негізгі функциялары және әлеуметтік бағдарлары»	Павлодар	III тоқсан	Республикалық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған кітапхана
«Білімді ұрпақ - ел келешегі»	Алматы	IV тоқсан	С.Бегалин ат. Мемлекеттік балалар кітапханасы
«Басқару біліктілігі – уақыт талабы»	Алматы	II -III тоқсан	Жамбыл ат. Мемлекеттік жасөспірімдер кітапханасы
«Кітапхана және әлеуметтік әріптестік»	Атырау	III-IV тоқсан	ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы

Облыстық конференциялар

«Кітапхана - білім мен ақпарат қазынасы»	Атырау	II тоқсан	Ф.Сланов ат. Атырау ОӘФК
«Кітапхана – руханият ордасы» (ОӘФК-ның 70 жылдығына орай)	Тараз	III тоқсан	Ш.Уәлиханов ат.Жамбыл ОӘФК

Облыстық зерделі кеңестер

«Облыс кітапханаларының бәсекеге қабілеттілігін арттырудағы стратегиялық бағыттарды дамыту» (ОҚЖ директорлары үшін)	Қарағанды	I тоқсан	Н. Гоголь ат.Қарағанды ОӘФК
«Облыс кітапханалары: жағдайын талдау, даму мәселелері және келешегі»	Павлодар	I тоқсан	С.Торайғыров ат.Павлодар ОӘФК
«Виртуальді кеңістіктегі ақпараттық мәдениет»	Федоров ауд. ОҚЖ	I тоқсан	Л. Толстой ат. Қостанай ОӘФК
«Кітапхана – мәдени диалог орталығы»	Орал	II тоқсан	Ж.Молдағалиев ат.Батыс Қазақстан ОӘФК
«Кітапханадағы электронды тұсаукесер: мақсаты, міндеті, шешу жолдары»	Шымкент	II тоқсан	А. Пушкин ат. Оңтүстік Қазақстан ОӘФК
«Электронды каталогқа енгізуде авторлық құқықты сақтаудың кейбір мәселелері»	Ақтау	III тоқсан	Маңғыстау ОӘФК

«Кітапхана – ақпараттық мәдени орталық ретінде»	Есіл ауд. ОАК	II тоқсан	М.Жұмабаев ат. Ақмола ОӘФК
«Көпшілік шаралар өткізудің интерактивтік түрлері»	Мұқалжар ауд. ОКЖ	II тоқсан	С.Бәйішев ат. Ақтөбе ОӘФК
«Кітапхана және «Мәдени мұра» бағдарламасы»	Алматы	II тоқсан	А.Чехов ат. ОКЖарналан кітапхана
«Балалар кітапханасы – құқықтық білім кеңістігі»	Қарағанды	II тоқсан	Абай ат. Қарағанды ОБК
«Оқитын жастар – ұлт байлығы»	Шымкент	III-IV тоқсан	А.Пушкин ат. Оңтүстік Қазақстан ОӘФК
«Кітапхана үрдістерін автоматтандыру: үйрену, талдау, енгізу»	Ақтөбе	III тоқсан	С.Бәйішев ат. Ақтөбе ОӘФК
«Облыс кітапханаларындағы жаңа ақпараттық қызмет көрсету: беталысы және болашағы»	Талдықораан	II-IV тоқсан	С.Сейфуллин ат. Алматы ОӘФК
«Кітапханалардың кітап қорын толықтыру қызметі «А-дан Я-ға дейін»	Шымкент	III тоқсан	А.Пушкин ат. Оңтүстік Қазақстан ОӘФКОБЖасөспірімдер кітапханасы
«Жас ұрпақты елжандылық рухында тәрбиелеу-кітапхана жұмысының негізгі бағыттарының бірі»	Бейнеу ауд. ОКЖ	III тоқсан	Маңғыстау ОӘФК
«Үлгілі ауыл кітапханасы – ауыл тұрғындарын кітапхана-ақпараттық қызмет инновациялық құрылымы»	Новоалексеевск А.К.	III тоқсан	Л.Толстой ат. Қостанай ОӘФК
«Кітапхана – жаңа оқу, ақпараттық білім орталығы»	Ырғыз ауд. ОКЖ	III тоқсан	С.Бәйішев ат. Ақтөбе ОӘФК
«Жаңа кітапханаға жол салу шығармашылығы: ой-санадан іс-тәжірибеге»	Петропавл	IV тоқсан	Облыстық мәдениет басқармасы С.Мұқанов ат. Солтүстік Қазақстан

Аймақтық форум

«Кітапхана – ақпарат, білім беру және мәдениет орталығы»	Өскемен	II тоқсан	А.Пушкин ат. Шығыс Қазақстан ОӘК
«Оңтүстік Қазақстан облысы жастарының оқырман референдумы»	Шымкент	IV тоқсан	А.Пушкин ат. Оңтүстік Қазақстан ОӘФК

Іскерлік білім беру орталығы, шеберлік-сыныптар, мектептер

«Кітапхана және ашық оқу әлемі» шеберлік сыныбы	Алматы	I-IV тоқсан	С.Бегалин ат. Мемлекеттік балалар кітапханасы
«Кітапханатану білімдері мектебі» шеберлік сыныбы	Астана	I-IV тоқсан	Астана қалалық ОКЖ азаматтарға арналған кітапхана
«Шеберлікке үйрену» жас кітапханашыларға арналған шеберлік сыныбы	Петропавл	I-IV тоқсан	С.Мұқанов ат. Солтүстік Қазақстан ОӘФК
«Балалар кітапханаларының қазір кезеңдегі экологиялық ағартудағы рөлі» шеберлік сыныбы	Павлодар	II тоқсан	С.Торайғыров ат. Павлодар ОӘФК
«Кітапханашыларға кәсіби және техникалық білім» сыныбы	Семей	II-IV тоқсан	Абай атындағы Шығыс Қазақстан ОКЖасөспірімдер кітапханасы
«Оқырмандарға кітапханалық-библиографиялық және ақпараттық қызмет көрсетудің жаңа тенденциялары»	Қаратал ауд. Үштөбе	II тоқсан	С.Сейфуллин ат. Алматы ОӘФК
«Ұлттық мәдени мұраларды сақтаудағы кітапханалардың рөлі»	Қызылорда	II тоқсан	Ә.Тәжібаев ат. Қызылорда ОӘФК

«ОКЖ кітап қоры: жағдайы, мәселелері, келешегі»	Байзақ ауд. ОКЖ	II тоқсан	Ш.Уәлиханов ат. Жамбыл ОӘФК
«Балалар кітапханасы бүгін және келешекте»	Атырау	II тоқсан	Ғ.Сланов ат. Атырау ОӘФК Облыстық балалар кітапханасы
Жазғы интернет университеті	Қарағанды	II тоқсан	Облыстық мәдениет басқармасы Н.Гоголь ат. Қарағанды ОӘФК
Жас кітапханашылар мектебі	Астана	I-IV тоқсан	Астана қалалық ОКЖ
Жетекшілер мектебі	Қостанай	I-IV тоқсан	Л.Толстой ат. Қостанай ОӘФК
Кәсіби оқыту мектебі	Қарағанды	I- II тоқсан	Н.Гоголь ат. Қарағанды ОӘФК
Кітапханашылардың жазғы интернет мектебі (Алматы қаласындағы Гете институтымен бірлесіп)	Өскемен	III тоқсан	А.Пушкин ат. Шығыс Қазақстан ОӘФК
«Балалардың оқуға қызығушылығын қалыптастыру жолдары»	Атырау	III тоқсан	Ғ.Сланов ат. Атырау ОӘФК
Жас кітапханашылар мектебі (Ресейдің шекаралас аймақтарымен бірлескен)	Қызылорда	I-IV тоқсан	Ә.Тәжібаев ат. Қызылорда ОӘФК
Кітапхана ісі негіздері мектебі	Қостанай	I-II тоқсан	Л.Толстой ат. Қостанай ОӘФК
Кітапханашы технолог мектебі	Қостанай	I-IV тоқсан	Л.Толстой ат. Қостанай ОӘФК
«Дарын» шығармашылық мектебі	Петропавл	I-IV тоқсан	С.Мұқанов ат. Солтүстік Қазақстан ОӘФК
«Көшбасшы» жетекшілер мектебі	Петропавл	II-IV тоқсан	С.Мұқанов ат. Солтүстік Қазақстан ОӘФК
«Сенімді кітапханашы» жазғы мектебі	Шымкент	II тоқсан	А.Пушкин ат. Оңтүстік Қазақстан ОӘФК
«Жаңа ақпараттық қоғамдағы әдістемелік қызмет» (білім жетілдіру курсы)	Талдықорған	I тоқсан	С.Сейфуллин ат. Алматы ОӘФК
Құқықтық лекторий курсы	Көкшетау	IV тоқсан	М.Жұмабаев ат. Ақмола ОӘФК
«Ақпараттық ресурстар: дамуының осы заманауи даму түрлері» (библиографтарға арналған кәсіби оқу)	Атырау	III тоқсан	Ғ.Сланов ат. Атырау ОӘФК
«Бүгінгі кітапханашы келбеті» (жас кітапханашыларға арналған кәсіби оқулар)	Тараз	II-III тоқсан	Ш.Уәлиханов ат. Жамбыл ОӘФК
Кәсіби оқу	Өскемен	I-IV тоқсан	А.Пушкин ат. Шығыс Қазақстан ОӘФК
«Ақпарат қызметкерлерінің кәсіби қызметіндегі интернет» тренингі	Өскемен	I-IV тоқсан	А.Пушкин ат. Шығыс Қазақстан ОӘФК
«Кітапхана үрдістерін автоматтандыру. Электронды каталог - тақырыптық мәліметтер базасы» кәсіби оқу-тренингі	Ақтөбе	I тоқсан	С.Бәйішев ат. Ақтөбе ОӘФК Ақтөбе қалалық ОКЖ

Облыстық байқау

«Үздік мәдени шара» («Бір ел – бір кітап» акциясы аясында)	Талдықорған	III тоқсан	С.Сейфуллин ат. Алматы ОӘФК
«Өз кәсібім - мақтанышым»	Тараз	I тоқсан	Ш.Уәлиханов ат. Жамбыл ОӘФК
«Ең үздік кітап қоры»	Тараз	II тоқсан	Ш.Уәлиханов ат. Жамбыл ОӘФК



«Үздік кітапханашы - 2010»	Қызылорда	III тоқсан	Ә.Тәжібаев ат. Қызылорда ОӘФК
«Үздік кітапханашы - 2010»	Ақтау	IV тоқсан	Маңғыстау ОӘФК
«Ең үздік әдістемелік құрал» (Ж.Молдағалиевтің туылғанына 90 жыл толуына орай)	Орал	I-IV тоқсан	Ж.Молдағалиев ат. Батыс Қазақстан ОӘФК
«Ең үздік ауыл кітапханасы»	Қостанай	I-IV тоқсан	Л.Толстой ат. Қостанай ОӘФК
«Библиографиялық шолу – ақпараттандырудың түрі»	Семей	IV тоқсан	Абай ат. Шығыс Қазақстан ОКОӘФКОБҚжасөспірімдер
«Кітапханашылар байқауы»	Петропавл	I-IV тоқсан	С.Мұқанов ат. Солтүстік Қазақстан ОӘФК
«XXI ғасырдағы менің кітапханам»	Шымкент	II-III тоқсан	А.Пушкин ат. Оңтүстік Қазақстан ОӘФК
«Үздік балалар кітапханасы - 2010»	Ақтөбе	I-IV тоқсан	С.Бәйішев ат. Ақтөбе ОӘФК

Көшпелі шығармашылық зертхана

Кітапханалық зертхана: «Ресурсный потенциал библиотек»	Атасу ауд.	II тоқсан	Н.Гоголь ат. Қарағанды ОӘФК
«Создание информационных краеведческих продуктов на электронных носителях»	Қарқаралы ауд.	III тоқсан	Н.Гоголь ат. Қарағанды ОӘФК
«Портфолио как одна из форм оценки индивидуальных достижений библиотекаря»	Денисов АОК	III тоқсан	Л.Толстой ат. Қостанай ОӘФК
Виртуальный консалтинг для библиотекарей на сайте Творческой лаборатории «Яркая идея»	Өскемен	II-IV тоқсан	А.Пушкин ат. Шығыс Қазақстан ОӘК

Іскерлік ойын

«Ақпараттық-кітапханалық қызмет көрсету сапасы: осыған қалай жетуге болады?» (онлайн-пікірлесу сериялары)	Өскемен	II-IV тоқсан	А.Пушкин ат. Шығыс Қазақстан ОӘКО ӘФКОБҚ жас өспірімдер кітапханасы
«Мерзімді басылымдар мақалаларына сипаттама жасау»	Семей	II тоқсан	Абай ат. Шығыс Қазақстан ОК
«Миға шабуыл»	Шымкент	I-IV тоқсан	А.С.Пушкин ат. Оңтүстік Қазақстан ОӘФК
«Жасөспірімдерді оқуға баулу»	Ақтөбе	III тоқсан	С.Бәйішев ат. Ақтөбе ОӘФК
«Өлкетану әдебиеттерін насихаттау арқылы жастарды елжандылыққа тәрбиелеу»	Атырау	II тоқсан	Ф.Сланов ат. Атырау ОӘФК

«Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша 2009 жылы жарық көрген кітаптар

ФОЛЬКЛОР, ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ӨНЕРТАНУ:

- «Бабалар сөзі» - қазақ фольклоры
«Фолиант» баспасында 53, 54, 55, 56-томдары шықты.
- «Әлемдік әдебиеттану»
«Қазақпарат» баспасында 3-томы жарық көрді.
- «Әлемдік өнертану»
«Өлке» баспасында 3-томы басылып шықты.
- «Қазақ музыкасының антологиясы»
«Қазақпарат» баспасында 6, 7, 8-ші томдары шықты.
- «Әлем әдебиеті кітапханасы»
«Аударма» баспасынан 13 кітап шығарылды.
- «XX ғасыр орыс прозасы» оның ішінде В. Распутин, В. Шукшин, В. Астафьевтің шығармалары,
«Ежелгі қытай әдебиеті» оның ішінде Сыма, Циям, Ло Гуанжун, «Антикалық драма» оның ішінде Эсхил, Софокл, Еврипид, Аристофан, Менандр, Плавли, Теренци, Сенека, «Будденброктар» Томас Манн, «Самскара» Ананта Мурти, «Менің естеліктерімнің шынарлары» Кришан Чандар, «Мальгудидегі жолбарыс» Р. Нарайан, «Әлемдік фантастика жауһарлары» оның ішінде Айзек Азимов, Дж. Чейз, Р. Брэнбери, А. Беляев,
«Әдеби-психологиялық портреттер» Стефан Цвейг, «Ғұмырбаяндық романдар» Андре Моруа, «Повестер мен еңгімелер» Лу Шүн, «Кекілік» Ф. Байкурт, «Еңгімелері» А. Чехов.
- «Қазақ әдебиеті классиктерінің шығармаларын шетел тілдеріне аудару және шығару»
«Аударма» баспасында орыс тіліне тәржімаланған мынадай кітаптар шығарылды: «Көнең легенды» Ә. Кекілбаев, «Рыжая полосатая шуба» Б. Майлин, «Я – человек-загадка...» Абай, «В тени протуберанца» Ә. Тарази, «Луна и Айша» Ш. Мұртаза, «Поэзия жырау и акынов», «Горькая линия» И. Шухов, «Одинокая юрта» С. Елубаев, ағылшын тіліне аударылған Б. Нұржекеевтің «Sinful love» кітаптары басылып шығарылды. С. Қасқабасовтың «Колыбель искусства» кітабы ағылшын тіліне аударылды, Н. Келімбетовтің «Үміт үзгім келмейді» жинағы қытай тіліне аударылды. Бұл екі кітап осы жылы жарыққа шығарылады.

ФИЛОСОФИЯ:

- «Ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі қазақ халқының философиялық мұрасы»
«Аударма» баспасында «Антика дәуірі философия үлгілерінің қазақ тіліндегі аударма мұрасы», «Ортағасырлық ислам-түрік және Жаңа дәуірдегі Батыс философиясы», «XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдағы Батыстың және Қазақстанның кәсіби философиясы» (құрастырушылар: Ә. Әбішев, О. Темірбеков, Б. Қадырұлы).

«Әлемдік философиялық мұра»

- «Жазушы» баспасында «Қазіргі түрік философиясы» 20-томы, «Шығыс философиясы» және «Батыс философиясы» оқу құралдары
(құрастырушылар: Ә. Нысанбаев, Т. Фабитов).

ТАРИХ ҒЫЛЫМЫ:

- «Әлемдік тарихи ой-сана»
«Таймас» баспасынан 12, 13, 14-томдары жарыққа шықты.
- «XVIII-XX ғ.ғ. Қазақ ұлт-азаттық қозғалысына қатысты құжаттар мен материалдар жинағы»
«Астана полиграфия» баспасында 13, 14, 15-томдары қазақ және орыс тілдерінде жарыққа шығарылды.
- «XII-XX ғасырлардағы Батыс дерекздеріндегі Қазақстан тарихы»
«Санат» баспасында 11, 12-томдары шығарылды, ал 13, 14-томдары өңделді.
- «Этникалық зерттеулердегі Қазақстан тарихы»
«Алаш тарихи зерттеу орталығы» Қоғамдық қорында 4, 5, 6-томдары шықты.

АРХЕОЛОГИЯ, ТАРИХИ ЕСКЕРТКІШТЕР ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ:

- «Қазақстанның тарих пен мәдениет ескерткіштерінің жинағы»
«Аруна Ltd» баспасында Ақмола облысы бойынша кітап шығарылды және Павлодар облысы туралы қолжазба дайындалды.

- «Академик Ә.Х. Марғұланның шығармалары»
«Алатау» баспасынан 7-томы шығарылды.

ПЕДАГОГИКА:

- «Әлемдік педагогикалық ой-сана»
«Таймас» баспасынан 2, 3, 6-томдары шығарылды.

ЭНЦИКЛОПЕДИЯЛЫҚ ЖӘНЕ АНЫҚТАМАЛЫҚ ӘДЕБИЕТТЕР:

- «Қазақстан ғылымы»
«Қазақ энциклопедиясы» баспасында өңделді.
«Ислам» энциклопедиялық анықтамалығы
«Аруна LTD» баспасында өңделді.
«Қазақстан мәдениеті» энциклопедиялық анықтамалығы
«Аруна LTD» баспасында өңделді.
«Қазақстан тарихы» энциклопедиялық анықтамалығы
«Аруна LTD» баспасында өңделді.
«Экономика» энциклопедиялық анықтамалығы
«Таймас» баспасында өңделді.
«Топонимика Казахстана» энциклопедиялық анықтамалығы
«Аруна LTD» баспасында өңделді.

КІТАП ПАТШАЛЫҒЫ

ғылыми-танымдық, әдістемелік журнал

Құрметті оқырман!

Сіздерді «Кітап патшалығы» журналына жазылушылардың қатарынан көруге қуаныштымыз. Басылымға жазылу «Евразия Пресс» агенттігінде ресімделеді. Басылымның индексі: 74004 Жазылу бағасы:


2 ай - 601,42 тенге
4 ай - 1202,84 тенге
6 ай - 1804,26 тенге
12 ай - 3608,52 тенге

Уважаемые читатели!

Мы будем рады видеть вас в числе подписчиков журнала «Кітап патшалығы». Оформить подписку можно в подписном агентстве «Евразия Пресс». Индекс издания: 74004

Подписная цена:

2 мес. - 601,42 тенге
4 мес. - 1202,84 тенге
6 мес. - 1804,26 тенге
12 мес. - 3608,52 тенге



ح. رحمة رب العالمين

بسم الله الرحمن الرحيم

الحمد لله الذي جعل

العلم نورا

للمؤمنين

والبرهان

على الكافرين

والعلم

هو نور

البرهان

على الكافرين

والعلم

هو نور

البرهان